

## **Мхитар Гоштың Армян Төре бітігінің Қыпшақ версиясы**

Көне Армян Төре бітігінің латынша түсіндірмесі, өз құрамында күрделі өзгерістері мен қосымшалары бар, 1518-1519 жылдары орындалған және Польша королі Сигизмунд I Қарт – Литваның ұлы князы Жигимонт Петрковта болған сеймде 1519 жылы бекіткен. Латыншадан поляк аудармасы 1523 жылы қыпшақшамен бір уақытта орындалып бітірген.

Қосымша қыпшақ нормалары Армян-қыпшақ Іс жүргізу Кодексі болып шыққан.

Оларды баптарға бөлу кейінірек поляк версиясы үшін Освальд Балыцердің бөлуіне сәйкес орындалған. Оған сілтеме квадрат жақшаларда келтіріледі [ > ].

### **Оссолинскийлер атындағы Ұлттық институттың кітапханасы Вроцлав, Польша, N 1916/II**

Негізгі тексі полякшадан қыпшақ тіліне аударма (б.б. 1v/156v–142r/297r) және аудармаға басыннан енгізілген жаңа 1-5 баптар (б.б. 56v/ 211v – 63r/ 218r) 1523 жылмен белгіленген. Қосымша қыпшақ баптары 6-47 және 48-98 (б.б. 142v/ 297v – 164r/ 319r) 1523-1572 жылдары құрастырылған, ал 99 бап 1594 жылы жазылған.

Монах Мгрдичтің 1575 пен 1594 жылдар арасында жасаған осы көшірмесі Львовта пайдаланылған.

### **Ұлттық кітапхана Париж, Франция, Арм. 176, 1r-113r беттер**

1017/1568 жылдың 15 ақпанымен белгіленген осы тізім (б. 113r) 468 Вена қолжазбасымен ұқсас және жоғалған тізімнің көшірмесі. Қолжазба негізгі текстің қыпшақ тіліне аударылған көшірмесінен (б.б. 1r- 105r) және әуел бастан көшірге енгізілген 1-5 баптардан (б.б. 41r-51<sup>bis</sup>r) және қосымша 6-31, 33-47 (б.б. 51<sup>bis</sup>8v-112r) қыпшақ баптарыннан тұрады.

112v бетінде Төре бітігі «армян тіліннен татар тіліне аударылған» деп айтылған, ал басқа тізімдерде аударма «біздің тілімізге» полякшадан жасалған, полякшаға — латыннан, ал латыншаға — армяншадан. Сірә армяншадан кіріспе аударылған болса керек, себебі полякша тексте ол жоқ. Пайдаланушылардың біреуінің атына (Ивашко, ереспохан Сергидің ұлы, Каменецтің войты болған) қарағанда осы атсыз тізім Каменец-Подольскийде пайдаланылған.

### **Мхитаристар Конгрегациясының кітапханасы Вена, Австрия, N 468, 3r-127r беттер**

1024/1575 ж. 20 желтоқсанымен белгіленген осы тізім Париж қолжазбасына Арм. 176 ұқсас және жоғалған тізімнің көшірмесі болып табылады. Қолжазба қыпшақ тіліне аударылған негізгі текстен (б.б. 3r-28v, 68v-72v, 76v-119r) және әуел бастан көшірге енгізілген қосымша 1-5 баптардан (б.б. 72v-76r) және қосымша 6-31, 33-47 қыпшақ баптарыннан (б.б. 119r-127r) тұрады. Төре бітігінің өзіндегі редакциялық өзгерістер (б.б. 118v, 126v), хронологиялық белгілер мен бірінші және соңғы беттеріндегі колофондар бұл көшірмені Саркис Тамғашының ұлы Крикордың тапсырмасы бойынша, Оксент атаның ұлы Хачерес орындап, Каменец-Подольскийде пайдаланылғанын дәлелдейді.

### **(1v/156v) Төре бітігінің алғашқы ережелері**

Бірінші, бізде төрелер жоқ деп өсек айтушылар туралы.

Екінші, неліктен енді жаздық және оған себепші болған кім.

Үшінші, барша төрелердің керемет күші туралы.

Төртінші, кімдер төрешілер бола алады.

Бесінші, төре деген не, кім төре бола алады, кімге төрелікті сеніп тапсыру керек.

Алтыншы, төрешілер мен даушаршылар өздерін қалай ұстаулары қажет.

Жетінші, күәлар туралы, оларға сенімділік қандай.

Сегізінші, ант туралы, ол қандай түрде болу керек, және ант кімнен алынады.

Тоғызыншы, христиандарға дінсіздердің төресіне жүгіну лайық емес.

Оныншы, қандай жазбалардан жинадық, қай ұлттардың төрелерін алдық.

### **(2r/157r) Бірінші, бізде төре жоқ деп өсек айтушылар туралы**

Бұл төрелер бітігін ардақты әулие вартабед (Микаель) барлық армяндардың католикосы Степанның тапсыруымен жасады.

Бастапқы белгіленуі және барша төре бітіктерінің бастауы.

Алдымен біз туралы өсек айтушыларға, бізде төре жоқ деушілерге жауап береді.

Әулие жанның рақымшылығының арқасында осы төрелер бітігін жазуға әзір болдық.

Ең алдымен Мәсіхтің төресі туралы өсекшілерге, армян христиандарының төресі жоқ (2v/157v) деушілерге жауап береміз. Басқа тайпалардың төрелерін мақтайтын көп адамдар бар, оларда көне төрелері бар деп. Мұндай сөзді айтушылар өздері көне төрелерден бас тайғандар, сөйтіп басқа да жеңіл ойлы адамдарды тайдыруды тілейтіндер.

Бірінші, оларға беретін жауабымыз, Тәңір әуелбастан адамның жаратылысын әділдікке ұмтылуға жаратқан. Сондықтан дінсіздердің докторлары төре шығарып, кімде кім пұтқа тіл тигізсе, өлтірілуі керек, ал кім де кім атасына қол көтеріп, ұрса, оның қолын кесу керек. Сонымен қатар Мұса бұл іске байланысты өзінің төресін одан әрі қаталдатып, алғашқы

төреден алып: кімде кім атасына және анасына тіл тигізсе өлім (3r/158r) жазасына кесілісін,– деген. Тағы да, біздің Биіміз Мәсіхтің, Ізгі хабары барша төрелердің түп нұсқасы ретінде бұйырады: “Тыңдаңдар, ескі төреде қалай деп айтылған, ал мен сендерге жаңадан қалай бұйырамын, ескіні жаңамен бекітіп, сіздің өз еркіңізге тапсыра отырып, айтамын: “өзіңізді қалай сүйсеңіз, жақыныңызды да солай сүйіңіз”.

Екінші, әлбетте, рақымшылық жасауды адамның өз еркіне бере отырып, барлық адамдармен әділ болу біздің еркімізде екенін баянды етеміз. Осы себепке байланысты Ізгі хабарды (Евангелиені) де алғашында жазбаша емес, ауызша айтқан еді.

Екінші. Мәсіх келді де барлық төрені барлық адамдарға үйретті, ал берік сенбеген адамдарға (3v/158v) жазбаша бермеді. Сондықтан ол қасиетті Ізгі хабарда дауласушылар төреге жүгінбей-ақ өзара келіскендері жөн деп үгіттейді. Біреуге қарызы бар кім болса да өз борышын шын көңілден төлеп жақсы іс етуі, әділ болуы қажет деп Мәсіх Ізгі хабарда жарғышы туралы әңгімеде түсіндіреді; себебі әр адамның ары өзінің жарғышысы. Барлық жарғы істерін осыған сай шешу керек. Мәсіх Ізгі хабарда басқарушы иесі туралы әңгімеде мынандай ақыл айтады. Әуел бастан оның адал емес екенін білсе, бірақ биінің алдында өзінің арамдығын мойындағанына байланысты соңынан ақылы үшін мақтаса, төре алдына жауап беруге бармасын. Ол көрсеткендей жарғыласуға болады, (4r/159r) бірақ мүмкіндігінше жарғыға бармағаны үшін мақтау сөз айтады. Сондай-ақ қасиетті Ізгі хабарда Мәсіх өзіне: “Менің туғаным айт, атамның мүлкін менімен бөліссін” деп қолқа еткенді қабылдамайды. Осыған байланысты сізде екі негіз бар: адамгершілік жаратылысыңызға және төреге сәйкес, бірақ неліктен басқалардың құқығына қол сұғасыз? Осыны қорыта келіп, қасиетті Пауыл айтады: сіздің өзіңізде әділ төре жоқ, сіз өзіңізге неге қиянат және жамандық жасамайсыз, қысымшылық пен әділетсіздікті басқаларға ғана емес туғандарыңызға да жасайсыз.

Үшінші, Тәңрі бізге зорлықпен (4v/159v) әділдікте болмау үшін, әр уақытта сүйіспеншілікпен және қайырымдылықпен әділдікті және жазбаған төрені сақтау үшін жазылған төрені беруді тілемеді.

Төртінші, Тәңрі әрдайым әділдікпен жарғыларды жүргізу үшін біздің жанымызға төре, әулиелер және Ізгі хабар жақсы азық болсын деп есептеген.

Бесінші, төре, әулиелер және Ізгі хабар – тұрақты, ал мәжбүрлейтін төре ұлұстар және халықтар арасында өзгеріп тұрады. Сондықтан Тәңрі парасаттыларға істің егжей-тегжейін тергеп, соған сәйкес жарғыны жүргізуге ерік береді.

Алтыншы, мәжбүрлейтін төреде антқа дейін барады, ал Биіміз Мәсіх ант ішуге тиым салған, себебі біз шын христиандықта (5r/160r) жаралғанбыз, онда ақиқат – ақиқат, жалған – жалған болады.

### **Екінші, неліктен қазір жаздық, немесе себепші болған кім**

Неге біз төрелерді жазуды енді тілеп отырмыз немесе қандай себептерге байланысты біздің ой-қабілетіміздің бұл іске батылы барып отыр.

[Бірінші себеп,] біз ілгеріде жазған болатынбыз, Тәңіріден бізге жазба төре берудің қажеті болмаған еді деп, бірақ басқа халықтардан “христиандарда төре жоқ” деген жалған сөзді талай естідік. Мұны айтатындар діни кітаптың күшін білмейді. Мұндай жаман сөзден екі түрлі жамандық туады: 1) немесе олардың ойынша, төрені орнатқан ақылсыз болған; 2) немесе өмірде адамдар арасында әділдік болуын тілемеген.

Екіншіден, жаратылысымыздан (5v/160v) бар біліктілігімізді жамандық құртты және шәк-шүбәсіз жаратылған адамды жарымжан етті, сүйіспеншілік пен қайырымдылықты өшпенділік жойды.

Үшінші, қасиетті жазбалардың күші арқылы төрені түсіну үшін қазіргі уақытта Ескі және Жаңа төрелерді не әулиелерден, не Ізгі хабардан үйренуге ерінеді. Сондықтан осы төре бітігі арқылы оларды шала ұйқысынан оятуды тіледік.

Төртінші, қазіргі уақытта біліктілік азайды, егер біліктілік болса, біз заманына қарай сынап, таңдар едік; сондықтан барлық халықтардан, ұлыстардан жинадық; түрлі пайғамбарлар бекіткен және Ізгі хабар бұйырған Ескі және Жаңа төрелерге (6r/161r) сәйкестендіріп жаздық та, бекіттік.

Бесінші, бұл заманда Киелі Рух Соломон мен Таниел уақытында немесе Горынтос қаласында немесе басқа ұлыстарда әділ төре жүргізілгендей әсер етпес. Себебі: Киелі Рух олардың жүрегінің жетекшісі болатын, сондықтан жазба төреге олар құштар болған жоқ еді. Әулие елшілер басында қасиетті Ізгі хабарды беруді тілемей, сөз арқылы сенімге иландырды, соңынан ғана жазбашаға көшті, олар төрені де жазып қалдырмады, себебі сенімге қайтару үшін (нанбайтындарды) олардың ойында басқа ұлы ниеттер болды, сондықтан олар төрелікті Ескі төремен, қалалардың әдеттері және діни жазбаның күші (6v/161v) мен жүргізуге рұқсат етті. Қазірде біз осылардың бәрінен бас тарттық. Осы себептен төрелерді жазбаша түсіруге мәжбүр болдық.

Алтыншы, жарғының ісі ант берумен бітер, ал Тәңірі ант ішуге рұқсат етпейді. Бірақ жамандық артып тұрған заманда христиандар тек жарғы алдында ғана ант ішіп қоймай, әр жерде, болымсыз нәрседен антпен Құтқарушымыздың бұйрығын еш ететіндіктен, Тәңірінің бұйрығын еш еткендерге, елемегендерге біз жарғыда төре және канонды бекітіп қоюды тіледік.

Жетінші, төренің жоқтығын сылтауратып басқа халықтың төресіне бармау үшін пайғамбарлар былай ескерткен еді: жоқ па еді Тәңірі (7r/162r) Исраил арасында; пұтқа неге табынады деп әулиелер де табалап айтады, басқа халықтың жарғысының алдына баруға христиандарға жарамас.

Сегізінші, қазіргі уақытта кейбір ақбастар, насихатшылар, бабастар, билер, бас қожалар ашықтан-ашық пара алып, біліксіздіктен жарғы әділдігін бұрмалайтынын байқаймыз. Сондықтан Төре бітігінде соларға ғибрат болу үшін және тура жолға салу үшін көп нәрсені біз қысқаша жазып қойдық.

Тоғызыншы, жаратылысымыздан мінезіміз сондай, көптеген жан және тән күнәсіннен жақсылықты үнемі ұмытамыз. Әлбетте, жарғыны

дұрыс бергіміз келсе де, уақытында ұмытып, жаңыламыз, содан кейін пұшайман болып, (7v/162v) солай ма, олай емес пе деп күмәнданамыз. Сондай түрлі қыйын әңгіме болмас үшін, Төре бітігін жазып қойдық, әр уақытта қолымызға алып, біздің төрелеріміздің қасиетті жазбалардан тұратынын есте ұстайық, және біз төрелерімізді қасиетті жазбаларға сәйкес әрдайым жүзеге асыратынымызды басқа ұлттарға көрсетейік, олардың бізді табалайтын сөздері болмау үшін.

Оныншы, адам жаралғанда бий Тәңрі оны демдеп, оған ұлы жанның қабілетін берді. Адамдар ілгері басқан сайын ол қабілет дамыды, бірақ күнәға батты, Тәңрі айтты: “Менің жаным адамдарда қалмасын, себебі жан қасиетінен пендешілікке қайта бұрылды”. Мәсіх дүниеге келгенде ол адамдарға Ізгі хабардан (8r/163r) және каноннан тұратын Киелі Рухты және жан жарғысын жаңадан берді, себебі адамдар жерде жаралғандықтан жердегі жарғымен болуға мәжбүр екенін Мәсіх Бйіміз білетін еді. Бұдан былай барша қасиетті жазбалардан таңдап алынған жазылған төрелерді қолдану жеткілікті.

Он бірінші, жарғышылар өздері де көктегі жарғышының алдына жарғыға баратынын біліп, төре бітігімен дұрыс жарғы жасасын.

Он екінші, жарғының алдына келетіндер қорқып, үрейленсін, себебі егер төрешіні алдау үшін түрлі жалған сөздерді қолданса да, адамдар алдында өтірікті шын деп дәлелдей алмас, ал барлық құпияны көріп отыратын, ешкім де өтірік (8v/163v) айтып ақтала алмайтын, төрелікті әділдікпен тергейтін көктегі жарғышының алдына қалай барып тұрады?

Осы он екі түрлі жағдайларды бірімен бірін байланыстырып, оларды Төре бітігін құрастырудың себебі деп санаймыз, Би Тәңріден дүниенің жарғышылары етіп тағайындалған әулие елшілері сияқты, содан кейін Киелі Рухпен патриархтарды және вартабедтарды, киелі шіркеудің жарғышыларын тудырды.

Сөзсіз бұл 12 барлық дүние құрметтейтін толық сан, себебі бұл 2 алтыдан тұрады, ал бұл 6 саны дүниенің жаратылған күндері және адамның 6 қимылының өлшемі және адамдардың мінез-құлықтарының саны. Тағы да діни жазуда осындай даңқты істердің көптеген түрлері бар. Тағы да мысал Исраил ұрпақтарының (9r/164r) 12 ата-бабалары үшін Мұсаның қолына Тәңріден жазылған төре берілген. Сондықтан осы 12 түрлі бас істермен Төре бітігін құрамыз.

Осы төрелерді жаза бастауға бізге тағы қандай себеп болды?

Көп уақыттан бері осы Төре бітігі туралы ойлап жүретінмін, неліктен бізді өз адамдарымыз да, басқа тайпалар да табалайды деп. Тағы да сүйікті діни жазбаның шәкірті вартабед Пауыл бізге құрмет көрсетіп, өзінің көптеген өсиет мәнді сөздерімен осы іске тартқысы келді, бірақ мен өзімнің білімсіздігімді, дәрменсіздігімді (денемнің) сылтауратып, бұл еңбекті мойныма алғым келмеді және өте күшті вартабедтарға, сол кездегі (9v/164v) көптеген аты-шулы философтарға қолқа салып бақтым. Бірақ менің халқымның қайырымсыздығын білетіндіктен бұл іске біреуді тартуға тілемедім. Неліктен елшілер мен белгілі әулие аталар бұл ұлы істі елемей қалдырғандарына мен өте таңданатынмын.

Бірақ Төре бітігін жазуға негізгі себеп болған бүкіл армяндардың католикосы Степаностың маған құрмет көрсеткені еді, өзімнің білімсіздігімді сылтауратып, талай рет бас тартсам да, ол маған бір мәрте, екі мәрте қолқа салды. Бірақ ол қолқа салуын қоймаған соң, мен де кәніп, мойныма алдым, себебі рухани бұйрыққа бой сұну керек. Егер бұл жақсы ой Тәңірден болса, (10r/165r) ол оның көмегімен жақсы болады; ал егер менің бастағаным бітпесе, басқа қасиетті аталар бітіріп, аяқтап шығар. Әуел бастан жетік шығарманы бір адам бастап, содан кейін түгелдейді, немесе аздан көптен тауып, бірі біріне үйлестіріп, барлық шеберлікті біріктірген.

Мәсіх Биіміздің жарғысына баратынымды қайтадан есіме алдым, ол жүзіңе қарамас, пара алмас, сондықтан мен өз қолыммен Тәңірінің жарғысына ұқсастырып жазуым керек. Кім болса да менің айтқан сөзімді табаламасын. Егер кімде кім біліксіз болса, үйренсін, ал егер білікті болса, қандай кемшілік тапса, өзі толықтырсын. Екі тараптың (10v/165v) жақсы пиғылын шын ықыласпен қабылдармыз.

### **Үшінші, барлық төрелердің ғажап күші туралы**

Тағы да әулие Микаель вартабед Төре бітігінің қуатты күші туралы католикос Степанносқа көп жалбарынып жазады. Бата алған ата және барша армян шіркеулерінің басы маған тапсырған рухани ісін дырдулық, жеңіл-желпі жұмыс деп санамауыңды өтінемін. Сондықтан қолымызға алған Төре бітігінің қуаты неде екенін саған қысқаша көрсетейік. Төре бітігінің канондарға ұқсастығы болғандықтан, біз төремен канонды тізіп, салыстырып, бір-біріне ұқсастығын көрсетейік. Қалайша қай түрде (11r/166r) бір-біріне ұқсастығы бар екен. Қалайша канон жанды түзетеді, ал төре – тәнді (нәпсіні), сондай-ақ бірінің біріннен айырмашылығы болса да, көп жағдайда олар біртұтас болады. Жан мен тән жаратылыстың екі көрінісі болғанмен, бірімен бірі тығыз байланысты, бір тұтас, көп нәрсені бір ерікпен жасайды, сол сияқты канондар мен төрелер. Сондықтан олар қосылған жағдайларда да бірін бірі бұзбайды. Түрлі канондарды білімділер жасағандай, түрлі төрелерді солай жасаған; канондарда жолдан тайғандарға түрлі жаза мен қорқыту қаралған болса, ол түрлі төреде де бар; әр түрлі төрелерде қылмыскерге зындан мен кісендер қарастырылған; ал түрлі канонның қарғысы зындан мен бұғаудай; кінәсіз адамдарға (11v/166v) канондар ешқандай ауыртпалық салмайды; түрлі төре де өмірде адалдарға солай қарайды; таза адам көктегі жарғышыдан қорықпағандай, күнәсіз адам жердегі жарғышыдан да қорықпасын. Төре бітігі бізге тағы да бір жақсылық беріп тұр: барлық діни жазу адамдарды күнәгерліктен сақтандырғандай, адамдар бірімен бірі сүйіспеншілік пен жақсы пиғылда болу үшін түрлі Төре бітігі зұлымдар мен теріс қылықтылардың жолын кесуге тырысады. Тағы да шындық пен өмір сүру әділ, төреде болу қажет. Осы түрлі дәлелдерді келтіргеніміз ақылдылардың (даналардың) ойында болғай, мұндай барша адамдарға бірдей тең жақсылық барын олар біліп қойсын, себебі таласты (12r/167r) жойып, адамдар арасында татулық пен жақсылықты орнатады. Қайда төре тапшы болса, онда талас көп, ал қайда төре мен әділдік болса, ол ұлыста өмірде

және шіркеуде татулық мол, себебі Тәңрінің шіркеуге сыйлаған бір рахымшылығы – бұл татулық.

### **Төртінші, тағы да жарғышылардың кім екені және олар әділдікпен әділдікке ұқсастықты айыратынын баяндайды**

Тұңғыш және әділ жарғышы – Тәңрі, пайғамбар Дәуіт жариялаған-дай: “Тәңрі жарғылық етер өз жұртына”. Тағы да пайғамбар айтады: “Би Тәңрі біздің жарғышымыз”. Тағы да айтар: “Кел де Тәңрі, өзіңнің жарғынды шығар”. Тағы да осыған ұқсас көп істер бар, Тәңрінің өзі жарғышы болғандықтан бізге шынайы жарғышылықты үйретеді, (12v/167v) осыдан белгілі болғандай, бұл төрелерді періштелерге немесе жануарларға емес, адамдар үшін жасаған. Иә, төрелерде жазылған: өлтіруші жануарды өлтіру керек, жануарды жазалау үшін емес, адамдар үшін. Тағы да диуларға да жарғы болды, көктен жерге түскен періштелер өр көкіректігіне көре диуларға айналды, бірақ бұл көп емес, бір сәтте ғана болды. Адамды жаратқанда Тәңрі сол шақта бірден жариялады: Жарғышымыз да, Иеміз де өзі. Мәсіх дүнияға келді де, айтты: “Жарғышылық етуге келдім бұл дүнияға, Атам ешкімге де жарғышылық етпес, барлық жарғышылықты ұлының қолына берді”.

Тәңрінің жарғышылығы дүнияға жарық келтірді, бірақ адамдар жарықтан (13r/168r) қараңғылықты артық көрді. Тәңрінің аты бөлінбес жаратылыс деп аталады, сондай-ақ жарғышы Ұлы, Атасы және Киелі Рух. Бұл жағдай діни жазбаларда айтылған, егер кімнің тексергісі келсе.

Екінші, жарғышылар атағын адамдарға Тәңрі берді: жетімдер мен жесірлерге әділдікпен жарғышылық етіндер. Бұл жағдайдың тең дәрежеде хандарға, билерге, ру басыларына және Мұса шөлде жарғышы етіп қойған пайғамбарлар мен бабастарға, одан кейін құдыретті Есу жауынгерге қатысы бар. Соломон жұртына жарғышылық ету үшін Тәңріден даналық сұрады. Көне заманда бабастар мен ру басылары жарғышы болған, жазбалар хабарлағандай, қанды істерге бабастар (13v/168v) жарғышы болған.

Неліктен Тәңрі барлығына тең жарғышылық берді?

Барлығы осы қайырымдылықты пайдаланушы болсын, және жарғышылардың тапшылығынан адамдар бір біріне қастандық жасамасын деп. Жаңада (Жаңа Төреде) Мәсіх Биіміз әулие елшілерге: 12 таққа отырып, Исраил халқының 12 ұрпағына жарғышылық етіндер, – деп бұйырды. Барлық христиандардың бастықтары (көсемдері) олардан үлгі алды. Істі шындықпен қарамайтын әділетсіз жарғышы туралы нақыл әңгімеде, Мәсіх айтты, әрбір адамның санасы оның жанына, тәніне және бес сезіміне жарғышы және әркім өзінің тазалығын сақтасын.

### **5. Тағы да жарғы деген не, кімдерге жарғышылық жүктеледі және кімдерге жарғышылық етуді тапсыруға болады**

(14r/169r) Жарғының түсінігін кім берді? Жарғының не екенін әуелі Тәңрі, сонан кейін пайғамбарлар анықтады. Жарғы – барша істерді

тергеу. Үш түрлі іс бар адамдардың өмірдегі мінезіне байланысты: жақсы және жаман, тағы ортаңғылар. Кімдер әуелден жақсы кісілер және ешкімге қиянат жасамайды, оларға жарғының қажеті жоқ. Ал кімдер ұрылар немесе қарақшылар немесе қанішерлер, олардың ісі үмітсіз болады. Ал жарғы даушары бар ортаңғы адамдар үшін жүргізіледі. Соломон екі қатынның ісін даналықпен шешкендей, әулие Даниил даналықпен Сусанна мен екі қарттың (ру басыларының) дауын шешті. Мәсіх өзінің екінші келгенінде оң жағындағы нағыз әділдерге: (14v/169v) “Келіңіз Атамнан алғыс алғандар, – содан кейін сол жағындағы күнәхарларға: Кетіндер меннен, қарғыс атқандар, мәңгі отқа.”

Айтылғаннан-ақ түсінікті, жарғышылыққа тек ортаңғылар тартылады, ортаңғылар – кім өзінің кінәсін мойындап, өкінетіндер. Олардың күнәсін Тәңрі өлшеп, кімнің күнәсі артық болса, сол жауабын береді. Тек солай жердегі жарғышы да істеу керек.

Жарғышы сауатты, дана, ақылды болу керек, діни жазбаның күшін жақсы білу керек, барша адамдардың мінезін біліп, жарғыны әділ шығаруы керек. Жарғышылар төрені түсінбегендіктен (15r/170r) біреуге зиян келтірмейтін, жасы толған, парасатты, зерек, алды-артын байқайтын болулары керек. Қолөнерші өз өнерін түгел үйреніп білмей ұсталық ете алмайтын болса, сондай-ақ жарғышыларға одан әлде қайда артық, Тәңірге лайықты білімділік қажет. Себебі жарғышылық ету – Тәңрінің ісі. Ол – нағыз жарғышы, ал жердегі жарғышылар Тәңріге ұқсас. Мұндай болу үшін жүзін жасырмай, Тәңрінің жарғысын әділ атқарып, Тәңрінің алдында ашық жүзді болу керек.

Тағы да жарғышылықты кімге беруге бұйырған?

Ескі Төреде белгілі Тәңрінің өзі сайлаған жарғышылар, пайғамбарлар, бабастар, олар сайлаған қарттар (ру басылары) – дана жарғышылар болатын. Хандарға және ұлы билерге де жарғы жаруға (шығаруға) тура келетін. Бізде де осылай болсын. (15v/170v) Егер ұлыста христиан ханы немесе ұлы бий болса, алдарына келген өмірдегі істі әділдікпен шешетін болсын. Ал шіркеу жарғысын вартapedтердің (епископтардың) кеңесімен ақбас атқарсын, 2 немесе 3 ақылды монахтармен бірге шығарсын. Егер қайсы бір ұлыста хан немесе ұлы билер болмаса, жарғышылық ісі ақбастың қарауына жатады, барша жарғышылардың үстінен сол қарайды. Ақбастылар арасында сауатсыздар немесе ақшаның арқасында сайланғандар бар деп бұл іске ешкім қарсы болмасын. Мен де оны білемін. Дегенмен, ақбастылардың жоғары атағы бар, сондықтан олар Тәңрінің алдында барлық жандар үшін жауап берушілер, сондай-ақ өз жарғылары үшін де жауап берсін. Жоғарыда айтылғандай, (16r/171r) вартapedтермен бірге төрелікті жүргізсін. Егер жарғышылар басы сауатсыз болса, жарғылық ісін мәжілісте отырған білімділерден үйреніп, әділдік жолымен жүретін болсын.

## **6. Тағы да жарғыда жарғышылар,**

**адал немесе кінәлі адамдар өздерін қалай ұстаулары тиіс**

Жарғышы пара алмауы керек, себебі: жазылғандай, қаншама зерек көзді болса да, пара көзден айырады. Кім әділдіктен параны жоғары

бағаламайды, оның сөзі жарғыда құнды және ол істі әділдікпен шешер, ал кім оны естісе, мақұлдар. Тәңрі айтты, бет ажарына қарамаңыз, әділ жарғылық етіңіз. Егер әділдік болмаса, көп адам қасақана күнәхар болар, және бұл іс бойынша басқа ұлттың жарғысына жүгінер. Егер әділдік болса, (16v/171v) жарғышылар да мақтанышпен Тәңрінің сөзімен айтар: “егер мен жарғы шығаратын болсам, менің жарғым әділ болар”; өзінің пайдасын көздемесін, барша адамдардың сенімін ақтауға тырыссын. Садақа бәрінен артық болса да, жарғыны әділ шығару қажет, қожаның бет-ажарына қарау жарамас және кедейді есіркеу де лайық емес, себебі былай деп айтылған: “Төрелікте кедейді есіркеме”. Жарғышы тек бір жағын тыңдамасын, айыптаушыны немесе айыпталушыны, екі жақты бетпе бет қою керек. Арыздарының шындығын тергесін, содан кейін екі немесе үш кұәдан шындықты айқындау үшін төре бойынша жауап алынсын, себебі кез келген іс екі және үш кұәдан жауап алумен аяқталады. Ал кімнің куәсі болмаса, бір жағынан, кімге түссе, (17r/172r) ант алумен шешім қабылданасын.

Жарғышы төрелікті жалғыз атқармасын, көпшілік пен атқарсын, егер мүмкін болмаса, екі немесе үш жақсы және білімді адамдармен төрелік етсін. Төреге келгендерге екі немесе үш кұә керек болғандай, төрелік дұрыс болу үшін жарғышыларға да сенімді адамдардың кұәлігі қажет. Бұл үйреншік бұрын римляндарда бар болатын, оларда 72 адам үнемі барлық істерді қарауға қатысатын, 72 халықтың даналығының өкілі болатын. Енді 12 елшіге еліктеп, 12 жарғышыларды тағайындайды, ондағы мақсат көп жарғышылардың тергеуінің нәтижесінде билік тура болады, сонымен бірге билікті көпшіліктің кұәлігі мен әділ шығару (17v/172v) төреге қорқынышпен қарауға иландырады.

Тағы да Хақанлықта (Хағанлықта) үш төреші тағайындайды, Хақанлықтан (Хағанлықтан) үлгі алып Грузияда да солай – бұл үш әулие атына және кұәлар санына дәл келеді. Бізде осыған бейімдеп 3 жарғышы болсын дейміз, себебі қайда болса да бұдан артық күш табылмас. Тағы да ең тұңғыш жарғыны ақбас жанында екі немесе үш ақылды адамдарды ұстап, солай жарғылық етсін, бірақ олар тек дұрыс шешімнің кұәсі ғана болып қоймасын, ақбастың өзі де жарғы шығаруды солардан үйренсін.

Жарғышылар ертеден кешке дейін Ескі мен Жаңа Төрәні және Төре бітігін оқуға тиіс, сонымен қатар барлық халықтардың және дана адамдардың жазғандарын ақылға салулары қажет. Жарғышылар (18r/173r) барлық жағыннан өнегелі, жақсы мінезді болып, төрәні сақтасын, ешқашан жарғы барысында ашуланбасын, және мінезімен қызғаншақтық көрсетпесін, әсіресе жарғылық барысында, себебі жарғылыққа келгендер ызаланып, ойламасын: жарғышылардың қызғаншақтығыннан немесе өштескендігіннен жарғы әділ болмады деп. Жарғышылар өте ақылды және сабырлы болулары тиіс, себебі көп жағдайда жарғыда көп күш қолдануға тура келеді және ол өздігіннен болмайды. Сабырлылық көрсетіп, істі кейінге қалдырсын, басқа уақытта жан-жақты тергеп, қайтадан алдарына шақырып, содан кейін шешім шығарсын. Егер жарғыға келгендер дауласса, бір-біріне жарма-

суға жол бермеңдер, төре (18v/173v) алдында бассыздық істеп, жарғылықты бүлдірмеу үшін қатаң жазалаңдар. Дауласушылар біліп қойсын, олар жарғышы алдына таласу үшін емес, дауларын әділ шешу үшін келетінін. Дауласушыларға сөз кезекпен берілсін, егер біреуі сөйлесе, екіншісі тек тұрсын, содан кейін екіншісі сөйлесін, солардың айтқанын есітіп, ақылға салып, кім кінәсіз, кім кінәлі екенін анықтап, содан кейін жарғысын шығарсын.

Тағы да жарғышы өз қызметкерлерінен сақтануы керек: пара алып жарғыда сөйлейтіндер болады, себебі дауласушылар үйреншікпен оларды өз пайдасына сөйлету үшін жасырын сатып алуға тырысады. Жарғышы сондайлардың жалған сөзіне алданып, жалған жарғы шығармасын. (19r/174r) Алданбайтын жарғышы Тәңріден, ол бүркеуліні және айқындыны көрер, ал жердегі адамдар қателесуі мүмкін. Кім болса да еріксіз қателескенді жамандамасын. Ал кімде кім жарғыны қасақана бұрмаласа, көктегі жарғышының алдында кінәлі болар. Жарғышы менменсімесін, басқаны қорламасын, ол біліп қойсын – бірінші Жарғышы Тәңрі, соның алдында өзі де жауапқа жарғыға тартылар.

Жарғышының зынданы болсын, кім кінәлі болса соны зынданға салсын, Мәсіх Ізгі хабарда бұйырғандай, жарғыны орындаушы оны қарызын өтегенше зынданда ұстайтын болсын.

Тағы да екі адамның арасында талас және дау болса, Мәсіхтің өзі оларды жарғыға бармай келісуге (19v/174v) шақырады, бір пәлеге ұшырап қалмай. Мәсіхтің құлдарына қасақана өтірік айту жараспас, себебі кім жалған айтса, ол шайтанның ұлы деп аталар. Мәсіх бұйырғандай, кім жалған сөйлесе өз атынан айтар және оның әкесі де шайтан. Ондайларды Тәңір құртады, бір-біріңізге жалған айтпаңдар. Тәңрінің алдында барлықтарың бір-біріңе бауыр болғандықтан шындықты айтыңдар. Жақыныңның жарғыдағы жаңылыс сөзін пайдаланып, оны жеңу үшін оған қарсы айлалы сөз қолдану, әрекет жасау христианға жараспас, себебі жазылған: кім біреуге шұңқыр қазса, (20r/175r) соған өзі түседі. Тәңріге иланған христиандарға біреуді жалғандықпен жарғыда жеңуді әуес көру жараспас, себебі, егер солай жеңсе жаныннан айрылар, ал егер жеңілсе – ұятқа қалар.

Ешкім, қарсы жақтың мүлкін алдап, иелену үшін жалған күәләрді ұсынбасын, ондай Тәңрінің алдында кешірілмес өтірікші. Ешкім ақиқатты жалғандықпен жеңу үшін жарғыда сөйлеуші адамды жалдамауы керек. Жарғышыға ешкім пара бермесін, қарсы жақтың игілігін ашқарақтықпен иеленбесін, (20v/175v) себебі барлық жамандық содан келер. Жарғышы жарғыда бұйрық бермей, үйде, ел арасында ант ішуге болмайды: Мәсіх бекер ант ішпе деп бұйырған, себебі барлық жарамсыз, жеңілтек сөз үшін адамдар соңғы жарғы күні жауап берер. Біреудің игілігін әділетсіз алдап алып, көктегі Тәңрінің жарғысының алдында жауап бергенше, жаныңды сақтап қалу үшін жердегі жарғының алдында өз мүлкіңнен әділетсіз айрылғанды қуанышпен қабылдаған жөн екенін ойлаған дұрыс болар.

Егер де жарғының алдына барғысы келсе, әуелі Тәңріге алғыспен қолқа салуы (дұға оқуы) керек, егер Тәңрінің еркі болса және шындықпен

жеңсе, жарғыда ұтып пайда тапса, ол Тәңріге жүгінуі керек, себебі ақыл ол берер; егер ой түбіндегіні білетін Тәңрі біреудің күнәсін көріп (одан) безсе, (21r/176r) ақиқатты бұрмалау арқылы жеңіп, біреудің мүлкін иемденген қайғырмасын, Тәңріге алғыс айтсын, Тәңріге өзінің үмітін артып, Тәңріге жақсы сый берсін және кек алу мүмкіндігін Тәңріге қалдырсын.

### **7. Куәлар туралы, олардың сенімділігі және неліктен олар екі немесе үш болуы керек**

Жарғыға куәлар қатысулары қажет, себебі даушылардың дау-шарды қарау кезіндегі көп айтысынан шындықты жарғышы куәлар арқылы анықтайды. Олар әулиелердің ізгі бұйрығын естеріне алсын: “Тек өзіңе ғана емес, қарсыласыңа да жақсылық тіле”.

Жарғышы куәлар келмей еш нәрсеге сенбеуі керек; жарғыға келгендер де, яғни дауға қатысушылар күдіксіз куәлардың алдында бой сұнады, және шешім (21v/176v) дұрыс болып көрінеді. Куәлардың күдік тудырмайтындығы олардың жақсы кісілер екендігінен белгілі болады, олар пара алып келмегендер, шындықтың орнына өтірік айтуды дұрыс деп таппайтындар, немесе егер біреудің туысқаны болса және келіп куәлік етсе жән оның адал кісі екені белгілі болса, куәлігі қабылдансын, күдік туғызбайтын куәлардың саны екі немесе үш болуы керек екені Тәңрінің көктегі күн мен ай сияқты сенімді куәларына ұқсас. Екіншіден, куәлардың сенімді болуы үшін жасы толғандар немесе қарт кісі болсын. Адамның жасын (жылдарын) және әрбір жастық шақтың маңызын көрсету қажет: бала үш жасқа келгенде тілі шығар, жетіге келгенде жазуға үйренер, он төрт жаста еркек жыныстылығы басталар, жиырма жасында (22r/177r) билердің босағасында қызметкер болар, жиырма бес жасында бабас болар. Менің ойымша жиырма бес жасқа келген адамның куәлігін қабылдауға болады. Егер Тәңрінің алдында жиырма бес жастағы бабастың халық үшін куәлігі күмән тұғызбайтын болса, жиырма бес жастағы жай адамның куәлігі де күмән тұғызбаса керек. Егер куәлардың біреуі жасы толған адам болып, екіншісінің жасы толмаған болса, оны да куәлікке жіберуге болады. Егер екеуінің жасы толмаған, үшіншісі қарт болса немесе үшеуінің де жасы толмаған болса, оларды да куәлікке жіберуге болады. Ал бірақ христиандарға байланысты дінсіздердің куәлік етуіне, олар көп болса да, куәліктері дұрыс болса да, тиым салынар; бұл Мәсіх Тәңрінің ұлы (22v/177v) деп диюлар айтса да, Мәсіх олардың куәлігін қабылдамағандай. Діннен азғандардың христиандар туралы куәлігіне де тиым салынады, себебі олар христиан дініне дұрыс қарамағандықтан бізге қалайша сенімді куәлік көрсете алады? Ал егер іс діннен азғандар туралы болса, олар бір-біріне күәгер бола алады.

Әйелдердің куәлігіне де жол бермеу керек, тек сөзін тындауға болады. Мәсіхтің қайта жаратылуы қалай болды: әулие қатындар көріп, елшілерге қуанышты хабарды жеткізді, ал елшілер Мәсіхтің қайта жаратылғаны ақиқат екенін анықтады. Егер әлде қандай оқиға болып, қатындар оны көрсе, және оны көрген парасатты қатындар болса, ер

кісілерге екі немесе үш күәға (23r/178r) жол берілсе, парасатты әйелдерден екі немесе одан көп – төрт немесе алты күә болсын, бірақ олар төре алдына келмесін, өздерінің күәлігін үйлерінде, өздері қанша болса сонша жақсы құрметті еркектерге тапсырсын да, олар төре алдына келіп жауап берсін. Себебі қатын кісіге бабас немесе жауынгер болуға, шарап дайындауға, не дүкенде отыруға, не ер кісінің киімін киюге болмайды, оларға төреге келіп отыруға, не күәлік беруге болмайды; қалайша көп қатындар қанын төгіп, Мәсіх туралы күәлік етті, көп қатындар азап шекті, сондықтан (23v/178v) Тәңріге ұнады, адамдардың құрметіне бөленді деген сылтаумен жоғарыда айтылғанға қарсы болмасын. Себебі, қатынның болмысы (мінезі) сондай, олар сырды (құпияны) сақтамас, күәлігіне тиым салынады. Бірақ жоғарыда жазылғандай, алты немесе төрт қатын еркекке байланысты күәлік бергендей, қатын кісілердің қатын кісілерге байланысты күәлік беруіне рұқсат етіледі. Мұндай күәгерлікті ешкімде қыйынсынбасын, себебі Мәсіх үшін тек жасы толған ерлер ғана күәгер болған жоқ, тіпті балалар да, сондай-ақ Бетлехем балалары және жас кезінде әулие Степан, тағы да көптеген сол сияқтылар күәлік берген.

Тағы да айтайын, не үшін екі немесе үш күә болуы керек. Екі немесе үш, басқа одан да көп санның болуын жоққа шығармайды, неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы екенін көрсетеді, бірақ екі немесе үш болмаса одан кем болуы мүмкін емес, себебі бір адамның (24r/179r) кімге болса да жала жабуы оңай, ал екі, үш адам болса, ондай жағдай болмайды, біреуі жала жапса, екіншісі оған бармайды. Жарғышы күәларға жақсы қарап бақылауы керек, олардың сөздері бір-біріне сәйкес келсін, біріне бірі қайшы болмасын, Мәсіх үшін қанын төккен адамдардың жауаптары үйлескендей болсын, сонда екеуінің немесе үшеуінің күәліктері шын болады. Егер, жазбаларда айтылғандай, көптеген адамдар жалған үшін бірігіп, жалған күәліктердің күшімен Ескі Төредегі Навуфейдің ісінде, Жаңа Төредегі Степанның зұлымдықтың жеңуіне көмектессе, бұл істердің өтірікші жауыз күәлардың арқасында орын алғанын көреміз. Дегенмен адамдар үнемі опасыздық (24v/179v) істей бермейді. Тәңрінің бұйырғанындай екеуі немесе үшеуі шыншыл. Себебі Тәңрінің Моисеиге Төрені бергенін Овр, және Арон және Иса күәландырады. Ал Тәңрінің Синай тауына шыққанын керней дауысы, және бұлттар, және қараңғылық және от күәландырады. Мәсіхтің туғанын періштелер, және үш хан және қойшылар күәландырады. Ал қырқындағы (қырық күндік) Мәсіхтің храмға келгенін Симеон, және сәуегей Анна, және есіктің ашылғаны күәландырады. Мәсіхтің Мысырға қашқанын періште және пұттардың талқандалғаны күәландырады. Мәсіх шоқындырғанды Ата Тәңрі, Киелі Рух және әулие Жақия күәландырады. Тапор тауында (25r/180r) оның Тәңрілігінің күәгерлері екі пайғамбар және үш елші болған. Мәсіх туралы барлық белгілер күәландырады. Крестің үстіндегі Мәсіх туралы Күннің тұтылуы, және жердің сілкінуі, және тастардың шашылуы, және қан мен судың Мәсіхтің қабырғасынан ағуы, тағы да басқа ғажаптардың болуы күәландырады. Мәсіхтің қайтадан ғажап жаратылуына періштелер және ашылған мола тасы, және кебін,

және елшілер, және әулие қатындар және күзетшілер күәгер болды. Оның көкке көтерілгенін періштелер, және елшілер, және алдымен пайғамбарлар күәландырды.

Тіпті бір күәнің күәлігі дұрыс болса да, ол Мәсіх еврейлерге айтқандай, ақиқат үшін жеткіліксіз: "Сіздер Жақияға (25v/180v) жібердіңіздер, ал ол ақиқат туралы күәлік берді, бірақ сенбедіңіздер. Ал менің күәлігім Жақияныңкінен де зор – ол маған Атам берген әрекеттер. Тағы айтамын: "Өзім туралы өзім күәлік беремін, мен туралы Атам күәлік береді және сіздің төреңізде де жазылған: екі адамның күәлігі ақиқат". Егер бір адам өзі үшін күәлік берсе, ол жеткіліксіз. Мәсіхке еврейлер айтқандай: "Сен өзің өзіңе күәлік бересің". Шынында да, Мәсіхтің күәлігі ақиқат еді. Бірақ ақиқат емес деді. Сондықтан Мәсіх күәлікке Ата Тәңрін, әулие Жақияны, әулие елшілерді шақырып, былай айтты: "Маған күә болыңдар. Иерусалимде (26r/181r) және Самариада да және тіпті жердің қырына дейін". Сондай-ақ Тапор тауында Ата Тәңрінің Мәсіхтің үстінен даусын естіген Петір де, күәлік бере отырып, айтты: "Бұл дауысты біз шын естідік, онымен қасиетті тауда бірге болғанда". Сонымен қатар елшілерді күәгерлікке алып, ол айтты: "Елшілердің өте дұрыс айтқанына тоқтаймыз". Жохан Ізгіхабаршы да ақиқат күәлік берді: "Әлбетте Мәсіх үшін үшеуі күәлік берді: Рух, және су, және қан". Епископ атағы күәләрсіз берілмесін деген қағида осыдан қалған. Елшілер да өз шәкірттерін күәлік жолдамалармен жіберген.

Күәлікке екі талап қойылады, дәл айтсақ: күәлар (26v/181v) көргеніне және естігеніне салақ қарауына болмайды, алдымен көзі жетуі керек, содан кейін барып күәлік беру керек. Сондай-ақ жарғышы да төрелік еткен уақытында жарғылыққа ешқандай бөгет болмау үшін күәлардан істің жағдайын түп-түгел сұрап, естуі қажет.

## **8. Тағы да ант туралы және антты қалай беру керек екені туралы**

Ант туралы біз бұйрық бермей айтамыз, бірақ ант ішу жаман ниетті үйреншікке айналғандықтан біз ол туралы төре және канон белгілейміз.

Тәңрінің зор қорқынышты бұйрығын адамдар қазіргі уақытта аяқ астында қалдырды, бекер ант ішу әдетке айналды. Мәсіх Биіміздің еш қашан ант ішпеу керек деген бұйрығына қарамай, бүгінде біз көріп отырмыз, болымсыз сылтаумен, тіпті ешбір қажетсіз көшеде, дау барысында, (27r/182r) талас үстінде балалар ғана емес қарттар да, жай адамдар ғана емес көбінесе дін адамдары да өте жарамаз ант іше бастады. Олардың арасында даулы іс пайда болса, жарғышыға барып, оның ант ішу туралы әмірін күтпей-ақ, жарғышыға бара жатқанда дауласып, бір тоқтаусыз қорқынышты ант ішеді, ал жарғыға келіп, жарғышы оларға өздерінің әділдігін растау үшін ант ішуге әмір етсе, бірден бұған қарсы болып, дүниенің қандай да болсын игілігі үшін ант ішпейміз деп, өздерін төре сақтаушы қылып көрсетпекші болады. Ал төреге келмей тұрып, неге ант іштіңдер деп біреу сұраса – "Себебі олар (27v/182v) бізге сенбейді" – деп, Мәсіхтің төресін сөгіп, неге ол бізге ант ішпеу керек деп

бұйырады?” Ондайлар соқырларға ұқсаған, себебі соқырлар қармалап қарайды. Сондайларға Мәсіх орындалмайтын төрені емес, орындалатын төрені орнатты. Егер шарасыз орындалуы мүмкін емес іс болса төрені орнатпас еді, себебі ол өзінің ілімімен және төре арқылы бізді нағыз сенімшіл христиандарға айналдырып, мінезіміздің әділдігі мен шыншылдығының арқасында ант ішуге мұқтаж болмауды тіледі. Ал егер олар айтса: "Ант ішпеуге шара жоқ", десе оларға белгілі болсын, Тәңрі періште арқылы Ыбрайымға ант беріп, (28r/183r) айтты: "Өзіммен ант ішемін". Ыбрайым құлына ант ішуге бұйырды. Тәңрі қайтадан Дәуітке ақиқат пен ант ішті, тағы сол сияқты істер. Елші ант ішті, айтып: "Сіздерге мақтанышпен ант ішемін, қарындастар". Хандар да сенімділік үшін ант ішеді, сондай-ақ ұлы билер де, осылайша әсіресе жарғыда ант ішудің қажеттілігі расталады.

Сонымен ант етуді Тәңрімен түсіндіремін.

Елші былай айтып, бізді үйретер: адамдардың барлық дауының бітімі антта және оған Тәңрі батасын береді, егер екі нәрсе айқын болса – өз атыннан ант ішіп, оның атынан да ант берсе. Айтылғанды мына мағынада (28v/183v) түсіну қажет: адамдарда, әсіресе хандарда уәдесін өз атынан орындағаны үшін ант ішу үйреншікке айналған болса, сондай-ақ Тәңрі де соған ұқсас жағдайда болған, бірақ ант ішу үшін емес, адамдар ант беру арқылы өз істерін аяқтайтынын көрсету үшін. Тәңрінің уәдесінде және жалғандық жоқ. Тәңрі адамзаттың жаратылысын біздің үйреншігімізге түсу үшін таныған жоқ. Демек біздің үйреншігімізді көріп, бізді жақсылыққа үйретті. Сондай-ақ Ыбрайым да өзінің құлына ант жүктегенде төреге сәйкес істеді. Тәңрі де Нух уақытында өзінің жәйын (кемпір қосағын) (29r/184r) көкте күәлік ретінде ұстауға міндеттеніп: "Мен дүнияға қайырымдымын" – деген.

Енді ант ішу қалай болатынын айтқым келеді.

Анттың екі түрі болады: бірі – мойындау, екіншісі – діннен безу(тану). Діннен безу антында қолды крестің үстіне қояды немесе шіркеуге басып, киелі шіркеуден бас тартады; немесе былай деп айтады: "Мен христианин болмайын, егер ол іс солай болмаса". Кім осындай ант ішсе, ол өз діннен безген деп түсінсін, ал нағыз христиан кісіге тіпті өлім төніп тұрса да немесе үйін қыйратқылары келсе де ондай ант беру лайықсыз. Мойындау антта креске, немесе Ізгі хабарға қолын басады, немесе қолын шіркеуге қояды, Тәңрінің ой құпиясын (29v/184v) көретінін біле тұрып және былай дейді: Тәңрі осы крест және Ізгі хабар және киелі шіркеу менің шындықты айтып отырғанымды біледі және былай дейді: сеніңіздер, олардың намысы және құдыреті үшін мен өтірік айтпаймын, – мұндай ант – мойындау анты болып саналады, себебі Тәңрі ой құпиясын көруші, Ізгі хабар – Мәсіхтің сөзі, ал шіркеу – Мәсіхтің үйі – дейді. Егер қашанда кім болса да ант ішкісі келсе мойындайтын ант ішсін, бірақ діннен тану антын ешкім ішпесін, мұны бұйырып емес, ақыл ретінде айтамын. Егер даукерлердің екеуіде христиан болса, бірбірінен діннен тану антын ішуді талап етсе, жарғышы ант ішкізбей алдынан қуып шығарсын, тек кінәсін мойындап келсе ғана, (30r/185r) мойындайтын антты тағайындасын. Жарғышы ант бергізуге асықпау

керек: әуелі жарғышы ант бергізбей істі шешуге тырыссын; ал егер істі аяғына дейін жеткізуге анттан басқа шара қалмаса, ол уақытта жарғышы алдын ала түсіндіруі қажет: ант ішудің тәртібі қандай және антты берудің қандай ауыр зардабы болатынын. Тағы да, мардымсыз іс бойынша ант бергізбеуге тырысу керек, себебі дүниенің барлық игілігін берсе де ант ішуге тұрмайды. Егер бұған қарсы болса, біз жарлымыз, сондықтан ант ішуді тілейміз десе, қарызының жартысын төлеуге бұйыру керек және ант ішпесін. Егер жартысын төлей алмаса, сондықтан ант ішемін (30v/185v) және эпитимияға келісемін десе, онда жарғышыда кінә жоқ.

Ал егер 10 алтын немесе 20, одан да артық болмаса, ант беруге асықпау керек, себебі ол – өте ауыр іс. Тараптарға уақыт берсін және кейінге қалдырсын, мүмкін өкініп, қарыздарын төлер.

Тағы да сіздерге айтайын, кімге ант беруді тағайындау керек екенін.

Барлық армяндардың жарғысында, кімнің кұәлары бар, ант беруге болмайды, ал кімнің кұәлары болмаса, соған ант ішуге болады. Егер біреу басқаны борышы бар деп немесе басқа себеппен жарғыға тартса, бірақ өзінде де, жарғыға тартылғанда да кұә болмаса, жарғыға тартқан ант ішпейді, жарғыға тартылған ант ішеді, (31r/186r) егер ол адал адам болса. Егер біреу жалған ант ішетінін немесе жалған антты зорлап ішкізетінін жарғышы білсе, жалғандық болмау үшін жарғышы ант ішкізуден бас тартқызуы керек. Егер кімде кім ұрлық үшін, немесе зинақорлық (“иттік”) үшін, немесе адамды өлтіргені үшін, немесе қарақшылық үшін ұсталса, бірақ бұл жаман іс анық болмаса немесе дәлел болмаса және арызданушының кұәсі болмаса, онда ант ішу зардаб шеккен жаққа тағайындалады, себебі ондай жамандық жасағандарға ант іше салу түкке тұрмайды. Егер жамандық қылғандар төренің алдында жұртшылыққа естірте арызданып, біздің бұл іске қатысымыз жоқ және бұл жалған (31v/186v) және бізді орынсыз айыптайды, себебі бізге қарсы не тікелей, не жанама ешқандай дәлел жоқ десе, жарғышы олардың сөздерінің рас екенін, және не тікелей, не жанама басқа дәлел жоқтығын көріп, оларға ант етуге бұйырсын және өлімнен құтқарсын.

Тағы да айтайық кімге ант ішуге болатынын.

Біз жоғарыда кұәларға байланысты кімге кұәлік беруге болатынын жазған едік, енді бұл жерде 25 жасқа толған адамға кұәлік беруге болатынын жазамыз. Балаға жасы толмағандықтан ант беруге болмайды. Қартқа да ант беруге болмайды, себебі оның төрінен көрі жақын. Ауруға ант тимес: өлім алдында. Тағы эпитимияға жазаланғанға ант беруге болмайды, себебі ол күнә үстіне күнә қосқан болады. Сондай-ақ монахтарға, (32r/187r) екі қабат (жүкті) қатынға ант ішуге болмайды. Тағы да тамғашыға (әуре-сарсаңға түскенге), маскүнемге және жексұрын күнәхарларға күнәларыннан қайтқанша, себебі олардың кұәлігін ешкім шын деп ойламайды. Басыннан айтқандардың барлығына ант ішуге болмайды. Егер олардың атасы, бауыры немесе ұлы болса, оларға ант ішуге болады. Ал егер қатын кісілердің анасы немесе ері, немесе сіңлісі, немесе туысы болса, олар бірі үшін бірі ант ішсін, сөйтіп ауыртпалықтан құтқарсын және мұндай антты қабылдауға болады. Біз тағы

да, дуана және бабастар туралы жазған болатынбыз, олар төре алдына келмесін, іс бойынша ант ішпесін деп, ал егер төрелік іс қозғалса, олардың бауырлары (32v/187v) немесе туыстары (жақындары) төре алдына келсін. Ал егер ант ішу бабастың үлесіне тисе, оның антын жуығы ішсін, себебі бабасқа төре алдына бару немесе ант ішу әдептілікке жатпайды. Ал егер бабастардың жақсы кісілерден кұәлары болса, олардың жақындары ант іспеу үшін төрешілер олардың кұәлігін қабылдауы керек.

Одан әрі вартапед Микаель ант үшін эпитимия туралы жазады, себебі Төре бітігін ешкім құрастырмай тұрғанда бұрынғы әулие аталар ант үшін өте ауыр эпитимия белгілеген болатын. Тәңірінің еркі болғандықтан осы Төре бітігін құрастырдық, сөйтіп ант үшін эпитимияны жеңілдеттік. Ал егер төреші біреуге ант ішуге бұйырса және ол ант ірі (33r/188r) іс туралы және көптеген жағдайлар туралы болса және ақиқат болса және мойындайтын антты ішсе, ақпас және ол өзі жарғышы болғандықтан, ол адамға үш жылға эпитимия белгілесін. Ал егер өзге жарғышы біреуге төре бойынша ант бергізсе, ант ішкен адам білімді вартапедке барсын, және сол оған эпитимия белгілесін. Ал егер кім болса да жалған мойындайтын ант ішсе, онда оған жеті жылға эпитимия белгіленсін, содан кейін төрешілер және білімділер оның қандай мүлік үшін жалған ант ішкенін анықтасын. Ал егер мүлкі көп емес немесе шамалы болса, оны жарлыларға үлестіруге бұйырсын. Ал кімде кім діннен тану антын ішсе, онда оның шындығына, жалғандығына қарамай, оған өлгенге дейін эпитимия тағайындалсын, (33v/188v) себебі мұндай іске кешірім жоқ. Бірақ бұл вартапедтердің еркінде болғандықтан және олардың қарауына Тәңірінің бұйрығымен берілгендіктен, олар өздері білгенінше әрекет жасасын.

### **9. Тағы да вартапедтің жазғанындай, бізге, христиандарға, дінсіздердің төресінің алдына бару лайықсыз, себебі олар Атаға, Ұлға және Киелі Рухқа сенбейді**

Баршаға белгілі, елші Пауылдың айтқанындай, христиандар дінсіздерден алыстап кеткені: жарық пен қараңғылықтың қандай бірлестігі бар немесе христиандардың дінсіздермен қандай жалпы тағдыры бар? Елшінің басқа да қалдырған өсиеттері бар, солар арқылы біз дінсіздердің көптеген жағдайда (34r/189r) христиандардан алыс екенін көреміз: кейде ол (елші) оларды қарғыс атқан ұлдар, кейде қараңғылықтың ұлдары дейді, себебі ол Мәсіхтің бұйрығын есіткен: “Тәңірінің ұлына сенбеген көктегі мәңгілік өмірді көрмейді, немесе оған Тәңірінің қаһары түседі”. Тағы да ол (Мәсіх) айтады: “Кім судан және Киелі Рухтан тумаса, сол жұмаққа кіре алмайды”. Жохан Ізгі хабарда солай айтады: “Кім Иса Мәсіхтің тәнімен келгеніне сенбесе, сол адасқан және Мәсіхтің жауы”. Әулиелер шын сенімнен тайғандарды ақиқат діннен алыстағандардың қатарына қосып, пұтқа табынғандармен теңеген. Тағы да елші бізге, христиандарға дінсіздердің (34v/188v) төресінің алдына баруға болмайды деп ақыл айтады, себебі дінсіздер өз төресімен жарғылық етеді. Әуелде олар төрені Мұсадан алса да, енді олар өз еркімен жаман қылық-

тарымен, істерді қалай болса солай өтірікші кұәлармен, әділетсіз жарғышылармен, алдамшы қорғаушымен жүргізіп, сескенбейтін ант ішумен көбін бұрмалады. Олардың басқа жаман қылықтарын айтқым келмейді. Олар бізден дінсіз төрелерімен, жаман қылықтарымен осынша алыс тұрса, қалайша олардың төресінен христиан төресіне тән ақиқатты табуға болады, егер олар Тәңрі ұлын Тәңрі деп танымаса? Біз армян тайфасы Мәсіхқа сенеміз де, сол (35г/190г) христиан дінінің арқасында еврейлерден және барша дінсіздерден, діннен азғандардан бөлінгенбіз. Біз әділ төремізбен жүруге тиістіміз, себебі біз Атаға, Ұлға, Киелі Рухқа жаратылысы бір, және Тәңрілігі бір, және хандығы бір, және құдіреттілігі бір, және даңқы бір Тәңрі ретінде табынамыз. Және нағыз адам болған Тәңрінің ұлына, нағыз Тәңрі ретінде, Атасы және Киелі Рухпен мәңгі бақи бір тұтас екеніне сенеміз.

Жақсы христиандар болғандықтан жақсылық істеуге тырысамыз, ал егер бұл дүниенің күнәлігіне алданып, күнәхар болсақ, мақтанбаймыз, тәубеге келіп, өкінеміз, күнәні кешіретіндікке сенеміз, біреуіміз біреуіміздің алдында кешірім сұраймыз, егер (35v/190v) жаңылғандықтан бір-біріміздің жүрегімізде кек орын алса, бір-бірімізді сүйіспеншілікпен кешірерміз. Сондықтан біз олардан өз сенімімізбен, дінімізбен қалай бөлінсек, өзіміздің төрелігімізбен де солай бөлінуіміз қажет, себебі біздің төрелігіміз нағыз шын, тура және сатылмайтын болуы керек, жалған күәлік пен немесе алдамшы сөзуарлардың әсерімен немесе атабабалардың аруағына қиянат жасамай, немесе олардың мұрагерлерінің жанын бишаралыққа ұшыратпай, жанын үлесіннен айырмау керек. Дінсіздердің төресінен осы айтылған барша ізгілік алыс жатыр. Дінсіздердің төресі христиандықтан алыс жатқандықтан христиандарға (36г/191г) олардың төресіне баруға болмайды. Ал кім де кім есалаңдықпен барса, олар бізге, біздің төремізге келтірілетін көптеген залымдықтың себебі болады. Ал кім де кім біздің төремізді менсінбей, мұндай істі жасаса, оларға барса, Тәңрінің елші арқылы ондайлар туралы айтқаны орындалар: “Лағнат сіздерге, себебі сіздердің арқаңызда менің атым дінсіздердің арасында масқараланады”. Сондықтан христиандар жалған іс арқылы ақиқатты жеңу үшін басқа халықтың төресіне бармасын. Христиандар христиандардың төресіне барулары керек, егер христиандардың төресінде жалғандық орын алса да, олар Тәңріден төлеу алатынын (қайтатынын) білуі керек.

### **10. Тағы вартапед, қандай жазбалардан немесе қай халықтардан біз осы төрелерді жинап, (35v/190v) жазып алғанымыз туралы жазады**

Біздің ақиқатымыз қалай болса да белгілі болғандықтан, шындықты барлығы білу үшін және ешкімде бұл төрелерді біз ойдан шығардық деген күдік болмау үшін, қандай жинақтардан, қай халықтардан біз осы төрелерді жинағанымызды және жазып алғанымызды көрсетуге тиістіміз.

Біріншіден, бізге Ескі Төреден алған дұрыс көрінді, себебі патриархтар, Ыбрайым және басқалар, олардан соң дінсіздер де осы төрені қол-

данып иттік жасағандарға, ұрыларға және адамды өлтірушілерге төрелік етті.

Екіншіден, біз барша христиандардан, біздің (37r/192r) бауырларымыз болғандықтан, алдық. Есіткен, көрген жақсы төрелерді жинадық та, жазып алдық. Тағы да Библиядан, Екінші Төреден, тағы басқа жазбалардан Тәңрінің әділ төрелері болғандықтан және оларды Тәңрі бұйырғандықтан алдық. Олар туралы Тәңрі былай бұйырған: Міне төре, дін, күәлік, осыларды сіздерге бұйырамын.

Үшіншіден, біз канон кітаптарынан алдық, себебі олардың көп жеріннен күшті және айқын төрелерді таптым.

Төртіншіден, барша Ескі және Жаңа Төре кітаптарынан алдық, себебі барлық жинақтар діни және заирлы жарғыларға өсиет және төре емей немене.

Тағы біліп қою керек, жалғыз Төре бітігі біздің жазып отырғанымыз емес, оны біз жазып (37v/192v) бітіре алмаймыз, себебі оның канондармен ұқсастығы бар, ал әр түрлі канондарды бірден, бір жерде, бір адам орнатқан жоқ, олар аз-аздан жазылды, әуелі елшілермен, сонан соң Никеяда, одан кейін Византияда, одан соң Эфесте, сол сияқты осы Төре бітігі де. Әуелі мұны бастаған біз болдық, бізден кейін қажеттілікке байланысты аз-аздан жазылып, түгелденді, себебі канондардың бұйрықтары бойынша үш жылда кезекті собор шақырылады, онда өмірде қандай жаңа құбылыстар пайда болғаны зерттеледі, олардың баршасы қаралады, әулие аталар артығын алып тастайды да тура жолға салады. Жарғы бітіктермен де осылай (38r/193r) істеу қажет, егер түрлі жаңа төре жолықса, оны зерттеп, жан-жақты қарап, дұрысы болса осы кітапқа жазу керек. Егер кімде кім назар аударса, барлық діни кітаптардың біртіндеп ілгері басып, жетілдірілгенін байқайды.

Болмыс кітабын Мұса бірден жазбағандай, сондай-ақ 12 елшілердің (кітабын) бір уақытта бір адам жазған жоқ, барлық әулиелер жазған. Қасиетті Ізгі хабарды да бірден бір адам жазған жоқ, әр адам өз кезінде жазды, елші Пауылдың кітаптары сияқты. Сондай-ақ көп кітаптарды әулие аталар, және елшілер өз кезінде жазған еді. (38v/193v) Сол үлгімен осы кітапті де біз жаза бастадық. Егер бізден азғана бұрын жазылған болса және егер көптеген адамдар өз кезінде жазған болса мұны кемшілік деп айтуға болмайды, тек төре тура болсын, барша жақсыларға ұнасын және кемшіліктерінің орнын толтырсын.

**Төрелердің, хандардың, ұлы билердің  
және барша жарғышылардың, зайырлы төрелерінің бастауы,  
сонымен қатар хандардың  
және олардың қол астындағылардың төрелері**

Алдымен діни төресін жаздық та, онда төрешілердің түсімін белгіледік, себебі олар ең алғашқы және ұлы төре.

Ал екіншіден соған ұқсас қылып хандардың, ұлы билердің және (39r/194r) басқа қара халықтың төрелерін түздік.

Жалпыға белгілі, көктегі Тәңрі Иеміз Хан болады, ал бұл дүниенің хандары Тәңрінің атағын алып жүр, бірақ Тәңрі сияқты нағыз шынайы

емес. Әрине хандар деп қол астында билігін жүргізетін, бағынған түрлі халықтар мен ұлыстар және де салық алып тұратын биліктіктері барларды атайды.

Егер ханның заңды некеден ұлы мен қызы болса, онда оның хандық иеліктері балаларына үлестірілсін. Бірақ өзіннен соң хандыққа оның үлкен ұлы отырсын, дегенмен хан қай ұлы лайықты, соны отырғызсын, сол хандықты ұстасын. (39v/194v) Ханның бауырлары тірі болса, ол хандыққа ұлдарын отырғызбасын, тек бауырын. Бауырлар түгел қайтыс болса, ұлдары хандыққа мұрагер бола алады. Егер ханның қызы болса, ұлы князь от басына өзінің үлесімен берсін. Егер ұлға толық үлестісе, қызға жарты үлес қана тиеді. Егер хан өлсе ұлдарының ербалалары болса және қыздарының ұлдары болса, ұлдарының балалары хандықты ұстайды, қыздарының ербалаларына хандық тимейді, себебі қыздарының ұлдары жат балалар деп саналады, мұндай хандыққа отыру тәртібін парсы үлгісіне қарап (40r/195r) армян ханы Абгар орнатты. Сондай-ақ патриарх Нух да өз ұлдарына оңтүстік ұлыста хандық құрған қатын кісілердің үлесін берді. Сол сияқты Мұса да – ол туралы Мәсіх Иеміз қасиетті Ізгі хабарда хабарлағандай, Соломон ханның заманында оңтүстік ханшаны әкелді.

Төре бойынша хан құрметпен тұңғыш ұлына таңдаулы ұлыстарды қалдыруы керек. Күйеуге шықпаған қызына, ұлына бергендей ұлыстар тиюі қажет.

Егер ұл болмаса, қыз болса, тажын қызына берсін, ал ол ерге барса, тажын өзінің еріне берсін, ол хандық құрсын, осы туралы төреде күмән келтірмейтін (40v/195v) кәулік бар: күйеуі өлсе, мұрагерлік қызына қайтарылады. Сондай-ақ Төре бітігімен осы істі реттеймін.

Егер хан өсиет етсе, оның еркі бар тірісінде өсиетті қайта қарап, өзгертуге. Себебі өсиет, елші Пауыл бұйырғандай, өлгеннен кейін өзгертілмейді. Хан Константин осылай өсиетпен ұлдарын хандыққа отырғызды.

Шекараны, бұрынғы хандардай, таулармен, өзендермен, белгідіңектермен анықтау керек.

Егер ата ұрпағында ешбір мұрагер болмаса, (ханның) тажды жатқа беруге еркі бар, бірақ төре бойынша тажды жатқа беруге болмайды. Бұрынғы (41r/196r) ескі заманда мұндай болған екен, Хиндустан ханының ұлы және Александр Македонский осылай істеген. Хандықтың басқа қағидалары Тәңрінің қарауында болады. Осы айтылған әділ төренің барлық князьдарға және би-ақсүйектерге қатысы бар. Бірақ ханды хандыққа отырғызқысы келсе, оған патриархтың еркінсіз және батасынсыз және бұйрығынсыз жол берілмейді.

Егер бекініс тұрғызса немесе қала салса соған лайықты алым-салықты белгілесін. Тағы да ханның төре бойынша ақша бастыруға еркі бар. Ал княздардың ханның бұйрығынсыз ақша шығаруға еркі жоқ.

Төре ханға ұлы өзендердің үстінен көпір, (41v/196v) керуенсарайлар және қамқорлық (пана) үйлерін салуды міндеттейді.

Тағы да ханның рұқсатынсыз ханның киімдерін киюге ұлы билердің құқығы және еркі жоқ.

Тағы да ханның дастарханына ас ішуге, егер хан құрмет көрсетіп шақырмаса, патриархтан басқа ешкімге отыруға болмайды.

Хан өз палатасында не істесе де өз еркі, ал патриархқа бара қалса, патриарх қожалық етуі қажет; ол отырған жерде не істесе де өз еркі, бірақ (ханға) баратын болса, ханға бұйыра алмайды, тек ұлы ақбастарға (бұйыра алады).

Төре христиан хандарына дінсіздердің хандары сияқты арамзалық өмір сүруге тиым салады. Оның (ханның) ақбатамен некелескен ханшасы болсын, себебі (ханның) патриарх пен бірге амвонда (42r/197r) тұруға құқығы бар. Сондықтан ол дін рәміздерін қатал ұстаған ұлы хандар ежелгі Овсий хан мен Ехекия және Дәуіт, ал жаңа дәуірде Абгар мен Константин, Феодосий мен Трдат және сондайлар сияқты бұрынғы әдетпен өмір сүрсін.

Христиан хандарының барлық істері және шешімдері төреге сәйкес болсын және олар ешкімді қиянат жасап, жәбірлемесін. Егер христиан ханына дінсіздермен соғысуға тура келсе, алдымен олардың басқаларға неге семсер көтергенін анықтау керек, дінсіздердің шабуыл жасауға қандай мақсатпен келгенін білу керек. Содан кейін қаланы қоршауға алып, қалаға елші жіберсін: “Жақсылықпен беріліңіздер” – деп бір, екі және үш мәрте ескертсін. Егер берілуге (42v/197v) келіспесе, Тәңрінің көмегімен күшпен алсын, ал қарсыласқандарды қырсын, қалғандарын сақтап, салық салсын. Ал егер берілсе, қара халықты сақтап, салық салсын, бас кісілерін салықтан босатсын және қала жеріне зиян келтірмесін.

Егер кімде кім хандықтың бекінісін немесе қаласын беріп қойса және оның шын екені дәлелденсе, ол адамды өлтіріп, ұлы және қызы, қатыны және мүлкі хандыққа алынсын. Ал кімде кім хандықтың қазынасын ұрласа, егер ұстап алса, оны асу керек, қызметкерлері(құлдары) және балалары және мүлкі хандыққа алынсын.

Егер дінсіз христианды қасақана өлтірсе, сол үшін ол өлтірілсін. Ал егер (43r/198r) абайсызда өлтірсе, қолын кесу керек және қан құнын төлесін. Бірақ адам қанының бағасы жоқ, себебі Тәңрі өз сипатына ұқсас құлын жаратқан және өлгенді тірілту жалғыз Тәңрінің қолынан келеді. Ешкімде Жүсіптің және Мәсіхтің нағыз бағасы бар деп ойлама-сын: Жүсіп үшін 20, Мәсіх үшін 30 (күмістік),– себебі Жүсіпті ұрлап сатты, ал Мәсіхті Иуда сатты. Егерде адам өлтіру орын алса, менің ойымша, төрелі болады, егер адам қанының бағасы 365 алтын болса, себебі бұл адам буындары мен жылдың күн санына сәйкес келеді. Егер өлтірген кісі құрметті дьякон болса, айып екі есе. Ал егер христиан дінсізді өлтірсе, айыптың үштен бірі айып мөлшері ретінде белгіленсін. (43v/198v) Ол христиан болмағандықтан, мұндай іс жолықса оның жарғысы осындай.

Ал егер өлтірушінің қанның құнын төлеуге күші жетпесе, онда өзін сатып төлеу керек, ал үйін хандыққа беру керек.

Егер христиан дінсізді қасақана өлтірсе, жазылғандай, қан құнын төлесін; ал егер абайсызда өлтірсе, жартысын төлесін, бірақ қан құны хандыққа (қазнаға) болсын, оның үштен бір үлесі өлген кісінің туғанда-

рына берілсін. Егер христиан христианды қасақана өлтірсе, қанның құнын туысқандарына төлесін, ал хандыққа әлі келгенше айып берсін. Өлім жазасына лайық болса да, айыбын беріп, опық жесін. Мұндай ауыр төрелікті хан шығарсын, ал (44r/199r) басқа төрелік жарғышыларға берілсін. Ұлы билер хан бұйрығынсыз өлім жазасына лайықтыларды өлімге кеспесін, бірақ ұлы би ұрылардың жарғысын шығарсын, ал кіші билер ұлы билердің рұқсатынсыз ұрының жарғысын шығармасын.

Тағы да айтарымыз, тұтқындарды және соғыс олжасын бөлу туралы. Егер хан көп әскермен дүшпан еліне барып талқандап, талап, олжамен оралса, олжада алтын болса хандікі болсын. Хан ант іштіріп алмасын, әскерін шақыртып хабарласын, егер кейін кімнен болса да алтын табылса, одан жеті есе хан айып алсын. Тапқан алтынның оннан бірін шіркеуге берсін. Соғыс олжасының және (44v/199v) тұтқындардың жартысы хандікі болсын, оның оннан бірін шіркеулерге берсін, ал жартысы әскердікі болсын. Барлық ұлы билер осылай үлестірсін, олар да оннан бір бөлігін шіркеулерге берсін. Ал егер ұлы билер соғысқа өздерінің жарағымен барса, бірақ хан олармен бірге болмаса, жеңіспен оралса, сонда да алтын хандікі болсын және тұтқындардың және олжаның оннан бір үлесі ханға берілсін, шіркеулерге елудің бір үлесі төре бойынша берілсін. Қару-жарақ ұлы билерге бағынатын қорғандарға берілсін.

Тағы да ханға, ұлы билерге ұры ұстап тұру жараспас, тек барлаушы (ұстасын).

Кімде кім соғысқа биімен барып, өлсе, биінің жазығы (45r/200r) жоқ, ал егер (биі) ұрлыққа жіберіп онда өлтірсе, биі оның қанына борышты болады. Құлы (қызметкері) өз еркімен барып (соғысқа), онда өлсе, биінің айыбы жоқ. Егер биі қызметкерін барлауға жіберіп, ол қолға түссе, биі сатып алуға тиісті. Егер ол өз еркімен барып, қолға түссе, ол өзін өзі сатып алсын. Егер жауынгер соғыста біреуді тұтқындаса, оның киімі, түрлі қаруы соныкі болсын, ал сауыты – биінікі болсын. Күміс олжасы билердікі болсын, ал бақыр және темір, және осыған ұқсас заттар әскердікі болсын. Түрлі бағалы киімдер болса, хандікі болсын. Бағалы шекмендер және жақсы жабдықтар билердікі болсын және ақ шекпендер (шұғалар) және маталар жауынгерлердікі болсын.

(45v/200v) Тағы да ұлыстардан, барша халықтардан, өздерінің қол астындағылардан хандар және билер салықты бұрынғылар сияқты әділеттікпен алсын, әйтпесе барлық істер үшін, ынсапсыздық үшін Тәңрінің алдында жауап беретін болады, себебі оларға билік Тәңріден ұлыстарын құлдырату үшін емес, қорғау және сақтау үшін берілген. Сондықтан былай болсын: егістік жердің үлесіннен бестен бірін алсын, бір кезде перғауынның елін алғанда Жүсіп осыны төре қылған. Ол сонда үлестің бестен бірін алуды белгіледі, енді қазір де осылай болсын. Ал ақшаға сатып алған мүліктерге, егер олар егістік жерлер, егер жүзім егістіктері, егер бақшалар, (46r/201r) егер диірмендер, егер үйлер болса бестен бір жасақ (салық) салынбасын. Ұлыстағы христиандар, және қолөнершілер және көпестер жасақ төлесін. Бірақ христиандарға жасақ төлеуді төре қарастырмаған, тек қылыштың күшімен бағынды-

рылған дінсіздерден (алынған). Өзеннен суарылатын егістік жерлерден бестен бірі алынсын; суарылмайтын (егістіктен) – оннан бірі; жер хан мен бидікі, бірақ су олардікі емес. Бір аптада жеті күн бар, бір күн ханға және биге істейді, қоластындағыларды одан артық істеуге мәжбүрлеу – зор әділетсіздік.

Өгізден басқа жасақ болмасын, себебі оның иесі бес күннің біреуін (өгіздің күшімен) өтейді.

Сиырдан бір литр сары май алынсын.

Жайылым (46v/201v) үшін де жасақ берілмесін.

Қойлардан (жасақ) – ондық.

Аттан, қашырдан, есектен жасақ алынбасын, себебі олармен әр кез билеріне қызмет істейді.

Тағы да жылдың басынан шаруалар әліне қарай жұмыс істесін, ал ұлы күнде (шіркеу мейрамдарында) істемесін. Мұндай іс болмасын, себебі ол әділетсіз үйреншік.

Би шаруаға төресіз айып салмасын. Егер қандай болсын әділетсіздік жасаса, шамасы келетін айып алынсын. Егер біреу жамандық жасаса, төремен қарау керек.

Егер хан биге енші немесе бос жатқан жерді берсе, ол би ханның рұқсатымен сол жерде қамал тұрғызса, ол оның мәңгілік жері болады. Ал егер сол би ханға қарсы ауыр жаңылу жасамаса, оны ол (47r/202r) мүліктен қуып шығара алмайды. Ол бий өлген соң мүлкі ханның рұқсатымен балаларына ауысады. Ұлы билерден кіші билерге бірдеме берілсе, сондай-ақ кіші билерден шаруаларға олар құрылыс жүргізуге бос жатқан жер берілсе, ағаштарды кесіп, егістікке айналдырсын, ол олардың мүліктері болсын да, өздеріннен соң балаларына қалсын. Егер шаруаның кінәсі болмаса, би жала жабу арқылы жерін ала алмайды.

Жаңа құрылған жерлер барлық жағы түгелденбейінше, барша салықтан босатылады.

Алайда хан жаңа қала немесе бекініс салса, егер хандықтың ақшасы жетпесе, бүкіл ел болып толтырылсын.

Қала халқының шаруаларға қарағанда (47v/202v) қадірі басым болсын, ал шаруалардың хуторда тұрушыларға қарағанда қадірі артық болсын.

Керекті және жақсы кәсіп – егіншілікпен шұғылдану, тағы да теміршілік және ағаш шебершілік мамандықтары. Қолөнер кәсіпшілерінің арасында аса құрметті темірші мен ағаш шебері. Тағы да адам жаратылысына керекті және болысатын кәсіпкерлік – дәрігерлік, ол адамның барлық ауруын танып, оңалтады, сондықтан бұлар да ұлы құрметте болсын. Тағы да ең жоғары дәрежедегі құрметті, жанға да тәнге де пайдалы – сөз кәсібі, бізді жамандықтан құтқарып, жақсы жолға салушы, хан сарайында да, би биеттердің арасында да артық құрметке бөленетіннің ілімі, себебі ол баршаға (48r/203r) керекті атасы және жанды емдеуші.

### **Ант ішкеннің (төре алқасының, ант берген мүшесінің) анты**

Құдыретті Құдайға және ғизатты біздің мырза поляк короліне, қайырымды корольдің жоғары радасына, бүтін біздің халқымызға, әрбір

тайпаға ант береміз: біздің төре алдына әділдік сұрап кім келсе де, мейлі бай немесе кедей, қонақ немесе көрші, қарт немесе жас, жетімдер немесе жесірлер болсын тек әділдік құру; біздің жоғары санамызға сәйкес біздің құқықтарымыз бен жеңілдіктерімізді сақтап, қорғау; сүйіспеншілік, ашу, қорққандық, достық, өшпенділік, тарту (сый), пайда үшін біз олардан айрылғымыз келмейді; осы үшін бізге көмектес пан Құдайым мен қасиетті Қрест.

(48v/203v) Алдымен Құдайға, сонан соң поляк короліне, біздің биімізге ант береміз: біз оның жоғары радасына, барша біздің халқымызға шын бағынамыз, байды да, кедейді де, қартты да, жасты да, жесірді де, жетімді де, қонақты да, басқа да біздің төреміздің алдына келгенді әділдікпен жарғылаймыз, сыйына және жарамсақтыққа көнбей жоғары санамызға сәйкес бәрін бірдей әділ жарғылаймыз; осының барлығын ешбір басқа оймен емес, тек Құдайға сүйіспеншілік үшін; осы үшін бізге көмектес Құдай және осы қасиетті Қрест.

### (49r/204r) Армян төресінің кітабы

- 1-бап. Бірінші, ханның тағына және билеріне қарсы жаңылғандар туралы.
- 2-бап. Құлдың (қызметшінің) өз биіне қызмет еткені туралы және шаруаның өз биінен кеткені туралы.
- 3-бап. Балалардың төбелесіп, бірін бірі өлтіргені туралы, олардың жастарына қарай жазылған.
- 4-бап. Балалардың бірін бірі мүгедек қылғаны туралы.
- 5-бап. Бірін бірі суға (49v/204v) батырып жіберген балалар туралы.
- 6-бап. Бәстесіп секіретін балалар туралы.
- 7-бап. Ауыр салмақтарды көтеру үшін бәстесетін жігіттер туралы.
- 8-бап. Есірік кісілер туралы.
- 9-бап. Жер астынан тапқан мүлік туралы.
- 10-бап. Қай кезде кім болсын біреудің сақалынан жұлқылағаны.
- 11-бап. Дәнді жер астына сақтауға байланысты болатын жағдайлар туралы.
- 12-бап. Шаруалар төресі туралы.
- 13-бап. Кім өз ұлтының бабасын құрметтемейді.
- 14-бап. Корольдің тағын немесе билердің кеңесін сыртынан қорлаушылар туралы.
- 15-бап. Өз иелерінің рұқсатынсыз бабас бола алмайтын еріксіз қызметшілер туралы.
- 16-бап. Христиан құлдары туралы.
- 17-бап. Сатып алған малай қатындар туралы.
- (50r/205r) 18-бап. Сатып алған дінсіз құлдар туралы.
- 19-бап. Кім өз әкесін және шешесін ұрады.
- 20-бап. Жаңылған үшін жауаптылық.
- 21-бап. Кім кісіні ұрласа.
- 22-бап. Кім өз әкесі, анасы және бауырлары туралы өсек айтса.
- 23-бап. Екі кісі төбелесіп, бірін бірі жараласа.
- 24-бап. Кім сатып алған құлын немесе малай қатынды өлтірсе.

- 25-бап. Кім қашанда төбелес бастап жүкті қатынды ұрса.  
26-бап. Қашанда өгіз өгізді мүйіздесе.  
27-бап. Қашанда кім өзінің қызметшісін мүгедек етсе.  
28-бап. Қашанда өгіз өгізді немесе бұқа бұқаны өлтірсе.  
29-бап. Құдықтар және шұңқырлар туралы.  
30-бап. Шұңқырға құлаған кісі туралы.  
31-бап. Туар қара (қара мал).  
32-бап. Аттар туралы.  
33-бап. Біреуді тебетін және (50v/205v) мертіктіретін асау ат туралы.  
34-бап. Қашанда кім өз үйінде түнде ұрыны ұстаса.  
35-бап. Бақшалар және егістік туралы төре.  
36-бап. Өртеу және өрт туралы төре.  
37-бап. Қашанда біреу біреуге сеніп, оған сақтауға бір нәрсе берсе.  
38-бап. Туар қараны біреуге сақтауға берсе.  
39-бап. Біреу біреуге сайманды пайдалануға беруі туралы.  
40-бап. Біреу біреуден нәрсені борышқа алу туралы.  
41-бап. Нәрсені кепілдікке қалдыру туралы.  
42-бап. Біреуді біреу өртеу туралы.  
43-бап. Кімде кім біреудің бақшасындағы ағашына зиян келтірсе.  
44-бап. Аттар және туар қара туралы.  
45-бап. Кімде кім кедейліктен (51r/206r) өзінің егісін немесе егістік жерін сатса.  
46-бап. Кім бекініс ішінде үй сатып алса.  
47-бап. Су диірмендері туралы.  
48-бап. Кім ат сатып алса.  
49-бап. Өгіз сату туралы.  
50-бап. Біреу біреуге сиыр сатса.  
51-бап. Аралар туралы.  
52-бап. Шарап үшін істелген балшық құмыра туралы.  
53-бап. Жеміс ағаштарының жемісін сату туралы.  
54-бап. Біреу қашанда диірменді жалға алса.  
55-бап. Жарғы барысында біреу тіл тигізген жарғышылар және бабастар туралы.  
56-бап. Егістіктердің шекарасы туралы.  
57-бап. Күәлік туралы.  
58-бап. Егер өлтірілген кісіні біреу басқаның шекарасында тауып алса.  
59-бап. Атасының-анасының (51v/206v) сөзін тыңдамаған балалар туралы.  
60-бап. Жаман қылық (қылмыс) жасаған кісілер туралы.  
61-бап. Ұрыны жазалау туралы.  
62-бап. Кім қатынды немесе қызды зорласа.  
63-бап. Біреу біреудің жоғалған нәрсесін тапса.  
64-бап. Біреу біреумен жолға шықса.  
65-бап. Кім бұзықтық пиғылмен киім кесе.  
66-бап. Кім жаңа үй салса.  
67-бап. Кім біреудің егістігіне орақпен кірсе.  
68-бап. Кім басқаның жүзім егісіне кірсе.

- 69-бап. Жас күйеулер туралы.  
70-бап. Қол диірмені туралы.  
71-бап. Кепілсіз борыштар туралы.  
72-бап. Жалшы жұмыскерлердің төресі.  
73-бап. Жесірден ешкімде кепіл алмасын.  
74-бап. Екі еркек төбелескен кезде (52r/207r) арасына кіріп айырмақшы болған қатын туралы.  
75-бап. Өлген кісіні көрден қазып алса, және үстінде не бар, бәрін алса.  
76-бап. Егер біреу біреуді абайсызда өлтірсе.  
77-бап. Қараусыз өскен балалар туралы.  
78-бап. Ата-анасын тастап кеткен балалар туралы.  
79-бап. Соғысқа баратындар туралы.  
80-бап. Қолөнершілердің төрелері.  
81-бап. Ақыл ойы кем және ауру балалар туралы.  
82-бап. Сауданың төресі.  
83-бап. Иеліктің шекарасы туралы.  
84-бап. Жетімханалардың (паналайтын үй) төресі.  
85-бап. Монастырлардың төресі.  
86-бап. Теңізде кемеңнің және адамдардың апатқа ұшырауы.  
87-бап. Жаңа елді мекенге орналастыру.  
88-бап. Аталардан қалған жылжымайтын мүлік пен заттарды алып қою.  
(52v/207v) 89-бап. Туған бауырлар арасында үлес бөлу.  
90-бап. Ұрыны айыптау, немесе оның жазасы қандай.  
91-бап. Ұрының жарғысы.  
92-бап. Жалшысын іске жұмсаған би туралы.  
93-бап. Басқа кісінің жалшысын біреудің өз ісіне жұмсауы.  
94-бап. Қызметке жалданатындардың төресі.  
95-бап. Біреудің малы егістікке зиян келтіріп, оны ұстап алып, қамап қойса.  
96-бап. Біреу атты үркітсе.  
97-бап. Адамды өлтірушілік туралы.  
98-бап. Түрлі село істері туралы.  
99-бап. Сауатсыз және мүлдем надан емшілер туралы.  
100-бап. Кімді күшпен өзінің еркінсіз іске жұмсаса.  
101-бап. Жұмыс істеуге жалға алынған жұмыскерлер туралы.  
102-бап. Малшылар төресі.  
(53r/208r) 103-бап. Кім шіркеуге қандай да садақа берсе.  
104-бап. Алып-сатарлар және ұсақ дүкеншілер төресі.  
105-бап. Қолөнершілер төресі.  
106-бап. Өз иесінің саймандарымен жұмыс істейтін қолөнершілердің жұмыскерлері туралы.  
107-бап. Кім соғыста болып, мүлік тапса.  
108-бап. Бұрынғы борыштар төресі.  
109-бап. Кім бір нәрсе сатып алса, және оған кепілге ақша берсе.  
110-бап. Біреу бір нәрсе сатып алса, сатушы оны ұстап алса.  
111-бап. Біреу кепілге ақша берсе.

- 112-бап. Біреу біреуге бір нәрсе берем деп уәде берсе, бірақ бермесе.  
113-бап. Ұлы әкесіне айтпай біреуге қарыздар болса.  
114-бап. Керуен сарайда тауарларын қалдыратын қонақтар туралы.  
115-бап. Жетімдер төресі.  
(53v/208v) 116-бап. Ата мүліктері туралы.  
117-бап. Адам қаны туралы.  
118-бап. Төре шешіміне шағым арыз беру.  
119-бап. Төресі тараптардың бір жағы келмесе, төрелік етпесін.  
120-бап. Армян төресін жүргізу тәртібін түсіндіру.  
121-бап. Төрені құрметтемейтіндер туралы.  
122-бап. Войттың алдына шақырылып, бірақ келмегендер туралы.  
123-бап. Барлығы қатындар туралы.  
124-бап. Ант ішу туралы түсіндірме.

**(54r/209r) Армяндардың заңдары армян тілінде басталады және ғизатты ұлы бидің биінің де биі Зигмундтың, поляк королінің, мырзаның және билеушінің бұйрығымен**

Армян тілінен латыншаға, латыннан полякшаға, полякшадан біздің тілге аударылған мынандай сөздерден басталады.

(54v/209v) Ғизатты бидің биі Зигмунд, Тәңрінің мейірбандылығымен Польша королі, Литваның ұлы князы, Орыстың, Пруссияның тағы да басқа ұлыстардың биі және билеушісі, армяндардың төрелері мен шешімдерін төмендегі бастамамен және сөздермен жариялайды және орнықтырады.

Тәңрінің аты үшін. Аумин.

**Мәңгілік істің мәліметі**

Корольдің және князьдардың төрелері мен шешімдері, басқа да өтпелі істері белгілі бір мезгілде парасаттылық және ақылмен қабылданып, жарияланған, сөйтіп орындалуы қажет болды; соңынан заман және ғұрып өзгеріп, мұндай істерді өзгертудің немесе түзетудің немесе жоюдың қажеттігін талап еткен; ал кейбір нәрселер басыннан тиімді жасалып, (55r/210r) жүзеге асырылып отырғандықтан, қосуды және түзетуді керек етпейді. Сол үшін Зигмунд Тәңрінің мейірбандылығымен Польшаның және Литваның ұлы биі, тағы да басқа ұлыстардың, Краковтың, Сандомирдің, Серадздың, Куявтың, Ленчицаның, Орыстың, Пруссияның, Хелменнің, Елбеннің, Помордың тағы басқалардың биі және билеушісі.

Замандастарымыздың барлығына, қазіргі тұрғындарға, келешектегілерге, бұл істерден хабары барларға, олар білу үшін мәлімдейміз: осы уақытқа дейін Львов армяндары, біздің қол астымыздағылар бұрынғы жеңілдіктерді (55v/210v) иеленіп, өздерінің, армяндар үшін біздің аталарымыз орнатқан төрелерімен тұрған еді; біз оларды қабыл алдық, ұстандық және сақтадық. Бірақ жақында олар мен Львов қаласының бургомистрі, Рада мүшелері және қара халық арасында сол төрелерге байланысты қайтадан кейбір даулар пайда болды; ол төрелер армян тілінде жазылғандықтан тек өздеріне ғана түсінікті, ал олар

Львов қаласының войтымен және армяндардың арасынан бөлінген алты армян қарттарының қатысуы мен сол төрелер бойынша жарғыласулары қажет; тек біздің басқа бұйрықтарда жазылған 4 бапмен олар немістердің магдебург төресі бойынша жарғысы болсын, (56r/211r) демек мұны қала войты және басқа кісілер, егер олардың армяндармен істері болса, білсін және белгілі болсын. Олар анық түсінсін және күдікпен құбылмалылыққа орын қалмасын деп біз армяндарға сол төрелерді латыншаға аударып, басып, бізге беруге бұйырдық. Біраз төрелерді біздің кеңесімізде ақылға салып, кейбіреулерін өзгертіп және жаңартып, біздің бұйрығымызға жазып, жаңадан бекітуді жөн көрдік. Осы төрелердің пайда болуы осылай басталады.

### [Қосымша 1-бап]

Иоаннес[-Сымбат], Тәңрінің шапағатымен армяндардың ханы, өзінің билігінің құтты уақытында қаулы етті: жексенбі күні (56v/211v) Тәңріміз Иса Мәсіх Биіміздің өліден қайта тірілгенінің күні болғандықтан, ол өзінің хандық бұйрығын шығарып, оның бірде бір меңгерушісі, бір де бір бұйрықшысы ол күні, жексенбі күні, қандай болсын хандықтың салығын алмасын. Тағы да бір де бір жарғышы жексенбі күні жарғыны шығармасын, – деп бұйырды. Тағы да ол бұйырды: жексенбі күні ешкімді тұтқындамасын және отырғызбасын. Тағы да жексенбі күні ешкім өзіне қарызды және басқа нәрсені талап етпесін. Бірақ барлық христиандар жексенбі күні, ұлы күнді баршасы ерікті және қуанышты болсын, жиналып шіркеуге келу үшін басқа істермен айланыспасын, (57r/212r) жылап тұрып Тәңріге сыйынсын. Бір де бір христиан жексенбі күні бірімен бірі ерегіспесін, өшін алмасын. Жексенбі күні әр қайсысы аман-есен болсын, Тәңріге алғыспен сыйынып, жердің-көктің ханына шүкүрлік айтсын.

Мұнда айтылған жексенбі күні төрелік болмасын, ешкім тұтқындалмасын дегенді былай түсіну қажет: хандыққа қарсы қылмысқа, жаман жаңылмақтыққа, сенімсіз қарыздарға және отырқышылығы жоққа қолданылмайды.

### [Қосымша 2-бап < 16, 85]

Тағы да қадірлі және мақтаншты армян ханы Теостың, басқа да хандардың және христиан мен армян князьдарының ескертуі. Сол хандар Тәңрінің ақиқаты (57v/212v) бойынша оның елінде кімге не істеу керек екені төрелермен анықталып, белгіленген болу керек деп талап еткенде, ол пайғамбарлар мен әулие елшілерді, қасиетті шіркеудің ілімдеріне сәйкес өз еліне, өзінің қоластындағыларға, былайша айтқанда қалаларға, қалашықтарға, селоларға және өзге жерлерге және өзінің билігіне берілгендерге олардың баршасы түгел және әркім жеке өзі төрелерді орындасын, осы бұйрықтар күшінде сақталсын, олардың беделін түсірмесін деп орнатты.

Армян хандары төрелерді жарғышыларға жарияласын, сол сияқты барша төрешілерге, әділдікті орнатушыларға, әр қайсысына бұйырсын: бұйырамыз (58r/213r) барлығына – қожаларға және кедейлерге, жесір-

лерге және жетімдерге, қалалықтарға және қонаққа, шеттен келгендерге әділдік пен әділ жарғы жүргізсін, сый-сияпат және пара алмасын; жарғышылар қатал қарап, бақыласын: жарғы кінәлі адамды ақтап жібермесін. Сонымен қатар, төреші теріс төрелік етсе, ондай іс кұәландірулермен дәлелденсе, ол арсыз деп жариялансын. Арсыз деген лақаптан төреші ханға шағым арыз беру арқылы құтыла алады, ал арыз төрешінің атынан берілуі керек. Сондықтан жаман, заңсыз төрелік шығарған, жаман жарғы еткен төреші арсыз емес деп табылады, егер істі қарайтын жарғышы апелляция негізінде жарғылық етсе. Егер төрешінің теріс, жалған бұйырғаны (58v/213v) сезілсе, оны жазалауға болады.

Төрешінің міндеті тараптарды мәмлеге келтіру және оларға ант ішуді тағайындауға асықпау. Егер жарғышы тараптарды татуластыра алмаса, онда жарғышы төреде қалай жазылса, солай істеуге бұйыруы керек.

Егер екеу жарғы алдына келіп, бірін-бірі қарызын өтемегені туралы, немесе басқа жағдай бойынша айыптаса, бірақ екі жақтың да кұәлары болмаса, онда осы сияқты істерді кім қозғаса, бірақ мойындамаса, арыз берген емес, жауапкер өзі ант ішіп, арызшыға төре бойынша жауап берсін.

(59r/214r) Егер армян войтының алдына екі тарап қандай да болсын істермен келсе және кұәлар болса, қай жағын жақтаса да кұәлар шындықты айтса, екі немесе үш жақсы кісілер болсын және олардың кұәліктері бір-біріне ұқсас болсын. Мұндай жағдай қабылданады, жарғышы сол тараптың пайдасына, тіпті екінші дәукер кұәлікті мойындамаса да, шешім айтуы керек. Егер кұәлік шындыққа сәйкес келсе, ал (екінші жағы) оған қарсы шығып шындықты өтірікке айналдырып жоққа шығарғысы келген жағдайда, мынадай тоқтамға келу керек. Ақиқат кұәлікті ұстанып, даттаған кұәнің сөзіне құлақ аспау керек.

(59v/214v) [Қосымша 3-бап < 99]

### Армяндардың өсиеттері туралы төре

Қашанда армянға өлім қаупі туса кұәлік беру үшін өзінің бабастарын, қарттардан екі-үш еркектерді және өзінің жақындарын шақыруы керек. Әуелі ол өзінің шіркеуіне, өзінің ақбасына (епископына) және өзінің бабасына (попына, дін атасына) бірдеме бөлу керек; өзін қоятын жерді белгілесін; қалған мүліктері мен тірліктерін өзінің туғандарына және ұрпақтарына бөлсін; өз еркімен кімге өсиет ететінін жарияласын. Осындай істер дүние кешіп бара жатқан адамның соңғы еркі ретінде (60r/215r) қабылдану керек, егер сіздер бірдеме айтқыларыңыз келсе, өсиет қалдырушының тірісінде және көзінше өсиет құрастырушының алдында айтыңыздар. Әйтпесе ол өлсе сол өсиет қалай жасалса да, өлгеннен кейін сақталуы қажет, оның жақындарының лайықсыз сөздеріне көңіл аудармау керек, себебі олар оның тірі кезінде ештеме айтқан жоқ болатын. Елші Пауылдың айтқанына сәйкес, өсиет өлгеннен кейін күшінде қала беру керек. Егер өсиет еткен тірі қалса, ал өсиет оның еркінде болу керек: тілесе бұзады, тілесе қайта жасайды, өз ойына келгенді істейді.

## [Қосымша 4-бап] Некелік мәмлелер туралы төре осындай

Туған-көкелерін шақырсын, және некелестірсін. Бұл істі былай ету керек. Күйеу қыздың атасымен сөйлессін, ал оған қызының артыннан қандай жасау беретіні туралы белгілі болу үшін, оған (60v/215v) не берілетінін айтсын, себебі жасау қатындардың атасыннан және анасыннан алатын үлестері мен мүліктері. Егер қыздың атасы қатты ауырып қалса және өсиет бойынша қызына бір нәрсе бергісі келсе, өзі қалай ойласа, солай істеуге ерікті. Оған ұлдары қарсы болмасын және өзі ұлдарына зиян келтірмесін. Егер қыз бала әкесі өлгенде күйеуге шықпаған болса, бауырлары оны жасаумен оның үлесін қосып ерге берсін, өздері қозғалмайтын мүлікке ие болып қалар. Егер бауырлары болмай қыздар қалса, олар аталарының мүліктеріне (61r/216r) мұрагер болып қалар.

Өлгендердің игілігі, егер олардың ұлы, қызы болса, ұлдарына, қыздарына және қатынына қалар. Ал кімнің ұл, қызы болмаса, оның игіліктері жақындарына және бауырларына қалар. Өлген кісінің жақындары оның қатынын шетке қақпасын. Қатынның өз иесіне (күйеуіне) әкелген игілігін барлық істен бұрын, оған қайтарып берулері керек. Тағы да оған иесі (күйеуі) қосымша бергенді, алтын сияқты, күміс, інжі сияқты, солардың барлығын оған беру керек. Туғаны өлгеннен кейін туыстары айтылғандарды бергісі келмесе де қатынына оны берулері керек. Туған-көкелерге өлген туысыннан қалғаннан төрттен үш бөлігі тисін, және қатынға (61v/216v) барлық қалған белгілі игіліктен төрттен бірі тисін. Егер ата жағыннан және ана жағыннан төрт атаға дейін ешқандай туысқан болмаса, оның игілігі корольдың қазынасына беріледі. Ал жоғары билікті король ол кісінің аруағы үшін Тәңрінің жолына бір нәрсе беруі керек.

Жоғары билікті король өзіне тиген мүліктен өлгеннің жаны үшін Тәңрінің жолына беруге міндетті емес, себебі оның билігі сол сияқты армян төрелерімен байлаулы емес, сондықтан сондай төре оған тиесілі мүлікті билеуге өзі ерікті. Армяндар, (62r/217r) сондай мүліктер болса, еш нәрсені жасырмасын, себебі ол үшін қатал жаза қолдану қаупі бар.

Егер қайсы қыз өз атасының үлесімен және анасының үлесімен ерге барса, ал күйеуімен екеуінің ұлы, қызы болмаса, өз балалары болмағандықтан, бауырларын, қарындастарын және жуықтарын мұрагерлер етіп тағайындай алады. Сол қатынға өзімен алып келген мүлік, сонымен бірге қосымша тауып алынған мүлік қатынға қайтарылсын. Егер өлім халінде жатқан адам өзінің қатынын бауырлары және қарындас-тарымен қосып мұрагерлер қылып тағайындағысы келсе, онда төре бойынша олар оның аруағына қамқорлық жасасын. Егер қатыны күйеуінен бұрын өлмесе, осы бұйрықты ұстану керек.

### (62v/217v) [Қосымша 5-бап]

## Армян төресінің отырысы туралы ереже

Қашан войт армян қарттарымен төреде отырса, алдымен әрбіреуінен сұрасын: “Төрені бастауға бола ма?” Олар айтуы керек: “Бүгінгі тө-

рені жазылған төреге сәйкес және тараптар келіп тұрғандықтан, бастайық”. Төренің отырысын мынандай сөздермен бастау керек: “Мен төренің отырысын би Тәңрінің әмірімен, біздің короліміздің және менің, войттың әміріммен және менің жанымда отырған алты армянның әмірімен, барша армяндардың әмірімен бастаймын және бұйрық етемін және бұйырамын әділеттілікпен жүргізуге, ешкім де жарғыға жуық келмесін және кетпесін, (63r/218r) біздің рұқсатымызсыз және рұқсатсыз бірдеме істеуге тиым саламын, бұйрық етемін және ортада тәртіп орнатамын, ал кімде кім бұл тәртіпті және айтылған істерді орындамаса, оны сөзбен немесе әрекетпен бұзса, ол жазаланатын болады және төре не тағайындаса, соған төзуі керек. Төренің отырысын бастағанда әрбіреуіннен қайталап сұрау керек: “Төренің отырысын дұрыс бастадым ба?” Ал олар айтулары керек: “Дұрыс, жазылған төреге сәйкес”. Тағы үшінші мәрте әрбіреуіннен сұрау керек: “Осында белгілеген тәртіпті сақтау керек пе?”. Ал олар айтулары керек: “Төре күшімен жазылғанды сақтау керек”.

### **(63v/218v) 1-бап=2. Хан тағына және өзінің биіне қарсы жаңылғандар**

Корольдің тағына, өзінің биіне қарсы жаңылған үшін дарға асылады. Ауыр жаңылыс жасағанына байланысты балалары, бауырлары, қарындастары оның орнына орналаса алмас. Бірақ балалары атасының мүлкінен айырылмас, егер айтылған жаңылғандық бойынша әкесімен және оның туғандары сыбайлас болмаса. Ал егер астыртын олар сөз байласқан болса, әркім өз жаңылысына қарай жазалануы керек.

(64r/219r) Корольдің тағына және Речь Посполитаға (Польшаға) қарсы әрекет жасағанның ұлдары атасынан қалған тірліктен айырылады. Сондай жаңылыс үшін оның барлық мүлкі хандыққа алынады.

### **2-бап=3. Қызметшінің өз биіне қызмет етуі және шаруаның өз биінен кеткені туралы**

Тәңрі адам баласын ерікті етіп жаратқан, бірақ жер және су үшін құлдар өз билеріне қызмет істеуге мұқтаж. Осы төре де сондай: егер қызметші өзінің биінен кеткісі келсе, биінің мүддесіне зиян келмеген жағдайда қайда қаласа баруына болады. Ал егер қайсы би оған қарсы болса, өзінің кісісін еркімен жібергісі келмесе, өзінің қарауында (билігінде) қалдырғысы (64v/219v) келсе, онда атасы өлгеннен кейін балалары сол бидің қол астында амалсыз қалуға міндетті емес, ол кезде өзге бидің қол астына баруға, қайда қаласа баруға ерікті.

Бұл бұйрықтың басқа ұлттар үшін емес, тек армян шаруаларына қатысы бар екенін тусіну керек, себебі армяндардың селолары мен жерлері Речи Посполитияның юрисдикциясына жатады.

### **3-бап=4. Балалардың төбелесуінің салдарынан бірін бірі өлтіруі**

Егер балалар өзара төбелескенде бірін бірі өлтірсе, өлтірілген бала (65r/220r) 12 жастан асса, басына кәмелетке келген адамның құнын

төлесін. Ал егер өлтірілген баланың жасы 12-ден кем болса, 10 немесе 11 болса, онда адамның жарты құны төленуі керек. Ал егер өлтірілген баланың жасы 10-нан кем болса, адам құнының үштен бірі төленуі керек. Ал егер бала 15 жаста болса, ол кісі өлтіруші және төреге қарсы жаңылу, осы статутқа сәйкес өлтірілген баланың туғандарына, жоғарыда жазылғандай құнды толығынан төлеу керек.

Бұл бұйрық және төре армяндардың балаларына арналған деп түсіну қажет, ал егер армянның баласы өзге ұлттың (баласын) өлтірсе, онда баланы өлтіру туралы төре бойынша сол істі қарауға құқығы бар жарғыда жазаланады.

#### **4-бап=5. Егер бір бала басқа баланы мерткітірсе**

(65v/220v) Егер бір бала ойын үстінде басқа баланы абайсызда немесе өштесіп мерткітірсе, ондай істерді жақсылап зерттеу керек, өлтірілгенді қарау керек, сол мерткітірген баланың жасын анықтау керек, қайсы мүшесіне зақым етіпті, көзіне ме, қолына ма, аяғына ма, қандай зақым келтіргенін анықтасын, соған сәйкес емделу шығынын және зиянын өтесін. Кім мерткітірсе, сол бәрін төлеуі қажет. Балалардың қылығына байланысты осы төрені біз әділ деп таптық.

Бұл ереженің осыдан соң бірінің артынан бірі келетін тап осындай төрт жағдайларға байланысты ережелер сияқты армян балаларына қатысы барын түсіну керек.

#### **(66r/221r) 5-бап=6. Бірін бірі суға батырған балалар туралы**

Егер балалар суға түскенде бірін бірі суға батырса, төрешілер мұндай істі жан-жақты тергеуі керек: суға немесе тентектіктен, немесе қызу ойыннан, немесе ашудан, немесе үйреткісі келгенде, немесе батып кеткеннің өзі терең суға сүңгігенде батты ма, онымен суға түскен балалар суға кеткенге болыса алды ма екен. Төрешілер болған оқиғаны түгел анықтауы керек. Егер ол өз ұқыпсыздығынан суға кетсе, ал онымен суға түскендер оған қол ұшын бере алмаса, мұндай суға батқандық үшін ешқандай төлеу болмас. Ал егер басқа себептен болған (66v/221v) болса, оның басы үшін суға кеткеннің жасына қарап, өлтірілген адамның төлемі алынуы керек.

#### **6-бап=7. Бәстесумен биік жерден секіретін балалар туралы**

Егер балалардың арасында болған бәстесуден балалардың біреуі биік жерден секіріп, сол секіргеннен мерткіксе немесе өлсе, бұл іске дем беруші болса, жарты құнды төлеу керек. Егер ол секіргеннен мерткіксе немесе өлсе жасын, зақымын, өлімін (себепін) ескеру қажет. Жоғарыда балалар туралы қалай жазылды, солай жарғы болсын.

#### **7. Бап=8. Бәспен ауыр нәрсені көтеретін жастар туралы**

Жастарда (жігіттерде) бәске ауыр нәрсе көтеретін, ауырды (67r/222r) сүйретіп мақтанатын үйреншік бар, ал егер ауыр нәрсені көтергеннен олардың біреуі мерткіксе, кім ақша тікті, бәстесті, және бұл іске кім себеп болды, оның мерткікені үшін қанды қылық сияқты жарты ай-

ыпты төлеуге міндетті, және одан бөлек мертiкeннен келген зиянын, емделу шығынын және бағасын төлеуі керек. Сондықтан бұл біреу біреуге зиян немесе зақым (келтірмеу), денсаулығынан айырмау үшін белгіленген.

### **8-бап=9. Есіріктер туралы**

Егер ішкілік кезінде бірін бірі мертiктiрсе төре бойынша мұндай іске, мас күйінде мертiктiргенге кешірім болмайды және оған төзуге болмайды. Себебі, маскүнемдік (67v/222v) барша жамандықтың (қылмыстың) басы, маскүнемдіктің салдарынан бірін бірі (мертiктiреді). Сол сияқты қылық үшін әділ жарғы шығару керек; кінәлі мертiккенге келген зиянды, емдеу үшін шыққан қаражатты төлеу керек. Ал егер есірік кісі біреуді өлтірсе, ондайда төре мұндай өлтіргендікті ұқыптылықпен қарауы керек, өлтірушілік қасақана болды ма, әлде басқа себептен болды ма, әлде бір біріне тап берді ме, бұл істі кім бастады, содан кейін себебіне қарай, қылықтарына қарай шешімі болсын. Кінәсіне қарай, жамандық еткеніне қарай болысушыларды да жазалау (68r/ 223r) керек. Себебі ол бұл сияқты істі есіргендіктен солардың көмектесуімен жасады. Ұқыптылықпен қарап, оларды да жарғының анықтауы бойынша жазалау керек.

### **9-бап=11. Жер астындағы қойманы табу туралы**

Егер кім де болса өзінің иелігінде жер астынан қойма тапса, не алтын, не күміс және де ондай қазына бұрынғы хандардікі болса, оның шын екенін білсе, ол қазынаны ханның қазынасына беру керек. Ал қазынаны тапқан кісіге оннан бір үлесін беру керек, оннан бір үлесті табылған жердің иесіне беру керек. Егер табылған қойма ұлы бидікі (68v/223v) екені анықталса, оның ұлы не қызы немесе жақыны тірі болса, онда бұл тауар және мүлік ұлына не қызына, немесе жақынына берілуі керек. Кімнің иелігіндегі жерден қазына табылса, оның оннан бір үлесі хандыққа берілуі керек.

Қойманы тапқанды тергеу және анықтау корольдан болсын.

### **10-бап=12. Біреу біреудің сақалынан тартуы**

Егер төбелес кезінде біреу біреудің сақалынан жұлқылаған жағдай кездесе, әсіресе жігіт қарттың, төре қарттың сақалына қол тигізгенді жазалайды; оның айыбы біреуді мертiктiргендей болатынын түсіну керек.

### **11-бап=13. Жер астындағы шұңқырлар туралы**

Егер кім болса да өзінің немесе басқа біреудің астық сақтау үшін салып қойған шұңқырын ашса, сол шұңқырға астықты алу үшін біреуді жұмсаса, ал ол (69r/224r) шұңқырдың ішінде тұншығып өлсе, жіберген адамның өзі өлтірген деп жарғы шығару керек. Егер онда жіберген кісі мертiксе, шұңқырға жіберген оның зиянын, шығынын өтеп, емделуіне төлеу керек. Себебі кісіні шұңқырға жіберген істі газ және дақылдың иісі шыққанын күту керек еді. Сондай шұңқырдан дақылдың иісі шық-

қанмен онда жіберген кісі мерткісе, мұндай жағдайларды жарғышылар жан жақты қарау керек, ол қалай болды, кімнің кінәсіннен болды, және әділ шешсін.

Бұл жағдай армяндардың жалдаған малайлары туралы екенін тусіну керек.

### **(69v/224v) 12-бап=14. Шаруалардың құқықтары**

Егер қандай болсын армян өзінің шаруаларын шамадан артық істеуге мәжбүрлесе, қалайда жер жыртуға, орақ шалуға және басқа да жұмысты істеуге, сондай шамадан тыс жұмыстың салдарынан мерткісе немесе өлсе, ондай шамадан артық істеуге бұйырған би (қожа) Тәңрі алдында кінәлі. Егер сондай ауыр істен мерткікен шаруа емделгендіктен оңалып кетсе, би оған шеккен зиянын, емделу шығынын төлеуі керек. Ал егер сондай мертігу шаруаның денсаулығына оңалмайтындай зақым келтірсе, содан ол жарымжан болып қалса, онда жарғышылар қарастырып, жағдайға сәйкес әділ төрелік айтсын.

### **(70r/225r) 13-бап=15. Кім өзінің бабасын құрметтемесе**

Әулие елшілердің бұйрығы бар, оның талабы бойынша ешкім өзінің бабасына жаман сөздермен және масқаралап, ұятқа қалдырмасын. Ондай өзінің дін атасын қадірлемеген кісі Тәңрі алдында күнәхар, себебі бабастар Тәңріге қолқа салушылар, Тәңрінің жарғысында татуластырушылар және халық үшін жауап берушілер. Киелі кітаптар бұған күәлік береді: ешкім өзінің бабасын жамандамасын, бұл елшілердің қағидасы, ондай адамды ауыр жаза күтеді, себебі кім өзінің бабасын жамандаса, ол Тәңріге жаман айтқандай, (70v/225v) сондықтан қасиетті Ізгі хабар бұйырады: кім сізге жаман айтса, ол Маған айтқаны.

### **14-бап=18. Кім ханды, оның тағын немесе кеңестің билерінің біреуін жамандаса**

Егер біреу өзінің ақылсыздығыннан ханды немесе хандықтың кеңесін жамандаса және ол дәлелденсе, оны істеген және сондай жаман сөз айтқан, егер ондай жаман сөз айтушы бабастардан болса, бабастың дәрежеден түсірілсін, ал егер сондай жаман сөзді айтқан зайырлы адам болса, оны епископтар немесе діни ғалымдар жарғылаулары керек, себебі корольдің тағы қасиетті және хандық өз бойына Тәңрінің жарғысының күшін жинаған. Сондықтан төренің бұйыруы бойынша әр адам (71r/226r) өз еркін тыйсын және хан абыройының артықшылығын есінде ұстасын.

### **15-бап=17. Жазуға үйренген еріксіз құлдардың өз биінің еріксіз бабас болғысы келетіндер туралы**

Егер біреуде соғыста тұтқынға түскен немесе ақшаға сатып алған құл болса, ол жазуға үйренген соң, бабас болғысы келсе, ондай еріксіз құл өзінің биінің келісімінсіз бабас бола алмайды. Оған төре өзінің биіне қайғы келтірмеу үшін тиым салған. Себебі мұндай жағдай үйді ойсыратумен пара-пар. Егер ондай құл елші Пауылдың құлы Онесимос

сияқты бабас болуға лайық көрінсе, онда құл өз биінің еркімен бабастыққа қабылдануына болады.

### **16-бап=20. Христиан-құлдар туралы**

(71v/226v) Егер біреу, христиан болып, христиан құлды сатып алса, Ескі Төре бойынша ондай құл биіне алты жыл құлдық етіп, жетінші жылы азат болуы керек, бірақ Жаңа Төре ондай христиан құлдардың сол мерзімде еріксізден ерікті болуын тоқтатты; енді ондай құл өзін сатып алған ақшаны ақтағаннан кейін ғана бостандық алады. Егер құлдың өзін ғана сатып алса, ол айтылған әрекеттермен еркіндік ала алады. Ал егер құлды қатынымен сатып алса, жоғарыда айтылғандай оларды сатып алған ақшаны ақтаса ғана, ол қатыны және балаларымен еркіндік ала алады. Егер ондай құлға биі қатын алып берсе, содан олардың балалары болса, ол құлдың қатыны мен балалары (72r/227r) биінің үйінде мәңгілік құлдықта қалады, тек сол құлдың жалғыз өзі ғана ерікті болсын. Егер биі құлдың қатыны үшін ақша алғысы келсе, онда қатын балаларымен ерікті болады. Егер бидің жанында қалуға құлдың ықыласы болса және кеткісі келмесе, онда биі оны қатынымен, балаларымен қалдыруы керек және ол құлды шіркеуге алып барсын да, оны кісілерге күәландырып, содан кейін ол туралы жазбаша күәлік алсын да айтсын: Менің құлым жанымнан өлгенше кеткісі келмейді. Егер ондай құл соңынан ойластырып еріксіздіктен ерікті болғысы келсе, ал оның биі құлының ниетін сезіп қалса, биі оның еркіндік алғысы келген (72v/227v) ниетіне қарсы болмасын, себебі әулие елші айтқан: “Тәңірінің барлық құлдары ерікті”.

Еріксіз құл ұстау бұл хандықта осыған дейін болған емес және болма-сын.

### **17-бап=21. Сатып алынған христиан-қатындар туралы**

Егер біреу мұқтаждықтан қызын христианға сатса, ол оны, өзінің қызын мәңгілік күндікке сата алмайды. Ал егер ондай қыздың қызметі биге ұнамаса, әкесі қызын қайта сатып алуға ерікті, бірақ бидің ол қызды ашуланып басқаға сатуға еркі жоқ. Егер биі ол қызды ұлына қатындыққа бергісі келсе, бұл қыздың атасының келісімімен болуы керек.

Егер ол қыз биіне немесе ұлына (73r/228r) қатындаққа жарамаса, ол өзін сатып алуға шыққан ақша үшін қызметін атқарып, еріксіздіктен шыға алады. Егер ол қыздың атасы одан бұрын еріксіздіктен кері сатып алғысы келсе, оның биі жылы толмаса да кері сатуға міндетті.

### **18-бап/22. Сатып алған дінсіз құлдар туралы**

Егер қайсы бір армян еріксіз құл немесе дінсіз күн, қатын әлде қыз сатып алса, ондай күндер уақыт өткеннен кейін, еріксіздікте қала отырып, өз еркімен христиан болғысы келсе, шыққан ақшаны өтегеннен кейін еріксіздіктен босатылар. Егер сондай дінсіз құлдар, еркек немесе қатын болсын, христиан болуды (73v/228v) тілемесе, онда биінің еркі бар оларды сатуға.

### **19-бап=23. Кім ата-анасын ұрса**

Кім өзінің атасын, анасын ұрса Тәңірінің алдында ойға сыймайтын және жаман жазықты жасағаны үшін Ескі Төре бойынша өлімге кесіледі. Бірақ христиандардың Жаңа Төресі былай ұйғарған: ондай қылық жасаған ұл, қыз өмір бойы қарғыс тартсын. Егер атасын, анасын балалықпен ұрса, оны кешіру керек. Егер сол бала атасын, анасын қа-сақана, арам ниетпен ұрса, атасы, анасы ұлын, қызын бабастың және қарттардың алдында сөксін. Ал егер олар сол сияқты (74г/229г) жаман қылықты қойғысы келмесе, атасы ондай арсыз, жауыз, қатыгез бала-дан бас тартуға және оны өзінің барлық игілігіннен айыруға қақылы. Бірақ егер тұл қалған ұл опық жеп, қалай да атасын-анасын тыңдауға ыңғай білдірсе, онда атасы, анасы мейірімділікпен қайта қабылдасын.

### **20-бап=84. Зұлымдық жасаған әркім лайықты жауап берер**

Егер ата немесе бала қандай да бір жаңылған үшін өлімге кесілсе не-месе кінәлі деп танылса, онда атасы баласының жаңылғаны үшін жа-заланбауы керек, сондай-ақ баласы да атасының жаңылғаны үшін қандай-да жаза тартуға міндетті емес, әр бірі өз жаңылғаны үшін өзі жаза тартуы керек. Сондықтан төре әркімге (74v/229v) әділеттілікті то-лығыннан қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

Бұл ереже корольдің тағына қарсы жаңылғандыққа қолданылмай-ды.

### **21-бап=24. Кісіні ұрлау туралы**

Ескі Төре бойынша егер біреу кісіні ұрлап сатса, ондай сатқан тура-лы мәлім болса, ол кісі өлтірілсін. Ал христиандардың Жаңа Төресінде былай белгіленген: егер христиан христианды ұрлап, басқа ұлыққа (ел-ге) сатса, оның жаман қылығы анықталса, өлімге кесілмейді, оған қарғыс айтылады, оны ұстау керек те, зынданға тастау керек, ал сату-шы ол кісі үшін (75г/230г) алған ақшаны қайтаруы керек, және ол са-тылған кісіні иесіне, кімнен ұрласа соған, қайтарып әкелуге міндетті. Егер сатылған кісі қандай да бір себептен өмірден қайтса, сатқан кісі иесіне, кімнен ұрласа соған, ақшаны түгел қайтаруға міндетті, ал ұры-ның екі қолын кесу керек және маңдайына қыздырып мөр басу керек, мәңгі масқара болу үшін, өзгелер оған қарап сондай істі жасамау үшін.

Бұл айтылғанның армянның армянды ұрлағанына қатысы бар екенін түсіну керек, ал егер армян өзге ұлтты сатса, оны корольдің тағы қарайды, және өзі қалай ұйғарса, (75v/230v) солай жазалайды.

### **22-бап=25. Өз атасына, анасына тіл тигізгендер туралы**

Кім де кім өзінің атасын, анасын жаман сөздермен масқараласа, он-дай ұл, қыз өлтіріледі; өзінің атасының, анасының бұрынғы істерін жа-рия қылса, ол үшін де Ескі Төре бойынша олардай күнәхар болады. Жаңа Төренің айтуынша, ондай атасын, анасын жаман сөздермен ма-сқаралау сабаумен бара-бар, солай атасын, анасын масқаралаған ба-лаларды тыю үшін ондай балалар атасының, анасының мүліктеріннен үлессіз болсын.

Егер балалар төреге атасының, анасының, ханға қарсы жаңылғанын, (76r/231r) тағы басқа қылықтарын айтып, дәлелдесе, мұндай жағдайда армянның балалары ондай істі көтеруге міндетті емес.

### **23-бап=26. Екеуі төбелесе, содан біреуі жаралы болса**

Егер екі қарулы адам ұрысқанда біреуі екіншісін жараласа және жараланған ол жарадан өлмесе, бірақ жараның зардабынан төсек тартып жатып қалса, содан әлденгеннен кейін таяқпен жүре бастаса, төреде айтылған бойынша жаралаған жаралыға зиянын, емінің бағасын төлесін, сондай мөлшерде төреге айып төлесін.

### **24-бап=27. Кім өзінің еріксіз құлын немесе күнін өлтірсе**

Егер кім болса да еріксіз құлын немесе күнін қандай да әдіспен не құралмен өлтірсе, егер ол еріксіз құл христиан болса, төре иесіне өлтірілгеннің қанының құнын (76v/231v) төлету керек. Егер өлтірілген кісі басқа діннен болса, биі өлтірілген құлдың немесе күннің басы үшін христианға қарағанда басқа ұлттың адамына сияқты жеңіл айып төлесін. Егер құл, егер күн биінің соққысынан сол сәтте өлмесе, содан бір немесе екі күн жатып өлсе, онда биі оның басы үшін төлеуге міндетті емес, себебі оны ол өз ақшасына сатып алған болатын, ал ол иесіне зиян келтірген еді. Ол үшін оған эпитимия тағайындалсын.

### **25-бап=28. Төбелескенде**

#### **аяғы ауыр қатынды ұрғандар туралы**

Егер екі ер кісі ұрысқанда аяғы ауыр қатынды соқса және сол соққыдан қатын уақытынан (77r/232r) бұрын бала тастаса, онда қатынның күйеуіне жарты құн төлеу керек немесе басқа түрде ымыраға келулері керек. Егер бала анасының құрсағында адам болып қалыптасса, ал соққыға жыққаннан түсік болса, онда толық құн төлеу керек. Тәңірінің төресіннен белгілі, бала анасының құрсағында толығынан адам болсын немесе болмасын оның басының орнына бас беру керек. Ескі Төре осылай белгілеген, ал Жаңа Төре бойынша ондай зиян үшін ақшалай айып және эпитимия тағайындалуы керек.

Егер екіжанды қатынды армян ұрса, осы төре қолданылуы керек, ал басқа жағдайда болмасын.

### **26-бап=31. Егер біреудің сүзеген өгізі болса**

Егер біреудің өгізі кімді болса да сүзсе, ол кісі (77v/232v) сол сүзгеннен өлсе, Ескі Төре бойынша ондай өгізді өлтіреді де, етін сатып, сол ақшаны жарлыларға үлестіреді, ал өгіздің иесі ол кісінің құнын төлеуге міндетті болады. Егер ол өгіз әуел бастан телі (құтырған) және сотқар болса, ал көршілері иесіне ондай телі малды жою керек деп айтса, бірақ иесі көршілерінің айтқанына құлақ аспаса, содан сүзіп кісі өлтірсе, ол кісі, өгіздің иесі, кісіні өлтірді деп танылсын да, төре қалай көрсетсе, солай құнын төлесін, ал өгіздің иесі өлімнен босатылуы керек. Егер ондай өгіздің иесі мінезін білмесе, ал ол біреуді мерткітірсе, иесі зиянын өтеуге (78r/233r) міндетті емес. Ал егер иесі өгізінің мінезін білсе, ол біреуді

сүзіп мерткіткірсе, иесі мерткіккенге зиянын, емнің, құнын төлеуге міндетті.

### **27-бап=30. Өзінің құлын мерткіткірген би туралы**

Егер би құлының көзін шығарса, егер ол құлды сатып алса және ол христиан болса, төре бойынша ондай құл ерікті болсын. Егер еріксіз құл дінсіз болса, бидің өз еркі оны жарты бағасына сатуға немесе жартылай жалға беруге.

### **28-бап=32. Бұқа бұқаны өлтірсе, өгіз өгізді өлтірсе**

Егер бұқа бұқаны өлтірсе немесе өгіз-өгізді, тірі қалған бұқаны немесе өгізді сату керек, ондай өгізден немесе бұқадан түскен (78v/233v) ақшаны мал иелеріне бөліп беру керек және өлген өгізді де олар бөліп алсын. Егер өгіздің иесі оның жуас емес екенін, мінезі жаман екенін және ондай малды ұстамау керек екенін білсе, оның қауыпты өгіз екенін көршілерінен естісе, бірақ оған құлақ қоймаса, онда өлтірілген өгіз үшін оның иесіне өзінің тірі өгізін беру керек, ал өлген өгізді өзіне алсын.

### **29-бап=33. Құдықтар және шұңқырлар туралы**

Егер біреу шұңқырды немесе құдықты ашса, бірақ ол шұңқырды немесе құдықты жаппаса, содан оған біреудің малы түссе, шұңқырдың немесе құдықтың иесі ол мал үшін (79r/234r) төлесін, ал малдың терісін өзіне алсын, төре осылай айтады.

### **30-бап=34. Шұңқырға құлаған кісі туралы**

Егер ер адам немесе қатын шұңқырға әлде құдыққа түссе, сөйтіп онда өлсе, егер ол күндіз түссе, шұңқырдың немесе құдықтың иесі жарты құн берсін, ал егер шұңқырға түнде түссе, онда шұңқырдың иесі ол үшін толық құн төлесін, Төре бітігі көрсеткендей, шұңқырға немесе құдыққа түскен қатын үшін немесе еркек үшін және де еріксіз құлдар үшін де солай.

### **31-бап=35. Мал туралы**

Егер өгіз сиырды немесе мүйізді қара малды немесе қойды өлтірсе, иесі малының жаман мінезін білмеген (79v/234v) жағдайда өлген малдың жарты бағасын төлесін. Егер ондай мал (өлген) ұсақ болса, ештеме төлеу қажет емес. Ал егер өгіз өлтірген мал ірі болса, өлтірген малды сату керек, ал мал иелері түскен ақшаны тең бөліссін. Егер малының жаман мінезін, оның зиян келтіретінін білсе, бірақ одан өзі құтылмаса, өлген өгіздің түгел бағасын төлесін, – төре осылай деп бұйырады.

### **32-бап=36. Аттар туралы**

Егер біреудің құтырған аты болса, кісіні тепкілеп, немесе таптап, бақса қылығымен мүгедек етсе, ол кезде сол аттың иесі, ат мүгедек еткен кісіге зиянын, (80r/235r) емдеуге шыққан шығынын төлеу керек. Егер атының жаман мінезі туралы ескерткен болса, онда төре бойынша зиянның жартысын төлеу керек.

Бұл бұйрықтың соңында айтылғанды былай түсіну қажет: егер ондай кісі армян болса, аттың келтірген зиянына ақы төлемеу керек.

### **33-бап=37. Зақым келтіретін құтырған ат туралы**

Егер біреудің зақым келтіретін жаман мінезді аты болса, оның сондай мінезі туралы үйдегі құлдарына, басқаларға сол аттан сақтансын деп ескерткен болса, одан соң сол ат үйдегілердің біреуін мүгедек қылса немесе өлтірсе, ондай жағдайда иесі болған іске жауапты емес. Егер үйдегі кісілер немесе көршілер сондай аты барға (80v/235v) ондай атты ұстамау керек десе, бірақ ол сол аттан құтылмаса, сөйтіп ол ат біреуді мерткітirse немесе өлтірсе, онда бұл істі діни төре қарасын, айып салсын, эпитимия тағайындасын.

Тағы да кімде сондай қиқар мінезді және мерткітіретін ат болса, көршілерінің ондай аттан өзі құтылу керек дегеніне қарамай, құтылмаса, оған жоғарыда құтырған өгіз туралы жазылған 26 бапты қолдану мүмкін және тиімді.

### **34-бап=40. Түнде үйде ұсталған ұры туралы**

Егер біреу түнде өзінің үйінде ұрыны ұстаса, егер сондай түнгі ұрыны үйінде өлтірсе, жазаланбайды. Бірақ кім ұрыны үйінде күндіз ұстаса және өлтірсе, өлтірген кісінің өзі өлтіріледі. Осылай (81r/236r) Жаңа Төре (түнгі) ұрыны өлтірушіні ақтайды. Ал күндіз өлтіру қасақаналықпен істелген болып табылады, сондықтан оның өзі де өлтірілуі керек. Түнгі және күндізгі ұрылар жөніндегі төре байламы мынадай: егер біреу үйінде ұрыны түнде немесе күндіз тапса және ұрлық үстінде ұстап алса, онда сондай ұрыны дәлелімен, былайша айтқанда ұрлаған заттарымен төреге ұстап әкеліп, сол ұрының үстіннен арыз айтса, сол ұры төренің тағайындаған жазасына көнсің, төре қалай деп тапса, солай жазаланысын.

### **35-бап=41. Бақшалар және егістіктер туралы**

Егер біреу өз еркімен малын басқаның бақшасына немесе (81v/236v) даладағы жеріне жіберсе, содан сол мал бақшадағы немесе түздегі түрлі өсімдіктерге зиян келтірсе, төре бойынша, кісілер келтірілген зиянның мөлшерін және бағасын қалай анықтаса, зиян шеккенге сол зиян төленсін.

### **36-бап=42. Өрт қою туралы және өрттер туралы**

Егер қай жерден от немесе өрт шықса және ол қырманды немесе даладағы егістікті күйдірсе, онда кімнен сондай от шықты, сол тиісті жолдармен жазалануы керек. Төрені шапшандықпен жүргізу керек. Айқындауы керек: кімнен ондай от шықты, жақыннан ба әлде алыстан ба, қастықтан ба әлде кездейсоқ па, қарттардан ба немесе балалардан ба, әлде өздігінен бе, (82r/237r) ал егер біреу қасақана осындай істі жасаса, кімге зиян келтірсе, соған зиянның екі есе төлеуі болсын. Егер біреу қырманға жақын жерде от жақса, сол отқа қарамаса, содан басқаға зиян келсе, отты қойып, оған қарамаған адам зиян шеккенге екі есе төлеуі

керек. Егер от алыстан келсе, өрттің шығуына біреу себеп болса, зиянның жартысын төлеуі керек. Егер ондай өрт қара малды немесе киімді жандырса, онда зиянкеске жарғысы және жаза осы бапта жазылғандай болсын.

### **37-бап=43. Аманатқа және сенімді қолға беру туралы**

Егер біреу біреуге (82v/237v) алтын, немесе күміс, немесе басқа түрлі нәрселерді, шыны аяқ немесе өзінің қандай да болсын заттарын сенімді қолға сақтауға берсе, сол сияқты заттар ол сенімді аманаткердің үйінен жасырын ұрланған болса, егер аманаткер сол ұрлықты әшкерелесе, ұрлаған заттарымен ұстап алса, ондай ұрыны дарға асу арқылы жазау керек. Егер ол ұрыны ұстай алмаса, онда затты сенімді қолға берген адам кімге сақтауға беріп еді, содан сенімді кұәлар арқылы іздестіруі керек. Егер арызданушының аманаткерге, затын сақтауға берген кісіге қарсы кұәлары болмаса, онда ол аманаткер одан антпен (83r/ 238r) құтыла алады: оған сақтауға қойылған заттардың зиянға ұшырауына оның қатысы жоқ және оның тарапынан кешірілмейтін кінә жоқ деп ант ішіп, өзі ол даукерден мәңгілік құтылады. Егер кейін жоғарыдағы айтқандай сендіріп ант ішкеннің өтірік айтқаны айқындалса, өтірік ант ішкен келтірілген зиян үшін, сақтауға қойылған заттар үшін екі есе төлеуі керек, ал өзі өтірік ант ішкені үшін арсыз және төре бұзушы деп жариялансын. Егер біреу сенімді қолға сақтауға ешнәрсе бермей, сақтауға затты беріп едім,– деп біреуге жала жапса, ондай жала жабушы, біреуге қарсы өтірік іс қозғаушы, басқаға қарсы ашықтан-ашық жалған (83v/ 238v) іс қозғаушы жалақордай, мәңгі арсыз деп аталуы керек.

Осы және басқа да қағидалар армяндарға байланысты былай түсінілсін: егер армян аманатты тапсырушы болса, онда басқа ұлттың адамына қарсы істі армян төресінде қарау керек, және керісінше, егер өзге ұлттың адамы аманатты армянға берсе, онда ол тапсырғаны туралы өзі тұрған жерінде өзінің төресінде іс қозғасын, себебі төреге тартылатын адамды арызданушы өзі іздеп табуы керек.

### **38-бап=44. Біреуге сақтауға берген мал туралы**

Егер біреу біреуге сақтауына малын, атты, қойды, басқа да мүйізді немесе мүйізсіз жануарды берсе, егер ондай мал зақым болса немесе өлсе, немесе біреу зорлап алып кетсе, бірақ зиян қайдан келгенін ешкім білмесе, өзі малдың зақым болуына (84r/239r) немесе өліміне себепші болмаса, сақтаушы ант беріп құтылар. Егер ол сақтаушыдан біреу (малды) алып кетсе, сақтаушы сақтауға берген (малдың) иесіне оның құнын төлеуі керек. Егер аю, немесе бөрі, әлде басқа жыртқыш аң малды алып кетсе, жарып тастаса немесе жеп қойса, сақтаушы иесіне сол жерді көрсетуі керек, нақты және белгілі жерді көрсетсе, төре келтірілген зиянға сақтаушының кінәсі жоқ деп тапса, сүйтіп төре жоғары әділдікпен шешім тапқан болады.

Бұл ережені тек армяндарға қолдану керек; егер басқа ұлттың адамынан оған әділсіздік байқалса, (84v/239v) онда ол осы төре бойынша ақталалар, ал өзге ұлттың адамы өз төресінде ақталсын.

### **39-бап=45. Егер біреу біреуге құрал-сайман берсе**

Егер біреу өзінің досынан қандай да болсын сайман сұрап алса, алған сайманды сындырса, немесе жоғалтса, сұрап алған сайман сынғанда немесе жоғалғанда сол жерде болмаса, онда сұрап алған сынған не жоғалған үшін зиянды төлеу керек. Егер сайманның иесі оны сындырғанда немесе жоғалтқанда басы-қасында болса, сайманды сұрап алған ондай жағдай үшін борышты болмайды. Сондай-ақ кім атты, не қара малды, әлде өзге үй жануарын (85г/240г) белгілі шартпен жалға алса, ол мерткіксе немесе өлсе, сол кезде иесі соның жанында болса, ол үшін, иесі жанында болғандықтан, өзі зиян шегер, ал жалға алған кінәлі емес; ал айтылған жануарлар мерткікенде немесе өлгенде иесі сол жерде болмаса, ондай малды жалға алушы осы бапта көрсетілген себептерге сәйкес зиянды төлеуге міндетті.

Армянның төресінде жазылғандай тергеуді шапшаң жүргізу керек және ақылға салып шешу керек. Бұл ереже, басқалары сияқты, армяндардың арасында қолданылады және сақталады, солай болу керек, ал егер армяндардан басқа ұлттардан шақырылған болса, (85v/240v) өздерінің төресімен әділ қаралсын.

### **40-бап=46. Біреу біреуден бір нәрсені борышқа алған туралы**

Егер біреу біреуден бір нәрсені белгілі бір мерзімге борышқа немесе сұрап алса, борышқа немесе уақытша алған кедейленсе, кедейленгендіктен белгіленген күнінде төлей алмаса, онда Ескі Төреде де, Жаңа Төреде де жарлыққа көмектесу үшін қайырымдылық жасалған, ол сеніп берген адамнан ешқандай қысымшылық көрмеуі керек, кедейленген адамнан үстеме алуға болмайды. Бірақ оған ескерту керек, ол борышқа қанша ақша алды, соншаны белгілі күні қайтару керек екені. Егер кедейленген өзіне қарыз берушіге ілгеріде белгілі (86г/241г) бір пайыз берсе, оны қарыз беруші алса, ол қарыз есебіне қосылуы керек. Себебі Тәңрі өсиетінде бұйырған: кім христиан дінін қуаттаса үстеме алмасын. Егер ондай кедейленген қарызын төлемей өлсе, онда қалған ұлы, қызы қарыз берушіге ешқандай үстеме беруге міндетті емес, ол тек қана өздерінің туғанының қарызын төлеу керек.

Бұл ережені армяндар арасында сақтау керек, бірақ ескеру қажет. Бұл ереже қарыздар кедейлікке өз кінәсінен емес, сәтсіз жағдайлардың кездесуінің арқасында түскендіктен қарызын өтей алмаса қолданылады, олай болмаса өзінің қарызын төлесін.

### **(86v/241v) 41-бап=47. Кепіл беру істері туралы**

Егер біреу біреуден кепілге үй немесе бақша, әлде жүзім егісін, немесе егін егетін жер, немесе басқа соған ұқсас нәрсе алса және өз меншігінен кепілге беруші оған, кепілге бергенге қарызын төлеудің мерзімін оздырып алса, онда кепілге алушы тек өзінің ақшасын үстемесіз алуы керек, ал берген кепілді кепіл берушіге қайтаруы керек. Ал кепілді ұстаушы кепілден қосымша қандай да пайда тапса, онда есеп айырықанда өзі берген ақшадан артық қосымша пайданы берген негізгі ақшаның бөлшегі ретінде санап, (87r/242r) кепілді қайтарсын.

Егер кепіл беруші қажет болғанда өзінің мүліктерін жөндеуге күші жетпесе, ал кепіл алушы өзінің ақшасына кепілді түзетсе, онда түзетуге жұмсалған шығынды бас сомаға қосып, оны қарызға біріктіріп төлеу керек.

Егер біреу кепілге киім немесе қара мал ұстаса, ондай киім немесе қара мал кепілде бұзылса (азса), келтірілген зиянды кепіл ұстаушы өзі берген негізгі сомадан шығарып тастауы керек.

Егер кепілде күміс немесе алтын болса, әлде соған ұқсас нәрсе болса, ұрлықтың нәтижесінде, немесе (87v/242v) басқа себептен кепіл ұстаушыдан жоғалса, егер ол айтылған нәрсе кепіл ұстаушының селқостығынан немесе арамдығынан жоғалмаса, ол жоғалуда оның кінәсі болмағандықтан ант беріп құтылар. Ал егер ол нәрселер оның кінәсінен жоғалса немесе өзі жасырып, жоғалды десе, бірақ оның сол заттарды өзі жасырғаны туралы хабар дәлелденсе, онда екі есе төлесін. Ал егер тонаса, ондай зиян кепіл берушінің шығыны.

Егер жеміс ағашын кепілде болғанда кессе немесе қоршамды жандырса, егер бұл жағдай кепілді ұстаған адамның ризалығымен (88г/243г) немесе еркімен болса, онда ол соның зияны.

Кепілдікке берген қара малдың төресі мынадай: егер қара мал кепілде зақым болса не өлсе, онда бұл зиян кепіл бергендікі, ол өзіне зиян келетінін алдын ала ойластырмады, ал кепіл ұстаушы оның қара малы үшін кінәлі емес, себебі төре бойынша бұл іс осылай қаралар.

Кепілдікке берген затты жақсы қарау керек, ол жоғалмасын, онан басқа төре бұйырады: үстеме алмасын.

Бұл жарғы армяндар арасында сақталуы керек.

#### **42-бап=48. Біреу біреуді от қойып жандырса**

Егер біреу біреуді жауыздықпен от қойып жандырса, ал ол кісі сол жерде өрт шыққанда ұсталса, (88v/243v) ондай өрт қоюшы отпен жаңылуы үшін солай оттан қаза табуы керек. Егер ол сол жерде ұсталмаса, жасағаннан соң ұсталса, оны зынданға салу керек, ақшалай айыппен қатар оның кінәсінен оттан болған барлық зиянды төлеуі керек. Егер ол қарақшы отты жаман ниетпен жіберсе, дарға асып өлтірілуі керек.

Барлық өрт қоюшылар хандықтың төресімен төреленуі керек және жазалануы керек.

#### **43-бап=49. Біреу біреудің жеміс ағаштарын шапқаны туралы**

Егер бөтен адамның бақшасына түсуші сол (89г/244г) бақшадағы жеміс ағашын кессе, қандай да жеміс болмасын, оның сол қылығы кұәлармен дәлелденсе, төре бойынша жеміс ағашын кесуші сондай ағашты ұластырып, бақшасына салсын және салынған ағаш жеміс бергенше отырғызушы кесілген ағаштың зиянын толығынан төлеу үшін отырғызылған ағаш жеміс бергенше төлеуі керек.

#### **44-бап=51. Аттар туралы және қара мал туралы**

Біреу біреудің атын немесе қара малын өлтірсе және ол аян болса, кімге зиян келтірді, оған өлтірген аттың немесе малдың бағасын төле-

сін. Егер жаман ниетпен өлтірсе, (89v/244v) онда төре ол істі төре (заң) белгілеген жолмен жан-жақты тергеуі керек, арызды және жауап берушінің жауабын ескере отырып, төре бойынша төрелік етсін.

#### **45-бап=52. Лажсыз жарлылығына байланысты өзінің егістігін сатушылар туралы**

Егер біреу кедейліктен басқаға түздегі жерін сатса, сатқанның жақындары туысқандық құқығын пайдаланып, туғаны үшін ақшасын төлеп, бөтен кісіден қайта сатып алуға ерікті, онда өздері меншік иелері болады. Ал егер сатушының туысқаны болмаса, бірақ өзінде ақша пайда болса, өзінің сатқан асыраушы жерін уақытында сатып алуына болады. Ал егер қайтадан сатып ала алмаса, (90r/245r) онда сатып алушы иеленген жерін одан алған пайдасымен мерзім біткенше ұстап тұруы қажет – төре осындай. Ал мерзімі біткен соң мүлік иесі жаңадан иелікке кіріседі. Ондай жерді сатудың төре белгілеген мерзімі жеті жыл. Жеті жыл өткеннен кейін асыраушы жерді ұстаушы қаласа мерзімді нағыз иесіне созуы мүмкін, егер сол уақытқа дейін қайта сатып алмаса, бірақ бұл ұстаушының ізгі ықыластығы (еркі). Егер жеті жыл толмай асыраушы жерді сатушы немесе оның туыстары қайтадан сатып алмаса, жеті жыл толғаннан кейін иеленуші (ұстаушы) сатылғанның мәңгілік меншік иесі болып қалады, себебі келісілген мерзім – жеті жыл. Бұл ережені бұрыннан белгіленгендіктен және қажет болғандықтан қатаң ұстану керек (90v/245v) және сақтау керек, ал егер иесі өз егістігін басқа ұлттың адамының айтуымен сатқан болса, онда ол үгітке, сөздің мазмұнына қарап, даукердің арызына қарап және олардың жауабына қарап төрелік шығарылсын.

Бұл тәртіп армян төресінің қарауына жататындарға қолданылады. Егер армянда қала төресінің немесе алпауыт (земский) төресінің қарауына жататын хандықтағы өлі мүлік немесе жер кепілде болса, немесе оған сондай жерден әлде өлі мүліктен алынған табыс сатылса, ондай берілген мүлік, ондай кепіл немесе сатып алынған табыс қай төренің қарауына жатса, сол төренің шешімі керек; мұндағы айтылғандар ежелгі иеліктер: қайсы төреге (91r/246r) бұл мүліктер жатады, сол төреде төрелік жүргізіп, шешімін шығару керек.

#### **46-бап=53. Бекіністі қала төресіне жататын тас үйлерді сатып алу туралы**

Егер біреу басқаға бекіністі қала ішінде үй сатса, оның жақындары туыстық құқығын пайдаланып бір жыл өткеннен кейін үйді сатып алған жаттан ақшасын төлеп кері қайтарып ала алады. Ал егер жақыны болмаса ол (сатып алған) үйді өз еркімен, басқа жақтан ешкімнің талабына қарамай бір жыл өткенге дейін ұстай алады, сөйтіп сатып алушы үйдің нағыз (толық) иесі болады, былайша айтқанда үй оның құқық меншігіне көшеді, ал келешекте сатушының туыстарының жағынан ешқандай талапқа жол берілмейді.

Егер қожа кедейге үй сатса және төлеу күнін (91v/246v) белгілесе, бірақ сол кедейдің үй үшін төлеуге әлі жетпесе, онда ол үйді қайтаруы-

на болады, ал ол үйді ешбір кедергісіз қайтып алуға міндетті. Қала қақпасының сыртында жатқан үйлерге, және жерлерге және бақшаларға төреден қашықтықта болғандықтан туыстардың, туыстық құқығын жеті жылға дейін сақтау – әділдік.

Армяндар, сатушылар және сатып алушылар үйлерді, иеліктерді ежелден өз төрелерінің қарауына жататындықтан ондай үйлерді, иеліктерді сақтаулары керек.

#### **47-бап=54. Су диірмені туралы**

Біреу кедейліктен өзінің су диірменін (92r/247r) сатуға мәжбүр болса, онда оның туыстары туыстық құқық бойынша бір жыл мерзім өткенше ақшасын төлеп, диірменді кері алуына болады. Егер бір жыл өтсе, ал туыстары жағынан іздеу болмаса, содан кейін олардың төре бойынша диірменді алуға құқығы жоқ, ал диірменді ұстаушы мерзімі өткеннен кейін бұйрық алған болса, төре бойынша оның меншігінде мәңгілік қалады.

#### **48-бап=55. Біреу біреуден ат сатып алса**

Біреу біреуге ат сатқысы келсе, шарты былай болу керек: ат екі немесе үш күәнің қатысуымен сатылсын, ол ат ұрланбаған болсын, ескі кемтарлығы болмасын, демікпесі немесе маңқасы болмасын. Егер жеті күн ішінде айтылған кемшіліктердің бірі де (92v/247v) аттан табылмаса, ол шарт күшіне ену керек. Ал ол ат ұрланған болса, атты сатқан кісі барлық зияндарды төлеуі керек, ал барлық жауаптылықтан (сатып алушыны) босату керек және қорғау керек.

#### **49-бап=56. Сатылған өгіз туралы**

Бір біріне өгіз сатушылар үш күәнің алдында келісім жасау керек, ал ондай өгізді сатушы төренің алдында алушыға (өгіздің) жаман мінезі жоқ екенін және ұрланбағанын дәлелдеу үшін, соқаға немесе (93r/248r) арбаға жегіп (сынауға) міндетті. Егер өгіз зиянды немесе жаман мінезді болса, онда сатушыға жеті күннің ішінде қайтарып беруге болады. Егер ол ұрланған болса және біреу таныса, онда сатушы оның иесімен тартыссын, өз ақшасымен жауапкер болсын және оған зиян келтірмесін – төре осылай бұйырады.

#### **50-бап=57. Сиырды сату туралы**

Біреуге сиыр сатушы алушыға сол сиыр жылда бұзаулайтын болады деп сөз берсін. Егер сиыр сатушы сөз бергендей болмай шықса, сатып алушы оны сатушыға қайтара алады. Ал егер ол сиыр өсімтал болса, ондай жағдайда келісім жасалды деп есептеу қажет.

#### **(93v/248v) 51-бап=58. Аралар туралы**

Егер біреу біреуге күзде араларды үйшігі және ішіндегі балымен сатса, үйшіктің ішінде пәленше бал бар деп сатушы сатып алушыға кепілдік берсе және белгілі өлшемі мен көлемін айтса, бірақ сатып алушы сатушыға сенбесе, онда қанша бал бар екенін (білу үшін) үйшікті

ашып, балды өлшеуге болады; оның көлемі және өлшемі кем болса, сатушы жетпеген балды ақшамен төлесін. Егер жетпеген балдың орнын толтырғысы келмесе, онда сауда-саттық болмады деп саналады. Ал егер сатып алушы бал өлшегенде үйшік ішінде айтылғаннан артық шықса, онда сатқан кісі (94г/249г) артығын ала алмайды, себебі ол пайда табу үшін алған, зиян шегу үшін емес.

Егер біреу балын (араларды үйшігімен) көктемде араларын көбейту үшін сатса, ондай араларды алып араларды қоятын жерге қою керек, оныншы немесе жиырмасыншы күнге дейін оларды сақтап, олар омартасын шығара ма, шығармай ма соны күәландіру үшін. Келісім екі немесе үш күәнің алдында жасалуы керек, олар аралардың кіргенін және шыққанын келісімде айтылғандай ма екен қарау керек. Егер кіргені және шыққаны сатушының және алушының арасында жасалған келісімге дәл келсе, ондай келісімді қабылдау керек. Ал егер сол аралардың арасында (94v/249v) шығын болса немесе он әлде жиырма күннің ішінде аналары өлсе, алушы сатушыға ондай араларды қайтарып бере алады. Егер де жиырма күннен кейін аралардың арасында шығын болса, ол сатушының шеккен зияны емес, алушының.

### **52-бап=59. Ішінде шарап сақталатын құмыралар туралы**

Біреу біреуден ішіне шарап құйылған құмыра сатып алса, ол құмыра бір жыл ішінде ақпаса, ондай келісім жасалды деу керек. Егер сол ыдыстың кемшілігі болса және ол кемшілікті сатып алушы тапса, ондай ыдысты кері қайтарып алуы керек. Егер сондай тесілген ыдыстан шарап ақса, келген зиян екеуіне ортақ болу керек. Ал егер (95г/250г) сол ыдыс бұрынғы жасалған келісім кезінде бүтін болса, оны жерге көмгенде зиян келсе, сатушы онда кінәлі емес, себебі төрелер айтқандай үлкен құқық және кіші құқық бар екенін түсіну керек.

### **53-бап=60. Жеміс ағашының өнімін сатқан туралы**

Көп кісілерге бақшадағы ағаштың жемісін пайда табу үшін сатуға тура келеді. Пайда тапса – байлығы, зиян шексе – зарар тартқаны, өзінің ісінің оңбағаны. Ондай сату үш күәнің алдында болу керек, сатудың мерзімі он күнге дейін, осы он күннің ішінде алушы бас тартуы мүмкін, егер он күн (95v/250v) өтсе келісім жасалды деп орындалуы керек. Ал алушы он күн өткен соң ақшасын төлеу керек.

### **54-бап=61. Кім диірменді жалға ұстаса**

Егер біреу диірменді жалға ұстаса, диірменді жалға беруші өзінің өлшемін қойып, жалға кім алды, соған көрсетуі керек. Егер жалға алған кісі ол өлшемнен артық пайда тапса, артық пайда сонікі. Ал жалға беруші өкінішті болмасын, жалға алған кісінің артық алған пайдасын қызғанбасын және жалға алған кісіге артық пайда тапқаны үшін зиян келтірмесін.

Диірменге қажеттің барлығын жалға алушы салуы керек, бұзылған (қираған) нәрселерін (96г/251г) диірмен туралы төрелер бойынша түзетуі керек. Егер оның, жалға алушының қарауының кемдігінен диірмен-

де бір нәрсеге зиян келсе, немесе диірмен тасына, немесе дөңгелегіне, немесе науасына, немесе диірменнің басқа керегіне зиян келсе, әлде диірменнен бір зат ұрланса барлық келтірілген зиянды жалға алушы төлейді. Егер жалға берушінің кінәсінен диірмен жанса, кім жалға берді, зиян сонікі, ал егер жалға алушының кінәсінен жанса, барлық зиян сонікі, төре солай шешуі керек.

### **55-бап. Төрелерді, бабастарды құрметтемеушілер туралы**

Егер қалада тұрушылар өз төресіне шақырылса (96v/251v) және қанды төбелес немесе ұрыс-керіс туралы іс қозғалса, сонда бірімен бірі бас қосқанда тағы да керісе бастаса, олар төре болатын жерге бару керек, себебі ол Төрені Тәңрі және адамдар таңдаған, себебі ол төреде бабастар мен жай адамдар мәжіліс құрады. Сол уақытта кім басы-қасында болса, талапкер солардың алдында жауапкерге қарсы арыз айтуы керек. Ал төре талапкердің арызын және айыпталушының жауабын тыңдап, істі қарайды. Төре қалай шешсе, екі жағы да оны қабылдауы және бас июі керек. Төренің ол бұйрығынан екі жағы да не оң жаққа, не сол жаққа бұлтаруына болмайды. Кімнің әділ шешімді өз еркімен (97r/252r) жамандап, қарсы шығуға батылы барса, ондай кісі өлімге лайық, және Жаңа Төре бұл жағдай бойынша былай түсіндіреді: кім төреге қарсы болса және төрешіні қорласа – өлімге лайық. Сондықтан төренің күшіне бағынбау, қарсы болу адам Тәңріге бас имеумен парапар, төре осылай дейді. Армянның төресі қалай шешсе, солай болуы қажет, не оңға, не солға бұлтармасын.

Тек армяндарға қатысты екенін түсіну керек. Егер қайсысы тілесе армянның төресінің шешіміне ханға арыз бере алады, бірақ армянның төресіне жатпайтындар армян төресінің шешімі ауыртпалықты деп тапса, апелляция қарастырылған.

### **(97v/252v) 56-бап=66. Егістік жерлердің шекарасы туралы**

Ешкім өз көршісінің егістік жерінің шекарасын өзгерте алмайды, себебі егістік жердің шекарасы төремен қатаң бекітілген. Егістік жерлерді бекітіп, бұрынғылар мұрагерлеріне яки балаларына игілікті қалдырған. Себебі егістік жерлер және басқа игілік сіздерге Тәңгіден жіберілген, ол адал ниетпен жақындарыңды сүйіңдер, жаттармен өз туғандарыңдай әділдікпен тұрып, өмір сүріңдер деп бұйырған. Қалай саған сенің атаңнан мұра қалса, оны солай иелен, басқаның мұрасын өзіңе алма. Ал егер бұрын біреу сенен әділетсіз бір нәрсе алып қойса, ондай іс туралы (98r/253r) төреге баруың керек.

### **57-бап=67. Күәландыру туралы**

Төре жүзінде сізге бұйырамыз, біздің армян төресінде бір кісінің күәлігі есептелмейді және түкке тұрмайды, тек екі немесе үш жақсы кісінің күәлігінің күші бар. Егер біреу жарғының алдында жалған күәлік берсе, төрешілер немесе төре оның жалған күәлік бергенін анықтаса, ол зор жауыздық деп шешім қабылдануы керек, төре солай бұйырады. Жаңа Төре бойынша күәландыру былай жасалуы керек: армян-

ның төресінде армян басқа армянға қарсы сенімді болатын екі немесе үш жақсы кісілер шақыру керек, бірақ басқа ұлттан күәлікке келтіруге болмайды, армянға қарсы (98v/253v) тек армян ұлтынан (болсын). Екеуі өз төресіне келсе, әркім істі өзі айтсын, ақшаға жалданған шешенге, ақиқатты жалғанға жеңдірмеу үшін, сөйлеуге болмайды. Ондай іс Тәңріге және қасиетті шындыққа қарсы.

### **58-бап=68. Біреудің шекарасында табылған өлтірілген кісі туралы**

Егер біреудің шекарасында немесе жерінде өлтірілген кісі табылса және кім өлтіргенін ешкім білмесе, онда жарғышы қаланың қарттарымен бірге өлтірілген адам кімнің шекарасының ішіне жақын жатыр немесе қай қаланың иелігінде болғанын анықтауы керек. Егер өлтіруші кісіні таппаса, кім ол кісіні өлтіргенін, онда өлтірілген кісінің құнын (99r/254r) ешкім төлеуге міндетті емес, бірақ өлтірілген кісінің бауырлары және жақындары өлтірген кісіні, кінәліні іздеулері керек. Егер оны тапса, өлтірген кісінің жазасы – өлім.

### **59-бап=70. Атасын, анасын тыңдамайтын балалар туралы**

Егер біреудің сөз тыңдамайтын ұлы болса және атасының, анасының ақылына құлақ аспаса, ондай тіл алмайтын баласын қарттардың алдына әкеліп, бала жаман, тіл алмайды, тентек және маскүнем деп арыз айтсын. Ескі Төре бойынша оған тас лақтыру керек, Жаңа Төре оны өз атасын, анасын сабаумен теңестіреді де, сол жазығы үшін, тіл алмағаны үшін (99v/254v) ондай ұлды барлық игіліктен айыруы мүмкін. Бұл армяндардың заңы.

### **60-бап=71. Жаман кісілер туралы және олардың артықшылығы (ұнамсыздық істері) туралы**

Егер біреу кісі өлтірсе немесе басқа ұнамсыздық іс жасаса, оның өзін өлімге кесу керек, былайша айтқанда, бір нәрсе ұрласа дарға асу керек, асылған денесі дарда түн бойы асылып тұрмау керек, ондай денені түсіріп жерлеу керек. Ескі Төре осылай дейді. Ал Жаңа Төре бойынша былай: егер кім ауыр жаман іс жасаса және ол жақсы кісілердің күәландырумен дәлелденсе, белгілі үш кісімен, ол қылығына қарай жазасын тартуы керек. (100r/255r) Егер ұры болса асу керек, егер қарақшы болса немесе зорлықшыл болса, барлығының тыныштығы үшін ондай кісінің басын кесу керек. Төре бойынша ондай жамандық етушілерді солай жазалау керек.

Әңгіме өлім жазасы туралы болғандықтан, ондай істер армян төресінің қарауына жатпайды, ондай істер үшін Львов армяндары неміс, магдебург төресіне жатады.

### **61-бап. Ұрыны жазалау туралы**

Біздің төреміз бойынша ұрыны немесе кісі өлтірушіні, не сол сияқты өлім жазасына тұратынды алдын ала төреде қарап, жақсы күәлардың көрсетуімен оның кінәсі дәлелденбейінше өлім жазасына бұйыруға бол-

майды. Егер кім біреуді кісі өлтіруші деп айтса, (100v/255v) бірақ оны дәлелдей алмаса, ол кісі өзі сол іс бойынша жауапкер болар, онда төре ол кісіні жапқан кінәсін дәлелдей алмағандықтан зор айыппен жазалауы керек. Егер армянин армянинді дінсізсің және пұтқа табынушысың деп айыптаса, бірақ оған таққан айыпты дәлелдей алмаса, онда жарғышылар оны жалақор ретінде қамауға немесе айыпқа жазалау керек. Егер кім күшпен біреудің үйіне кірсе және үй иесіне ұрлықтан зиян келсе, немесе басқа зорлық жасалса, ондай адам өлім жазасына кесілсін.

### **62-бап. Егер кім қатынды немесе қызды зорласа**

Егер кім біреудің (101r/256r) қатынын немесе қызын жол үстінде ұстаса, ол қыз бұзылмаған болса және оны зорласа, ондай зорлықшыл өлімге лайық. Ал егер еткен ісін аяғына дейін жеткізбесе, бәрібір абыройын төккені үшін төрепші оны зынданға және айып салуға жазаласын.

### **63-бап=72, 73. Табылған зат туралы**

Егер кім жолда бара жатып адасқан қара малды көрсе, кімдікі болса да, егер оның көршісінікі болса, оны еш нәрсе алмай қайтаруы керек. Ал егер ондай қара мал алыстан белгісіз кісінікі болса, ондай бошалаған қара малды кім бұрын көрді (101v/256v) сол алсын, ондай малды көршілеріне күәландырып, мен бұл адасқан малды таптым, кімдікі екені белгісіз, оны иесі немесе қожасы табылғанша ұзақ уақыт сақтасын. Ал сол малдың қожасы оның малы екенін дәлелдесе, малын қайтарып алсын да, кім ұстап тұрды, сол кісіге шығынын төлесін. Төре әрбір табылған затты сақтап, солай етуге бұйырады: ақшаны, киімді, басқа да барлық заттарды. Себебі біздің христиан төресі барлық табылған заттарды, кімдікі болса да, қиындық жасамай қайтаруды қарастырады.

Осы тәртіп дұрыс, оған қосымша: басқа адамның малы өзінде екені туралы көршілеріне, (102r/257r) сондай-ақ қалаға немесе шәһәрға күәландырсін.

### **64-бап. Егер кім басқа біреумен жолға шықса**

Біреу біреумен жолға шықса немесе барса, олардың біреуі сәтсіздікке ұшыраса: аттан жығылса, әлде аты көпірден құласа немесе арбасы батпаққа батып қалса, содан шыға алмаса, немесе ол арба аударылса, әлде сынса, жолдасы қалдырып кетпесін. Егер қалдырып кетсе, ондай жағдайда оны төреге тартуға болады, төре оның кінәсіне қарай жазалауы керек.

### **65-бап=74. Қалыптан тыс қылықпен киім киюшілер туралы**

Төре көрсеткендей, ерлерге қатынның киімін киіп жүруге болмайды, сондай-ақ қатын кісіге ер адамның киімін киіп жүруге жараспайды, ондай іс Тәңріге қарсы, (102v/257v) мұндай ұқсассыз киінудің салдарынан көптеген жамандық болуы мүмкін. Ондай кісілер айқындалып, жан тәрбиешісі тарабынан және жарғышылар тарабынан жазалансын.

### **66-бап=76. Үй салу туралы**

Кім жаңа үй салса және жоғарыдан балкон салғысы келсе, оны салғанда балконның үстінен ешкім құлай алматындай болсын. Сонда да қандай үйде болса да сәтсіздік жағдай болмауын бақылау керек. Егер кім ондай балконнан ескі дұшпанның (шайтанның) амалыннан құласа, үй иесінің кінәсі мұнда жоқ, бірақ бабас тарапынан ол эпитимияға ұшырауы керек.

### **(103r/258r) 67-бап=78. Біреудің егісін немесе пішендігін орақпен шапқан туралы**

Кім біреудің егістігіне немесе шабындығына кірсе, өзіне азық табу үшін оны ормасын. Егер аздап қолымен үзсе, олай істеуге болады. Егерде орақпен шауып зиян келтірсе және иесі өзінің егістігі ішінде ұстап алса, иесіне зиянды төлеуі керек.

### **68-бап=79. Кім біреудің жүзім егісіне кірсе**

Егер кім болса да біреудің жүзім егісіне биінің рұқсатынсыз кірсе, тойғанша жүзімін жеуге болады, қанша қаласа, бірақ жүзім егісінен ешнәрсе алып шығуға болмайды. Себебі әділ төреде айтылған, иесінің рұқсатынсыз жүзім егісінде басқа адам ешнәрсе бұзбасын, жүзім егісінен (103v/258v) ешнәрсе алып шығуға қақысы жоқ. Егер кім жүзім егісінен жүзім иесінің рұқсатынсыз бір нәрсе алса және ол сол іс үстінде ұсталса, қандай зиян келтірсе иесіне, соның бәрін төлеуі керек.

### **69-бап=80. Жас күйеулер туралы**

Егер кім жаңадан үйленсе, қандай да сәтсіздікке ұшырамау үшін бірден соғысқа баруға болмайды. Соған байланысты жас күйеуді төре әскерге барудан босатады, өзінің жас сүйікті әйелімен бірге өздерінің үйінде рахаттансын. Мен білемін, Тәңрі кедейді жаратады және олардың үйінде тез арада жас күйеуге (104r/259r) қайғы немесе қасірет болуына жол бермейді. Сондықтан сол сияқты жас күйеуді жамандауға жарамайды.

Селолары бар армяндар сол себептен әскери міндеттілер, бірақ мұндай құрметті жеңілдікке және жомарттыққа қуанбасын.

### **70-бап=81. Қол диірмені туралы**

Қол диірменін, оның үстіндегі тасын немесе астындағы тасын кепілге беруге болмайтынын төре белгілеген және тиым салған. Соның арқасында кедей тірлік етеді. Мұндай бұйрықты бұзған төремен жазалануы керек, ондай диірменді кепілге беруге мәжбүр етпеулері керек.

### **71-бап=82. Кепілсіз борыш туралы**

Егер біреудің кепілсіз (104v/259v) уақытша бір затты сеніп берген қарыздары келісілген күнде төлей алмаса, төре бойынша сеніп берген адам қарыздардың үйіннен борышты төлету үшін күшпен кепіл алынбасын. Егер қарыздар өз еркімен борыш берушіге кепіл бергісі келмесе, борыш беруші бұл істі былай шеше алады. Егер жарлы кісіге кенеттен

қысым жасаса, ол борыш берушіге бір нәрсе кепілге береді. Бірақ ондай кепіл онда түн бойы қалмауы керек. Борыш беруші ондай кепілді кімнен алып еді, соған қайтаруы керек және оның кедейлігін ескере отырып, қарызын қайтара алатындай күн белгілесін.

### **72-бап=83. Қызметкер туралы төре**

(105r/260r) Төре бойынша қызметшіге ақшасын кемітуге және жалданушының жалақысын кешіктіруге болмайды: қызметшіге немесе малай әйелге олардың мерзімі біткенше, күн батқанша қожасы қызметі үшін қызмет ақысын төлеуі керек, себебі олар кедейлер, олар соған үміттенеді, ол олардың өмір сүруінің амалы, айтпесе зар еңіреп Тәңріге жалбарынар, содан күнәға түсуі мүмкін, себебі кедейлік діңкесіне тигендіктен олар қызметке жалданған еді. Сондықтан оларға орындаған жұмысы үшін тиетін ақшаны кешіктіруге болмайды.

### **73-бап=86. Жесірлерден кепіл алынбасын**

Жесір қатындардан ешқандай кепіл алынбасын, киім немесе басқа заттар, (105v/260v) алтын, күміс сияқты, кепілдің орынына алынбасын деп төреде белгіленген. Басқа төре бойынша жесірлерден кепіл алуға болса, біздің армян төресі оған тиым салған, себебі киім-кешек жесірлерге өте қажет. Тәңрі еврейлерге Мысырда қандай қайырымдылық көрсетсе, сондай қайырымдылықты Тәңрі жесір қатындарға көрсетуге бұйырады.

### **74-бап=88. Төбелескен екі еркектерді арашалаған қатын туралы**

Егер екі кісі бірімен бірі ызаланып төбелескенде қатын кісі оларды айыру үшін араларына түссе және күштірегіннен жығылғанға және жеңілгенге көмектескісі келсе, төбелескен кісілерді айыру үшін, (106r/261r) басқа амал таба алмағандықтан, күштірегіннің енектеріне жабысса, төре бойынша сондай жеріне тигені үшін ондай қатынның қолын кесу керек. Егер төре қайырымдылық етсе, ол кезде ондай қатын қолын сатып ала алады.

### **75-бап=89. Егер кім өлікті қабырдан шығарып, шешіндірсе**

Кімде кім өлгенді қабырдан шығарса және оны шешіндірсе және сондай істің үстінде қолға түссе, ондай талаушы сондай қылығы үшін өлімге кесілуі керек. Егер ондай іс істегенде қолға түспеген болса, ал соңынан өкінсе, бабастың алдында мойындаса, (106v/261v) онда оның дін атасы оған теріс қылығы үшін эпитимия тағайындауы керек. Ондай күнәхарды, кісі өлтірушіге теңеп, өлгенге дейін христиан дінінен аластату керек – төре осылай айтады.

### **76-бап. Біреу біреуді кездейсоқта, абайсызда өлтірген туралы**

Егер жолмен келе жатып, ешкімге тиіспесе, ешкімнің жауы болмаса, бірақ кенеттен оған қарақшылар шабуыл жасаса, сонда ол өзінің өмірін сақтау үшін олардың біреуін өлтірсе, төре бойынша, ол кісі өлтіруші емес, қасиетті шіркеу де оны күнә деп санамайды. Егер осындай жағдай

бабасқа жолықса, қасиетті шіркеу (107r/262r) солай деп санайды. Кім ондай күнә жасаса, тәубаға келу (бабас алдында), эпитимияға ұшырауы керек. Егер бабас сондай жағдайға ұшыраса, ол оның бабастығына ешқандай зиян етпес. Айтылған жағдайларда кісі өлтірген, егер лайықты болса, шіркеуде күнәсін кешіруді сұрай алады.

### **77-бап=90. Қараусыз қалған балалар және (Құдайдан) қорқыныш сақталмағандар туралы**

Кімде кім балаларын өзімен өзі болып өсуге ерік берсе және кедейліктен ондай балаларды ұстазға сауатқа немесе қол өнер үйренуге бермесе төре ондай балаларды атасынан, анасынан алып ұстазға немесе қол өнершіге беруді талап етеді, және жасы толғанға дейін өссін, (107v/262v) бабас немесе жақсы қол өнерші болсын. Егер монахтық өмірі өте қатаң, ал канондарды сақтау керек деген сылтаумен атасы балаларын ұстазға бермесе, ондай атаны қарғыс атсын, себебі төренің талабы бойынша аталар өздерінің балаларын жақсы тәрбиелеулері керек, қорқынышта және Тәңрінің өсиетінде ұстаулары қажет, Тәңрінің төресіннен және қорқыныштан шықпасын.

### **78-бап=91. Атасын-анасын тастап кететін балалар туралы**

Христиандардың кейбір ұлы, қызы атасын-анасын тастайды да кетеді, ал Тәңрінің бұйрығы бойынша ондай ата-ана өздерінің ұл-қызына толығыннан қамқорлық жасап, өздерінің әмірімен жанында (108r/263r) оқуға және тәртіптілікке үйретсін. Егер ұл-қыз атасын-анасын тыңдағысы келмесе, олардың дұрыс және жақсы тәрбиесіне жеңілтектікпен қараса, ондай балаларды қарғыс атқандар деу керек. Ол үшін Тәңрінің бұйрығы былай: егер ата-ананың біреуі өз балаларын өнегелі, Тәңрінің бұйрығымен өмір сүруге тәрбиелемесе, ал олар ата-ананың айтқанын тыңдамаса, ондай ата-ана сондай ұл-қызын қуып жібере алады. Бірақ, қазіргі уақытта жақсы және қадірлі ата-ананы тастап кететін жаман және бетімен кеткен балалар көп кездеседі. Сондықтан ондай балалар – (108v/263v) қарғыс атқандар.

### **79. Бап=92. Егер кім соғысқа барса**

Егер кім соғысқа барса және онда кісі өлтірсе, ондай кісі өлтіруші әулие аталардың шешімі бойынша күнәхар болып саналмайды, біз де осылай санауды тілейміз. Әрине, ондай өлтіруші тәубеге келуге және тиісті эпитимиямы тартуға міндетті, – төре осылай бұйырады.

### **80-бап=95. Қолөнершілер туралы**

Егер қолөнерші өз мамандығы бойынша тапсырылған жұмысты істегенде бір нәрсені ұрласа және сол үшін қолға түссе, өзінің ұялғаны үшін ұрлағанды екі есе қып төлеуі керек. Егер оны ұстамаса, өз қылығын (109r/264r) өзі сезінсін.

Армяндар бұл ережені өзара қолдансын. Егер армян қолөнерші басқа ұлттың берген затынан ұрласа, онда қай төреге өзге ұлттың адамы бағынады, сол төре бойынша жазалануы керек.

### **81-бап=98. Жарымжан туған балалар туралы**

Егер бала тілсіз (сақау) немесе басқа кемтарлықпен туса, мұндайда ол сияқты бала жарымжан туғандықтан атасының, анасының мүлкіне мүгедек болып туғандықтан мұрагер бола алмайды. Егер туғаннан кейін жарымжан болса, қалайда ақсақ, соқыр немесе алапес, әлде сәтсіз жағдайдан болған есалаңдық, ақыл-есінен айрылу, егер ақылы дұрыс болса да (109v/264v) тұра алмаса, жатса, өз мұқтажын атқара алмайтын болса, ал оның бауырлары Тәңрі оған саулық беретініне және ауруына көмектесетініне сенетін болса, оның атасы мен анасының мұрасынан үлесін оған Тәңрі саулық бергенге дейін бауырлары сақтасын. Егер сауықпаса, оның бауырлары оның үлесімен оны өлгенге дейін асыраулары керек.

### **82-бап=100. Сауда туралы**

Егер бір көпес басқаға бір нәрсе сатса, сол көпестің сатқан нәрсесі жарамсыз немесе шіріген болса, өзінің нәрсесінің бұзылғанын біле тұра мақтаса (110r/265r) және бұл жақсы, ал, – деп ант ішсе, алған кісіні алдаса және сатып алушы оның мақтағанына сеніп алса, ал кейін сол тауардың жарамсыз немесе шірік екені анықталса, онда сенімді жақсы кісілермен кұәландырсын; жарамсыз және шірік деп табылған нәрсе төре бойынша оның иесіне қайтарылсын. Бұл төрені былай қолдану керек: егер біреу біреуге ат немесе қара мал сатса, және ол қара малдың ешқандай кемістігі жоқ деп сатып алушыға шын айттым деп кепілдік берсе, кейін сатып алған кісі іс керісінше екенін білсе, (110v/265v) онда жарамсыз мал туралы мәселені жаман тауар туралы қалай айтылған, солай қарау керек: шірік нәрсені немесе жаман нәрсені қайтарсын, ондай тауарды сатқанды жарғы арқылы жазалау керек.

### **83-бап=102. Мұралық иеліктің шекарасы туралы**

Егер үйлер арасындағы, түздегі егістіктер арасындағы шекаралар туралы көршілер арасында дау шықса және біреуі айтса менікі деп, ал екіншісі айтса, сенікі емес, менікі деп, төре мұндай істі антпен шешуге болатынын айтпаған, бірақ екі жағы да сенуге болатын кұәларды қойсын және кім жағынан ақиқат кұәлік беретін кұәлар артық болса, (111r/266r) сол жағына ол шекара тиюі керек.

### **84-бап=103. Баспаналар туралы**

Егер ру басшылары және қарттар біреуді баспана қараушысы етіп қойса, онда кедейлерге қарасын, баспанада жатқандардың киім-кешегін, асын, суын қарастырсын. Ал егер ол бағушы сұқтанса, кедейлерге қайырымдылық ету оның міндеті болса да, баспанаға түсетінді өзі үшін жасырса және дәруіштерді аш ұстаса, олар аш-жалаңаш болмау үшін төре оны қайырымсыз, аямай жазалауы керек.

### **85-бап=104. Монастырлардың құқықтары туралы**

Егер кім болса да ұлы көктен (ақсүйек), немесе хан сарайындағылардан, немесе ер серіден, немесе алпауыттардан немесе жауынгерлерден

монастырь саласына келсе (111v/266v) және орналасқысы келсе және монастырьда орналасуға жақсы жер бар деп естісе, және монастырьға кернаймен, дабылмен, тағы музыканттармен және олармен қатын кісілер бірге болса, монастырь бастығы (игумен) оларға қарсы тұрып, жібермесе, көрікті сөздермен оларға түсіндірсе және оларды өз ниеттерінен айнуын сұраса, егер игуменнің сөзін тыңдамаса, сөйтіп монастырьда орналасып тұрса, ондайлар Тәңріден де, әулие аталардан да қарғысқа ұшырайды. Мұндайды естудің өзі қорқынышты. Себебі монастырь әулие аталардың жері. Ол (112r/267r) Тәңріге, хандарға, ұлы билерге, барлық христиандарға табыну үшін тұрғызылған. Сондықтан ондай кісілерге жоғарыда айтылғандай монастырьға кіруге болмайды, тек Тәңріге үреймен кіру керек, және Тәңріге дұға қылуға, және күнәні кешіру үшін садақа беруге.

### **86-бап=105. Кемелердің апатқа ұшырауы туралы**

Егер кеме қалаға жақын жерде апатқа ұшыраса, қорғаннан шығып кісілерге болысып, кемеңіз мүлкін теңізге кетіп қалмау үшін құтқару қажет. Егер қорғанның кісілері сұқтанып кемеңіз мүлкін талағысы келсе, олай істеуге жарамас: апат болған кемеңіз күйреуі және батуы оның биіне (112v/267v) зор зиян болды. Егер шын көңілден тегін болысқысы келмесе, болысқан кісілер өздерінің еңбектері үшін мүлктің оннан бір бөлігін алсын. Егер оларға оннан бір бөлік аз көрінсе, бестен бір бөлігін алсын да, өзгесін иесіне қайтарсын, себебі мұндай жағдайлар теңізде көп жолығады. Ал армянның төресі бойынша мұндай жағдайда көмектескен үшін бір нәрсе алуға болмайды.

### **87-бап=106. Жаңа селоға орналастыру туралы**

Егер біреу жаңа селоға жаңа жерде орналастырғысы келсе, оны ханның рұқсатынсыз істеуге болмайды. Егер ондай орналастыру жүргізілген болса, (113r/268r) сол шаруаларға жерді көрсету және шіркеудің негізін, содан кейін шаруалардың үйлерінің негізін салу керек және егістік жерлерді, пішендіктерді, өздеріне керек басқа жерлерді өзара бөлсін, әр біреуі өзінің орналасатын орнын білетін болсын. Ал егер бос селоға біреу ел отырғызқысы келсе, онда бұрынғы төремен және тәртіп бойынша орналассын.

### **88-бап=107. Үйлерді сатуды бекіту туралы**

Егер біреу ата-бабалардан қалған мүлкті сатса немесе сатып алса, барлық түрдегі шарттар өз күшінде болсын және сақталсын. Егер атасы немесе анасы ондай мүлкті біреуге сатқысы келсе, ондай (113v/268v) сауда-саттық мұрагерлік құқығы бар балаларының, қарындастарының, туыстарының келісімінсіз жүргізілмейді. Ондай мүліктерді солардың хабардар болуымен, және келісімімен, және кәулігімен сату керек. Егер атасымен тұратын ұлдарының біреуі мүлкті сатқысы келсе, атасы жағынан туыстарына хабар етпей және келісімінсіз сатуға болмайды. Егер шынында олар білмей және кәуландірмей және сөздерін ескермей жоғарыда айтылған мүліктерді олардың (114r/269r) келісі-

мінсіз біреуге сатса, кейін оның балалары немесе туыстары келіп, сатып алған кісіні төре арқылы сол мүліктерден аластата алады. Егер ондай мүліктерді сату айтылған кісілердің кеңестерімен, кұәландірулерімен, келісімдерімен жазбаша ресімделсе және ондай сатушылық кедейлік салдарынан болса, онда тұғандары алған кісіні бір жыл мерзім ішінде төре арқылы аластата алады. Ал егер шынында ол мүліктерді өздерінің адал ниеттерімен және өздерінің қажеттері үшін сатса және ол келісім бекітілсе, өз күшінде қалуы керек. Ондай келісім армян жарғышыларының алдында танылуы керек. (114v/ 269v) Және ол жарғышының мөрі басылған акт берілсін. Сатып алған мүліктерді бекітуге берілген болсын. Бітік (акт, грамота) ақиқат болу үшін мөр хан тағының атынан басылатындықтан, барша халық білуі және орындауы абзал, сондай-ақ армян жарғышыларының мөрі қойылған айтылған істер туралы актілердің күші де сондай болады, себебі бұл сияқты актілер хан тағының бұйрығына және күшіне негізделген.

Бұл бұйрықтарды қолдану армяндардың қарауында, себебі жарғышысы – қала войты, (115r/270r) неміс және магдебург төресіннен.

### **89-бап=108. Туған бауырлар мен қарындастар арасындағы бөліс туралы**

Егер бауырлардың арасында аталары өлген соң игіліктерін, мүліктерін, басқа заттарын бір қалыппен (өлшеммен) бөліскілері келсе, әуелі үлесуді бастамай тұрып, барша істен бұрын бауырлар атасының өлімінен соң тәртіппен өздерінің қатындарының жиһаздары мен үлестерін анықтаулары тиіс, сондай-ақ өз қатындарының жиһаздары мен үлестерін әр біреуі аталары үйіне қанша жиһаз аз ба, көп пе күйеулеріне әкелгенін анықтаулары керек, (115v/270v) және қатындарының жиһаздарын бөліп қойып, содан соң аталарынан қанша игілік қалса үлесті бауырлар өзара тең және әділ бөліссін.

Егер бауырлардың біреуі үлестірімстен бұрын атасының тірлігінен бірдеме алған болса, оны бәрінің үлесіне қосу керек, әрбір бауыр үлесті алғаннан соң өз үлесіне ие болар, төре осылай белгілейді.

### **90-бап=109. Ұрыны жазалау туралы**

Төре бойынша ұрлық үстінде ұсталған әрбір ұрыны төре алдына әкелсе дарға асуға кесу керек.

### **91-бап=109. Ұрылар мен қарақшылардың төресі**

Ұрыларды және қарақшыларды олардың көмекшілерімен (116r/271r) бірге шіркеу қорғамайды, ал төре оларға өлім жазасын белгілейді. Сондықтан ұры және қарақшылар өздерінің көмекшілерімен бірге әр уақытта өлімге кесілсін. Сондай-ақ біреу біреуді ұрлап кетсе немесе қарақшылықпен тонаса, Жаңа және Ескі Төре ондайды өлімге бұйыруды белгілейді.

### **92-бап=111. Бидің өз керегіне жіберген қызметшісі туралы**

Егер би өз керегі үшін қызметшісін жолға жіберсе, ал жолда түрлі оқиғалар жолығуы мүмкін, егер сондай қызметші сәтсіз оқиғаға жолы-

қса, ол қызметші жолға шыққысы келмеген болса, биі оны сол жолға шығуға зорлаған болса, сол жолда қызметші сәтсіздікке ұшыраса (116v/271v) және биі сол жолға зорлап жіберген болса, биі бұл іске кінәлі. Егер қызметші биіне айтпастан ол жолға шықса, сонда бір сәтсіздікке ұшыраса, ол жағдайға биі кінәлі емес, зиянға жауап бермейді.

### **93-бап=112. Біреу басқа кісінің қызметшісін өз керегіне жұмсаса**

Егер біреу басқа кісінің қызметшісін өзінің ісіне жұмсаса және ол қызметші жолда сәтсіздікке ұшыраса, содан ол қаза болса, онда кім оны биінің келісімінсіз сондай жерге жіберді, оның қанына жауапты. Сондықтан төре біреудің қызметшісіне бұйрық беруге тиым салады, егер өз қызметшісі болмаса. Сол үшін жарғышының міндеті – төреге сәйкес ондай (117r/272r) істі қарап, қандай ниетпен ол қызметшіні қауіпті жолға жібергенін немесе қандай себептен ол қазаға ұшырағанын анықтау.

### **94-бап=113. Жалдаған қызметшілер туралы**

Егер біреу қызметшіні жалдаса, ол биіне айтса, мені жібер өз керегіме барайын деп және биі оны жолға жібергісі келмесе, ал қызметшісі биінің сөзіне құлақ аспаса және өз ісіне кетіп қалса және онда ол қайтыс болса, ондай жағдайға биі кінәлі емес. Егер сол жолға биі қызметшіні өз еркімен жіберсе, және басқа кісілер оған айтса, ол жолға жіберме деп, және сол жолға барғанда сәтсіз жағдайға ұшыраса, онда қызметшісіне тап болған сәтсіз жағдай үшін (117v/272v) биі кінәлі болар.

### **95-бап=115. Егістікке кіріп, қашаға жабылған қара мал туралы**

Егер біреудің малы қыста немесе көктемде егістікке кірсе, кімнің егістігіне мал кірді немен болса да ұрмасын, немесе мерткітirmесін, тек ондай малды өзінің қашасына жапсын. Егер ондай малды егістік иесі өлтірсе, төлеу керек. Егер соқыр қылса немесе күшпен мүйізін сындырса, немесе құйрығын кессе, немесе аяғын ақсатса жарғышылар оны рет-ретімен анықтап қарасын, жақсы таразыласын, кім айтылған жағдайларға (118r/273r) байланысты мұндай жаман істі жасады, сол малдың төрттен бір үлесін төлеуі керек. Егер оған дейін мал иесіне өзінің малын жақсы қарап сақтасын, егістікке зиян етпесін деп айтса, ал ол өзінің малын қарамаған болса, онда жарғышылар сол сияқты істі куәландыру және анықтау арқылы қараулары керек.

### **96-бап=116. Кім болса да біреудің атын үркіткен туралы**

Біреу біреудің атын әдейі үстіндегі отырған кісі құласын деп үркітсе және ол отырған кісі аттан құлап өлсе, сол сияқты істі жарғышылар бақша түрде емес, тек адамды өлтірген іс деп (118v/273v) қарауы керек. Жазба төре өлтірген үшін қалай бұйырса, кім атты үркітіп, сәтсіздікке себеп болды, сол адам басы үшін бауырларына, туыстарына төлер. Ал егер сол аттан жығылған тірі қалса және егер денесінің бір мүшесіне за-

қым келсе, онда кім атты үркітті, емдеу үшін және зиянды төлесін, тіпті ойнап істесе де, төре солай қарау керек. Егер ат кісіден шошығаннан үрксе және үстінде отырған кісіні құлатса, құлаған кісі өлсе немесе мерткісе, онда бұл туралы ешкім, ешқандай сөз көтермесін және зиянға борышты болмайды, себебі көп аттар (119г/274г) үркек болады және басқа да қылықтары жолығады; егер осында жазылғандай болса, төре тиісті түрде қарап, төреге сәйкес әділ шешсін.

### **97-бап=117. Кім кісіні қасақана немесе абайсызда өлтірсе**

Абайсызда кісі өлтіру мынадай әрекеттерден болуы мүмкін: егер біреу балтамен отын шапқанда балта сабынан шығып кетіп, кісі өлтірсе, кімді де болса, немесе біреу тасты немесе ағашты (атса), тағы егер кім болса да жемісті ағаштан таяқпен немесе таспен түсіргенде кісіні өлтірсе, немесе ұстазы байқамай шәкіртін өлтірсе, немесе ата ұлын, немесе би қызметшісін, немесе бәйбіше қызметші әйелді, немесе бауыры бауырын, (119v/274v) немесе біреу бөтенді абайсызда басқа бір айтылған әдістермен өлтірсе, немесе аттар арбаны ала шапқанда, оны тоқтата алмағаннан кісіні өлтірсе, немесе киікке шыққанда киікшілер орманда немесе далада киікті өлтіру үшін оқ атқанда ол оқ кісіні өлтірсе – мұндай кісіні өлтірулер абайсызда өлтіруге жатады.

Ал қасақана өлтіру де әртүрлі: біреу біреудің артынан өлтіру үшін қуаса, ал қашқан бұрылып артынан қуғанды өлтіруі, тағы қарақшылар және тонаушылар (120г/275г) жолшыны және емін-еркін жүрген кісіні өлтіргісі келсе, ал олар өздерінің өмірін сақтау үшін керісінше қарақшыларды өлтіруі, немесе әскерде болып өзінің үйдегі дұшпанын сонда кездестіріп қасақана өлтіруі, немесе біреу түнде жолда біреуді өлтіру үшін оған шабуыл жасауы немесе жауыз қатын өз күйеуін уландыруы, немесе біреу біреуді күншілдіктен уландыруы, осы айтылған себептермен біреу біреуді өлтірсе ол қасақана өлтірген болып саналады, алайда қылышпен шапқанмен бірдей болады. Егер кім ер кісіні немесе қатын кісіні айтылған әрекеттермен өлтірсе, жазылған төре бойынша (120v/275v) оның басының құнын төлеуі керек.

### **98-бап=118. Селода болатын істер туралы**

Егер кім де болса селодан өтетін өзеннен өз бақшасын суғару үшін арық жүргізсе және ол суды өзіне келтіргенмен қарамаса және оның қарамағандығынан су көршісіне зиян келтірсе және сондай суды келтіргені туралы көршісіне айтпаса, ондай зиянды суды келтірген кісі төлеуі керек. Кімдер сондай айтылған зиянды шексе, әрекет жасап, кісілердің көмегімен төре алдында және келтірілген зияндарын төлеу керек екені туралы талап қойсын.

### **99-бап=119. Білімсіз дәрігерлер туралы**

(121r/276r) Кісілерді емдеуге беру жиі кездеседі, сонда дәрігердің білімсіздігінен немесе дәрігердің сауатсыздығынан немесе білімсіз емдегеннен кісіні өлтірсе, өшін алу үшін немесе білмегендіктен кісіге жаман ем берсе немесе дәрігер жетік үйретпеген шәкіртін науқасқа жібер-

се және сол сияқты себептен кісі өлсе, төреде жазылған бойынша басының құны төлену керек. Айтылған жағдайларда өлген кісінің басының құнын төлеуге дәрігер және шәкірт міндетті болады. Егер науқас өзі дәрігердің сөзін тыңдамаса және сондай науқас өлсе, дәрігер оған кінәлі емес.

### **100-бап=120. Қашан біреуді зорлап қайда болса да жіберген болса, өз еркімен бармаса**

(121v/276v) Егер кімде кім біреуді оның еркіне қарамастан зорлап іске жұмсаса: жеміс ағашына шығуға және сол ағаштан жемісті сілкуге немесе кісіні тасқын судан өтуге мәжбүрлесе немесе үйретілмеген атқа отыр деп әмір етсе, және сол сияқты іске зорлықпен жұмсалған адам қаза болса, соған кім себеп болса, басы үшін жауапты болар, себебі ол адамды өзінің еркіне қарамастан сол сияқты сәтсіз жағдайға ұшыратты.

### **101-бап=121. Қандай іске болса да жалдауға алған жұмысшылар туралы**

Қашанда тең-жараға істейтін жұмысқа қандай іске болса да жұмысшыларды алатын болса, және сол сияқты (122r/277r) жұмысшылардың біреуі басқасынан аз істесе, төре бойынша айту керек, араларында кім артық істесе, оның ісіне қарай соған артық төлеу керек, ал кім кем істеген болса, сол ақысын кем алатын болсын.

### **102-бап=122. Малшылар туралы төре**

Қашан малшылар әртүрлі түлекті малды бағуға жалданатын болса, аңнан табындағы малға зиян болмау үшін жануарларды қырағылықпен күту керек және жақсы күзету керек. Егер малшының жаман қарағанынан күтуінен немесе күтушінің жоқ кезінде шығын болса, малшы сондай болған зиянды төлеу керек. Егер (122v/277v) малшы барында ондай болса және ондай қауіптің бетін қайтаруға күші жетпесе, сол жерге иесін, кімге зиян келтірілген болса, соны алып келу керек. Егер жануар күтушінің кінәсінен табынан жоғалса, оны өзі төлесін. Егер күтуші өзі таяқпен немесе таспен ұрғандықтан зиян болса немесе бір нәрсе лақтырып мерткітirse немесе өлтірсе зиянын төлеу керек. Егер жануар бірін бірі өлтірсе, сол сияқты істі төре өз билігімен шешуі керек.

### **103-бап. Егер кім шіркеуге нәрсе берсе**

Егер кім шын көңілден шіркеуге нәрсе берсе – жүзім егісін, немесе үй, немесе диірмен, (123r/278r) немесе айдалған жер, немесе басқа сондай нәрсе шіркеуге берсе және ол шіркеу сәтсіз жағдайдан өртеніп кетсе, егер ондай шіркеу қалада немесе селода болса, ондай жағдайда шіркеуге берілген сол сияқты игіліктен епископтың келісімімен түсімді жинасын және сол сияқты түсімдерге шіркеу салсын. Егер ол шіркеуді бұрынғы жеріне салуға болмаса, сол шіркеуді баққан кісілер, шіркеу қауымы, басқа жерге тұруға көшіп кеткендіктен, сол шіркеуге берілген қа-

ражатқа шіркеу (123v/278v) салыну керек. Бұл епископтың келісімімен және рұқсатымен жасалу керек.

### **104-бап=123. Дүкеншілер және көпестер туралы төре**

Көпестер және дүкеншілер өздерінің саудасын адал жүргізу үшін хан билігінің өзі қалада, елді мекендерде, барлық жолдарда қалай анықтап орнатты, солай әрекет жасауға тиіс және міндетті.

Ең алдымен таразылар қандай, тастары қандай, кездері және өлшемі қандай түрлі тауарлардың, барлық сатуға арналғандар дұрыс және толық болу бақылау керек үшін және (бағасы) уақытына қарай (124г/279г) қойылуы керек және оның үстіне күзет қойып, қырағылықпен қарап күзетсін, басқа ешкімге де осы әрекеттерден әділсіздік болмасын.

Егер біреу басқаны айтылған таразыда, кезде, таста өлшегенде және көздегенде алдаса немесе ұрласа, ол уақытта бір зат үшін, аталған арамдығы үшін немесе ұрлық еткендіктен, арамдық жасаушы төрт есе төлеу керек, мұндай ұнамсыз істерді жасамау үшін басқаларға ескертпе болу ретінде ұждансыз деп жариялау керек.

Егер де кім жасырын ақша немесе теңге соқса және оны сезіп қойса, сол сияқты ақша немесе теңге соққан үшін (124v/279v) жаңылғанның екі қолын кесу керек.

Тамғашыларға төре көпестерден тамғаны, олар қысым көрмеу үшін, қайырымдылықпен алуды бұйырады. Және егер қалаға саудамен айналысатын көпес келсе, онда тамғасын төлеу керек, ал жолда тамғаны алуға төре тиым салады. Ханнан немесе кеңесінен басқа жасақ әлде тамға салынбайды. Егер билердің кейбіреуі тамға жинаса, қалай хандық белгіледі, тек солай ғана, басқа түрлі әрекетпен тамғаны алуға болмайды.

Тағы да төреде жазылғандай, барлық адамдардың өміріне және жеуіне, ішуіне керек нәрсенің бағасы осы жылғы сұраным мен айналымға сәйкес (125г/280г) анықталуы керек және бұл аталған бұйрықтарды шығарған князьдардың биліктерімен реттелуі керек, әркім оларды сақтауы және бұлжытпай орындауы керек, бай әлде кедей болсын және бірде бір көпес айтылған қаулыларға өз еркімен ештеме қоспасын және белгіленгеннен басқа ешнәрсе жасамасын.

Бұл тәртіпті түсіну керек, воеводалардың бақылауымен сақтау керек, олар өлшемнің дұрыс болуын қадағалайды және солай болу үшін таразыларды және өлшеуіштерді белгілейді және армянның қайсысы ұрлық істесе, әлде (125v/280v) ақша соқса, қаланың және магдебург төресімен, қайсысының қарауына армяндардың жаңылғандық істері жатса, жазалануы керек. Ал тамғаны жолда алу туралы тәртіп не айтады, соны былай түсіну керек: ол үшін ханның қоймасы (кедені) бар, ал жолда тамға алуға тиым салынады.

### **105-бап=124. Әртүрлі қолөнершілер туралы төрелер**

Барлық қолөнершілер жұмысты барлығы бірігіп алады немесе бөлек-бөлек тапсырылған істің бағасы туралы келіседі. Егер қолөнершінің істегені иесіне ұнамаса немесе тапсырған адамның ісін бүлдірсе, төре бойынша тапсырылған істі өз есебінен қайтадан жасауы керек. Егер

қайтадан жасағысы келмесе, онда (126г/281г) бұрынғы келісім бойынша жаман істелгендіктен жал ақысына қосымша қандай зиян келгенін шешу төрешінің қарауына жатады. Егер қолөнерші ол тапсырмадан ұры сияқты бір нәрсені алса, төрт есе төлеуі керек. Егер оған жасауға берген затты қалай болса да жойса, ол жойылған нәрсенің құнын төлеуі керек. Егер қолөнерші шұғаны немесе басқа соған ұқсас оған берген нәрсені ұзақ ұстаса және оны күйе бұзса немесе тышқан жесе, одан келген зиянның барлығын қолөнерші төлесін. Егер сол сияқты затты қолөнерші кепілге қойса, сол сәтте ол сатып алуға міндетті. Егер сол сияқты қолөнершідегі зат біреудің жауыздық әрекетінен жанып кетсе, қолөнерші (126v/281v) зиян шекпесін. Егер ол қолөнершінің кінәсінен жанып кетсе, зиянын қолөнерші төлесін.

Егер қолөнерші-армян өзіне істеуге берген затты ұрласа әлде ысырап қылса, нан мен суға жұмсаса, қаланың және магдебург төрелік болуы керек, себебі ұрлық іс бойынша армяндар қала неміс төресінің қарауына берілген.

### **106-бап=125. Биінің құралымен жұмыс істейтін қолөнершілер туралы**

Өзінің биінің құралымен жұмыс істеуші қолөнершілер биінің жұмысын істегенде құралды сындырып алса, ол зиян биінікі болу керек. Егер биінің құралымен қолөнерші өз жұмысын істесе және сол сияқты құралды бүлдірсе, онда (127г/282г) биіне келтірген зиянын төлеуі керек.

Ал егер қолөнерші құралды өз биіне жұмыс істеуге емес, өзінің басқа жұмысын істеуге жалға алса және сол құрал жұмыс істегенде бүлінсе, онда зиян шегуші биі болады, себебі жалға алушы жал ақысын өзінің биіне төлеген.

### **107-бап=130. Соғыстағы табылған олжа туралы**

Егер кімде кім әскерде болғанда қандай болса да мүлік тапса, сол мүлікті тапқан өз еркімен ешкімге сол сияқты мүлікті қайтармай билейді, себебі ондай әскери төремен хандардан және князь аталардан ерекше бостандықтар берілген және дін төресі де солай айтады, сол сияқты мүліктерді садақаға беруге болады, себебі (127v/282v) ондай жолмен табылған мүлік ұрланған немесе таланған мүлікке жатпайды.

### **108-бап. Ескі борыштар туралы**

Отыз жылға дейін ешкім талап етпеген, төре арқылы іздемеген борышты мәңгілік талап етуге болмайды. Ал егер де сол уақыттың арасында арыз айтса және оған борыштыға қарсы сенімді адамның жеткілікті кәуәліктері болса, онда оның борыш берушінің ұрпақтары ол борыштыны немесе ұрпақтарын, уақыттың көп өткеніне қарамай, борышын төлетуге төреге тарта алады. Ал егер сол сияқты борыш берушіде борышкердің борыш үшін қалдырған кепілзаты болса және 30 жылдан соң (128г/283г) сол сияқты кепілзатты төре арқылы кепілзат қойылған адамнан іздемеген болса, сол кісінің және оның ұрпақтарының меншігінде мәңгілікке қалады.

## **109-бап. Біреу нәрсе сатып алса және сол үшін сатқан кісіге кепіл берген туралы**

Егер біреу әртүрлі нәрседен сатып алса және оның сатылуы орын алса және алушы сатушыға бір үлесін берген болса, қалған соммасын беретініне сендіру үшін төре бойынша сол мүлікті алушыдан басқа ешкімге сата алмайды, оны бұрын алушы сатып ала алады. Егер де алушы өз еркімен шарттан бас тартса, ол алған затты (128v/283v) сол себептен сол кезде өзгеге сата алады. Бірақ бірінші алушының оған ерік бергені туралы күәлігі керек.

## **110-бап. Көпестің нәрсе сатып алғаны туралы және сатушының мүлікті алып қалғысы келуі**

Егер де біреу қандай болса да зат сатып алса және ақшасының бір бөлігін берсе, бірақ кейін ойластыра келіп келісімді орындағысы келмесе, ондай келісімді мынадан басқаша бұзуға болмайды: сатушы келісімді орындамаса, алған кепілзатын екі есе қайтаруы керек, ал егер затты сатып алған келісімнің орындалуын қаламаса, қалдырған кепілзатынан айрылады.

## **111-бап. Кепілдік үшін ақша беру туралы**

Егер біреу біреуден кепілзат беріп ақша алса және қайтаратын күнін белгілесе және кепіл беруші (129r/284r) белгілеген күнін асырып алса және ақшасын қайтарып бермесе және қалдырған кепілзатын қайта сатып алмаса, төре бойынша сол сияқты кепілзат қоюшының есіне бір, екі, үш мәрте салу керек кепілзатын алып, ақшасын төлеу керек екенін. Ал егер қайтарып алғысы келмесе, ол кезде ол, кімнің қолында кепілзат бар, соған екі күәні шақырып сол сияқты кепілзатты сатуына болады. Ал егер сол кепілзатты өзі бергеннен артыққа сатса, онда күәларға айту қажет, ол кепілзатты сатушы кім кепілзат қалдырды соған міндетті екенін, және кім кепілзат қалдырды соған бағасынан артығын иесіне қайтарсын.

## **(129v/284v) 112-бап. Біреу біреуге бір нәрсе берем деп уәде беру туралы**

Егер де біреу қандай да болсын армянның ісіне байланысты істі орындауға және жасауға алса, және тапсырма беруші оның қызметі туралы сөз қозғаса және сол, кім оның қызметі үшін белгілі ақы төлейтінін оған айтса, онда сол сияқты іс орындаушы тапсырманы тапсырушының ойындағыдай орындаса, тапсырушы өзінің айтқан сөзінде тұрып, оған еңбек ақысын толық төлесін. Ал егер сол сияқты істі толығымен орындамаған болса, бірақ ол іске еңбегін жұмсаса, жалға ұстаушы оның істеген жұмысының мөлшеріне қарай есеп айырысуы керек.

## **113-бап. Әкесіне айтпай борышты болған ұлы туралы**

(130r/285r) Егер қайсы бір әкенің ұлы немесе қызы болса және солардың біреуі атасына білдірмей және оның еркінсіз қандай да боры-

шқа қалса және өлсе немесе басқа ұлысқа қашып кетсе сол борышын төлемей, төре бойынша сол сияқты борышты оның атасы да, бауырлары да төлемесін, борышты тек сол, кім борышқа қалды, одан басқа біреуі де борышты емес, ал кім борышқа қалды, сол борыштан болған зиянды төлеуі керек. Мына жағдай айрықша айтылады: егер атасының тірі кезінде борыш алса және атасы тірі кезінде оған еш нәрсе бөлмеген болса, атасы да, бауырлары да ол борышты төлеуге міндетті емес. Ал егер де атасының өлімінен кейін (130v/285v) атасының немесе анасының үлесімен өзінің үлесін алған болса, бірақ сол борышын төлемей өлсе, ол уақытта сол сияқты борышты кімге беру керек болса, сол оның үлесінен тіпті мүлік болса да талап етуі керек және несие берушіге оған тиген мүліктің үлесінен зияны толтырылуы керек, бауырларының үлесінен борыш төленбесін, себебі олар міндетті емес.

#### **114-бап. Қонақ үйлеріне тауарлар қалдыратын қонақтар**

Қашан қонақ үйіне тауармен қонақ келсе, сол тауарға күзетші жалдаса және ол тауарды жақсы күзетуге міндеттенсе және оның күзетпегендігінен сол тауарға қандай әрекетпен болса да зиян келсе, (131r/286r) күзетші сондай зиянды төлеуі керек. Егер қонақ тауарын күзетсіз қалдырса және үй иесіне қарауды тапсырмаса және басқаға күзетуге бермесе, өзін кінәләуі керек және басқадай жағдай болмаса зиянын да өзі шегуі керек, үй иесіне немесе күзетке талап болмасын.

#### **115-бап. Жетімдер туралы**

Егер атасы өлгеннен кейін жас балалары қалса және де атасының, анасының төлемеген борышы қалса, ол кезде несие берушілер жетімдерден кәмелетке жеткенше төлете алмайды, төреге бере алмайды және жетімдердің барлық мүліктері мейлі үй, немесе жыртынды жер немесе басқа да сол сияқтылар олардың жасы толғанша (131v/286v) сол сияқты үйді немесе жыртынды жерді қарттар (ру қауым басшылары.– F.C.) жалға бере алады және балалардың жасы толғанша, былайша айтқанда қамқоршының қолындағы ер балалар жиырма жасқа жеткенше, ал қыз балалар бой жетіп, ерге шыққанша, ерлері олардың қамқоршысы болғанша және өздері ерлерімен бірге еркімен өздерінің мүлкін билей бастағанша жал ақыны жинай алады.

#### **116-бап. Атадан қалған игілікті мұраға алу туралы**

Егер біреуге Тәңрінің бұйрығы болса, өсиет етпесе және өзінен кейін ұл, қызы қалса, ол уақытта атасынан, анасынан қалған игілікті тең бөлу керек. (132r/287r) Ал егер өсиет етсе және игілікті ұлдарына қалдырса және егер тірі кезінде қыздарын ерге берсе және ер балаларына қыздарынан артық бергісі келсе, ол оның еркі. Ал егер біреудің ер балалары болмаса, ол шақта қыз балалар атадан-анадан қалған барлық игілікке ие болады. Біреу өлсе, ұлы, қызы болмаса және бауырлары немесе бауырының баласы болса, оларға барлық игілік қалады. Ал егер бауыры немесе бауырының ұлы болмаса, ол шақта қарындасы немесе қарындасының ұлы мұрагер болар. Ал біреу ұлсыз, қызсыз болса және

төртінші кіндікке (атаға) дейін туғандары болса және олар мұрагер бола алатынын (132v/287v) әбден анық білсе, төренің көрсетуі бойынша, туысқан болғандықтан баласыздың игілігіне мұрагерлік етсін.

### **117-бап. Төлемін толтыра алмайтын адамның қаны туралы**

Егер біреу озбырлықпен және қасақана адамның қанын төксе білсін қанның бағасы жоқ екенін және қанның бағасын төлеуге болмайтынын, себебі Тәңрі адамды өзіне ұқсас қып жаратқан және Тәңріден басқа өлген адамды ешкім тірілте алмайды. Қанның бағасы Жүсіп үшін одан кейін бүкіл әлемді жаратқан Мәсіх Иса Биіміз үшін төленді, бауырлары Жүсіпті 20 күміске сатты және Мәсіх (133r/288r) Биімізді Иуда еврейлерге 30 күміске сатты, мұны есте ұстаған орынды және әділ, себебі бұл төлемдер лайықсыз, жексұрындық және жарамсыз. Қорытып айтқанда төре және әділдік бойынша егер біреу армянды өлтірсе, басы үшін 365 алтын төлеуі керек және бұл ақылға қонарлық, себебі адамда 365 мүше бар және әр жылда 365 күн бар, сондықтан төре қатаң бұйырады: әркім қорқынышсыз және емін-еркін сүру үшін, адам өлтіру болмасын, одан үрейленсін, сол сияқты істен тартынсын.

Бұл бұйрық егер армян армянды өлтірсе қолданылады. Егер басқа ұлттың адамы армянды өлтірсе (133v/288v) немесе армян өзге ұлттың адамын өлтірсе онда қаланың посполитий төресімен немесе ханның төресімен, қайсысының қарауына жатса, жазалансын.

### **118-бап. Төреден ханға арыздану туралы**

Төреде әділ айтылған, егер біреу төреде өзінің дауын қарағанда төренің айтқанында, войттың немесе армян қарттарының армян жарғысының атынан айқандарында, баптарда және қаралған істерде әділетсіздікке және қысымшылыққа ұшыраса және ол соған байланысты ханға арызданғысы келсе, онда ол басқа жерге емес, тек ханға жүгінуі керек. Король өзінің билігімен (134r/289r) ханға жүгінген кісінің берген арызын қарап, армяндардың жазылған төрелерінің негізінде қалай керек болса, солай тауып оның билігін шығарады. Барша армяндардың, мейлі бай болсын, әлде кедей болсын төреден ханға жүгінуге еркі бар, себебі армяндар жеңілдікті князьаталардан алған, қала билеушілерінен емес, және дұрысын айтсақ, жеңілдіктер корольдің тағынан берілген және өздеріне берілген жеңілдіктерге сәйкес, басқа ешкімге де емес, ең жоғары төре – ханның тағына бағынады, және де кім оларға төре берді, тек өзі, басқа ешкім де емес, жарғысымен және әділеттікпен төрелік етсін.

### **119-бап. Тараптардың екеуі де қатыспай жарғышылар (134v/289v) жарғылық жүргізбесін**

Бірде бір армян төрешілері тек бір тарапты тыңдап, жарғысын шығармасын, қандай болса да іс бойынша жарғының алдына екі тарапта келсін. Төреші олардың арызын және жауабын тыңдап, қай жағының күәлері сенімдірек болса, қалай төреге сәйкес деп тапса төрелесушілердің ісін солай шешсін. Іс бойынша күәліктер болсын, және үш сенімді күәлерді келтіру қажет.

## **120-бап. Армян төресі туралы**

Әділдік аян болсын және төреге қатысушылардың барлығына ол белгілі болуы керек, сол үшін жарғышы өзі жалғыз бір даудың да шешімін (135Ғ/290Ғ) шығара алмайтын болсын, ал оның жанында, армян төресінде армян төресін жақсы білетін 12 игі қарттар болсын. Егер де 12 болмаса, 6 болсын, егер алты болмаса, төртеу болсын. Төрелік басқаша емес, тек осындай тәртіппен жүргізілсін және бір де жарғышы өзі қарап отырған іс бойынша кеңес бермесін, әйтпесе оның күдікті болары айқын.

## **121-бап. Төрені құрметтемеу туралы**

Егер де біреу армянның төресін құралмен немесе сөзбен қорласа, сол үшін ондайды жаңылғанына қарай төремен жазалау керек, себебі төреге (135v/290v) тәртіпсіздік жасау үшін келмейтіндерін білулері керек, бірақ әр кім өзіне әділдікті байсалдылықпен және сыпайылықпен іздесін. Қашан бір жағы арыз айтса немесе жауап берсе, екінші жағы тыңдауы керек, арыз айтқанның сөзін бөлмесін. Арызына қарап және жауабына қарап төреші бұйрығын бұйырсын, сонымен төрелікке алдына келген тараптардың даулы ісі тоқтар және аяқталсын. Барлық жарғышының барлық жаңылғандарды жарғыда қарап, жаңылуының түріне сәйкес отырғызуға немесе айып салуға жоғары билігі бар.

## **122-бап. Біреуді вoйтқа шақырса, ал ол бармаса**

(136Ғ/291Ғ) Кімді де болса армяндардың белгісі бар вoйтқа шақырса, бірақ ол бармаса, үш мәрте шақырылсын. Егер елемесе және оның алдына бір мәрте бармаса, вoйтқа 6 ақша қарыз болар, екіншіде бармаса – 12 ақша вoйтқа түсер, үшінші шақырғанда да бармаса – 12 ақша айыпқа қалар және қамалар. Ол жақсы кісілер төреге және төре істі қарағанда алып келеміз деп кепілдікке алғанша зынданда отырсын және кепілге алушыға, кімді кепілдікке алды, сол кісімен бірге төреге сәйкес армян төресінің алдына айыпталған іс бойынша ақталуға және жауап беруге алып келу үшін үш аптаға дейін мерзім (136v/291v) тағайындалсын. Егер кім төреге шақырылған болса, бірақ үш мәрте шақырғанның біреуіне де келмесе, әрбір шақырған үшін вoйтқа және армян қарттарына 12 ақшадан түсер және ісін ұттырған кісінің мүлкі ме, ақшасы ма төренің билігімен оған арыз берілсін. Төреге арыз бергеннің шығынын заттай төлесін, істі ұтқан кісіге, егер үйі, немесе ақшасы, немесе заты болмаса, жоғарыда жазылған баптарға сәйкес оған төлеу үшін күн берілу керек, сондай-ақ қонаққа, кім оның алдында кінәлі әлде борышты, және 4-ші күнге (137Ғ/292Ғ) дейін мерзім белгіленсін; төре вoйтпен, армян қарттарымен түгел болуы керек, барша болған теріс қылықты жан-жақты әділеттілікпен қарау керек, қай төреде кісі ұттырды, сол төре.

## **123-бап. Егер біреу қатынның үстінен төреге арыз берсе**

Егер бір қатын төреге шақырылған болса, күйеуі немесе жақын туыстары төреде қорғаушы бола алады, және төренің алдында оның ісін жүргізуге, ұтуға немесе ұтылуға хақы бар екені туралы берілген дү-

рыс және күші бар сенім хаты болсын, (137v/292v) мұндай істерде қулық және зұлымдық болмау үшін кімдер қатынға жақын болғысы келетінін, оның ісін жүргізуге, ұтуге немесе ұттыруға дайындығын төрелер тиянақты қараулары керек, ол кісі өзінің жақындығын төре алдында бетпе-бет кездескенде дәлелдеуі керек, ол сол сияқты істі ол қатынды ұттыру мақсатымен алдап алған болса, сол сияқты істе алданған кінәлі болмайды, оған зиян келтірілмесін.

### 124-бап. Ант ішуді жариялау

Армянның жазба төресі былай бұйырады: егер армянның (138r/293r) біреуін армян төресі тән антына келтірсе, ондайда ол армян қандай істі болсын, мейлі үлкен, мейлі мардымсыз, кәуәлігі болмаса, тек өзі ант ішсін және ант ақиқаттық үшін басқа жерде емес, шіркеуде қасиетті крестке берілсін. Онда войтпен төреде бірге отыратын армяндар болсын, уақыт келгенде екі бармағын қасиетті крестің үстіне қойсын. Ант ішкізетін адам қолына үш мәрте су толтыруы керек, содан кейін ол кісі төре алдында ант ішсін. Сондай-ақ, біреуді айыптаған адам өлгеннен кейін, ол кісі, кімді айыптаған болса сол, жоғарыда айтылғандай, өзі ант етсін, ешбір күәгерлерсіз ақталсын.

Барлық баптарды және әр бірін жеке-жеке қалай тізбектелген, және орындалған, және жасалған бойынша біз мызғытпай және қатаң сақтармыз, өзіміздің шын ниетімізбен, және ойымызбен, және біздің екі кеңестің еркімен осылай бекітіп және сақтауды тіледік, ойластырдық, және растаймыз, және осы уақытқа дейін қалай қолданылған болса, солай бекітеміз. Былайша айтқанда егер төреге арыз беруші (139r/294r) армян болса, қай төреге қарайтын болса, содан төрелікті іздесін. Ал егер армян шақырылған болса немесе айыпталған болса, төрені Львов қаласының войты аталған армян төресінің алдында армян қарттарымен жүргізу керек. 4 баптан басқа өзге біздің жинағымызда жазылған бойынша армяндар бұл Львовтың қалалық және магдебург төресіне жауапқа тартылады, біз мойындаймыз және келісеміз. Және әділ, жоғарыда айтылған төрт баптан басқа армяндардың өздерінің төресімен төрелессін, біз оларды қалдырамыз және осы уақытқа дейін сол төрені қалай қолданып еді және өмір сүріп еді, солай сақталуын тілейміз. Сондай-ақ (139v/294v) барлық және жекелеген істер ақиқат және дәлелді айтылған істер екенін растау үшін бүгінгі істердің үстіне біздің мөріміз ілініп асылды. Және Петрковда болған сеймде Ұлы оразаның алдындағы жексембіге жақын сенбіде, Масленицасы (ақырғы қарапайым тамақ) күнінде берілген.

Мәсіхтің туғанынан 1519 жылы, біздің хандығымыздың 13 жылы, армяндардың жыл санауы бойынша 969 [+551=1520] жылы.

Төрелер хан Зигмундтан берілді.

Ол жерде оның жанында Мәсіхтен болған ақбастар отырды: қасиетті митрополит шіркеуінің ақбасы және кеңестегі алдыңғы бий Ян Гнезненский, Папаның елшісі, Қуявтың ақбасы Мачей, Ян Пазнанский (140r/295r) Фабиан Елпршиктен, Петр Перемишлядан және біздің ха-

нымыздың подканцлері, ақбастар; тағы да ұлы күшті билер: Криштоф Шидловдан, Краковтың воеводасы және старостасы және біздің хандығымыздың канцлері, Ян Любранчтан Познанды, Миколай Дубовицадан Сандомирді, Ярослав Ляскадан Серазлы, Ота Ходчадан посполитый, Миколай Нишицадан Полоцты, Андрей Тчиндан Любелді, воеводалар; Лукаш Гуркадан Познанды, Ұлы Польша старостасы, Миколай Шидловцадан Сандемирді, біздің хандығымыздың хазнадары, Миколай Иордан Закличинадан, барлық Краковтың және Спиштің войницкий басшысы (140v/295v), Затордың және Освенцимнің старостасы, Ян Перемден Серазды, Адам Древицадан Радомды, каштеляндар; Ян Латавский Гнезенді, Краковты және Ленчицалы, Ян Чоланский Зкарбимирді, Андрей Крицкий, киелі Михал Польшалы және Серазды костелдерінің пробошчтары (ксендіздері); біздің секретарлар, Краковтың канониктері; Станислав Хроберский, харунжий және кравчий, және біздің дворямыздың подчашиі, Лясота Ожаровский, біздің подкоморийміз және Завихостікі, Миколай Томицкий, біздің столмистр және Косценнің старостасы, тағы да басқа чешниктер, урядниктер және дворяндар. (141 r/ 296 r) біздің осы айтылған істерге кұәлар ретінде бізге асқан сенімділікпен, мейірбандылықпен және сүйіспеншілікпен қатысқандар. Аталған істер Тәңриден мақтау берілген, Перемышляның ақбасыннан және біздің хандығымыздың подканцлері, құрметті, бізге сүйікті ата пан Петрден берілді. Мәлімдеме және сол Мәсіхтекі ата, биінің биі Перт, Перемышляның ақбасы және Поляк хандығының подканцлері Петр, ақбас және подканцлері белгілі етеді.

(141v/296v) Ақиқат Үш Теңрілікке, Атаға, Ұлға және Киелі Рухқа мәңгілік мәңгі даңқ, аумин.

Осында осы күні бұл Төре бітігі деп аталатын жазу аяқталады. Бұл барлық армян әулие діншілерінің туындысы, олар оны армян тілінде жазып, өзінің халқы үшін жүйеледі, армянша жазылғандықтан Львов армяндарына арнап жазылды және жүйеленді. Содан кейін Зигмунд ханның заманында Львов радцалары (мәжіліс мүшелері) армяндармен бірге Краков қаласында корольдің алдына келді және корольге армяндардың төрелері жоқ дегенге армяндар айтты: “Қайырымды хан, төрелеріміз бар, біз осы төрелерді ұстанамыз”. (142r/297r) Содан кейін король өзінің билігімен армяндарға бұйырды: “Өз төрелеріңізді армян тілінен поляк тіліне аударыңдар”. Төрелерді аударғанда, көп қиыншылықтар кездестірді. Содан кейін корольға жіберді. Ұлы мәртебелі көрді және ұнады, армяндардың төрелері өте жақсы екен. Оларды ол мақұлдап, бекітті және армяндарға өз төрелерін берді. Қалай бұл Төре бітігінде жазылған, екі тілде – немісше және татарша, өзінің 124 баптарымен, басында жазылған кіріспеден бөлек. Тағы да қарттар өздері және өздерінің ата-бабаларына ескерткіш болу үшін жазуға бұйырды, кім оны көріп, оқыса, еңбек еткендерге және жазғандарға “Жұмақ” тілесін, аумин. Жазылды туғанның 772-сінде, 1523.

Тағы да жазылған көп күнәхті монах Мгдирчті еске алыңдар. Еске алғанды Тәңрі өзінің мәңгілік жұмағында еске алсын, аумин.

## [Қосымша баптар. Іс жүргізу Кодексі]

Тағы да осыны төрешілерге олар төрелерге сәйкес бастауды және жүргізуді білсін және басқаларға төрелердің сан алуан жолы бар екенін көрсетсін деп нұсқау ретінде жаздық.

### [Қосымша 6-бап]

Бұл мәселе төреде қалай жазылса, сол жолмен жарғыда қарау керек: үш аптадан кейін үшінші аптада жоспарды (“выложенный”) төре.

### [Қосымша 7-бап]

Егер біреуге армян жарғысында қарау қиын болып көрінсе, онда ол өзінің ауыртпалыққа түсетінін айтып, жоғары жарғыға корольдің билігіне арыз бере алады, онда ол кісіге мұндай мүмкіндік берілу керек. Егер король елде болса, үш рет үш аптадан мерзім берілуі керек. Ал егер король өз елінде болмаса, оған 3 рет 9 аптадан мерзім берілуі керек, төре осындай. Кімде кім бұл мерзімдерді өткізіп алса және корольдан өз ісіне қолдау алып келмесе, ол кісі өз ісін осы сатыда, корольге арыз берген болса, ұтқызады. (143r/298r) Ал іс аяғына жеткенше, төренің шешімі қабылданғанша ешкімнің құқығын шектеуге болмайды. Корольге арыз жазылса, жарғыдан вoйттың және қарттар кеңесінің мөрлері басылуы керек.

### [Қосымша 8-бап]

Ант былай беріледі. Кімде кім біреуді жарғы алдында ант бергізсе, оның қолына 3 рет су толтырады. Ал кім ант ішсе, сол қоңыраушыға 12 ақша төлер. Егер ант ішу үшін шіркеу ашық болса және дауласқандар келісімге келсе, онда қоңыраушыға бір нәрсе берулері керек және вoйтқа ант ішкен бір алтын берсін.

### [Қосымша 9-бап]

Тағы да вoйтпен төреде отырған уақытта төре отырысы қанша ұзақ болса да, бажға және жазулар үшін және төренің алдында кім жаңылса, содан қанша ақша жиналды, бұл ақшаларды үш үлеске бөлу керек: бір үлесі вoйтқа, бір үлесі төрешілерге, бір үлесі қатшыға.

### [Қосымша 10-бап]

Тағы да мөр үшін 6 ақша, ол және қарттарға.

### [Қосымша 11-бап]

Ал егер армяндардың біреуін жаңылған үшін ақшамен жазаласа, одан вoйтқа ешқандай үлес бөлінбейді, ол және біздікі.

### [Қосымша 12-бап]

Тағы да біреуді қарызы үшін зынданға отырғызса, оған күніне бір ақшадан тамағына беру керек, неше күн зынданда отырса, сонша.

### [Қосымша 13-ші бап]

Тағы да біліңіздер, әр жоспарды (“выложенный”) төреден, төреде отырған төрешілердің алған үлесінен 1 ақша төре орындаушыға берілісін.

### [Қосымша 14-бап]

Егер кім болса да біреуге борышы үшін зынданда отырса, төренің бұйыруы бойынша, оған күніне тамақтануға (144г/299г) бір ақша берсін, отырғызған күннен бастап үшінші күнге дейін оған тамақтануға бермесе, войттың есебінен оған берілмесін, төртінші күні төренің еркі бар ондай кісіні, борышқорды, төреге жаңадан шақырылғанша, зынданнан босатып жіберуге. Ал сол борышқор төре алдында қарыз алған адамға негізгі борышын төлеймін деп міндеттеме алса, бірақ оны оған төлеуге міндетті емес, тек борыш алған зынданда отырғанда тамақтануға бергені үшін борышты болар, және төреде негізгі (бас) соманы төлеймін деп сөз берсе, соны төлесін; төре бойынша, борышқорға келесі күннен бастап тамақтануға берілу керек.

### [Қосымша 15-бап]

Егер біреу біреуді қаладан тауып төреге шақырса, бірақ ол оны елемей, келмесе, 6 ақша айып төлер, екінші рет кельмесе – 12 ақша, үшінші рет (144v/299v) жаңадан – 12 ақша және зынданға отырар.

### [Қосымша 16-бап]

Ал егер шақырушы жақ бір төре мәжілісіне келсе, содан кейін қатарынан үшіншіге дейін келмесе, ондай кісі бұрынғы құқықтарынан айырылар және жаңадан шақырылуы керек.

### [Қосымша 17-бап]

Ал егер бірінші мәрте төреге шақырылған жақ төреге келсе, бірақ содан кейін жасырынса, ал арыз беруші төренің үш мәжілісіне қатарынан келсе, онда ол кісі (жасырынған) өз ісін қандай іс болса да, ұтқызды деп саналады, себебі бірінші төреде оның арызы тыңдалған.

### [Қосымша 18-бап]

Егер біреуге акталік кітаптан мөр басылған үзінді көшірме керек болса, ол құқықтың бағасы 12 ақша: 6-уы мөр үшін, 6-уы жазушыға.

### [Қосымша 19-бап]

Ал егер кім болса да кітаптан үзінді көшірмені өтінсе (сұраса) немесе талап етсе, оның бағасы 3 ақша.

### [Қосымша 20-бап]

(145r/300r) Ал егер кімде болса кілттеп қойған кітаптан төренің жазғанын оқуды талап етсе – үш ақша.

**[Қосымша 21-бап]**

Егер қонаққа өз қажетіне төре сатып алу керек болса, төреге 14 ақша берсін: 2 ақша войттікі және 12 ақша төрешілердікі.

**[Қосымша 22-бап]**

Ал егер басқа қонақ сол төреге басқа кісіні төреге тартпақшы болса немесе алдыңғы кісіге қарсы іс қозғаса, онда ол да жаңадан төреге 14 ақша төлеуі керек.

**[Қосымша 23-бап]**

Егер қонақ кісілердің біреуі жоспарды төреде алдыңғы төреге келмеген қандай адамға болса да қарсы іс қозғаса, ондай қонақ кісі істі төреде өзі қозғағандықтан жоспарды төреге 14 ақша төлеуге міндетті емес.

**[Қосымша 24-бап]**

Және де жергілікті адамдар бірін бірі қорласа немесе қонақ жергіліктіні қорласа, (145v/300v) ондай істі кім кейінге қалдырғысы келмесе, сол кісі, тіпті жергілікті болса да, 14 ақша төлеп, өзіне төре сатып ала алады, сөйтіп төре алдында ондай жаман аттан құтыла алады.

**[Қосымша 25-бап]**

Егер кімде кім біреуді жергіліктіге қарсы борышы үшін немесе басқа қылығы үшін, төре алдына әкелуге кепілдік берсе, оған төреге дейін үш аптадан үш мәрте төре алдына әкелу үшін берілсін. Ал егер ол кісі сәтсіздікке жолықса немесе мемлекеттік қызметте болса немесе ауырып қалса, немесе кедейліктен қашып кетсе және кепіл берушіні ұстаса және оны төреге әкелсе, кепіл берушіге мынадай әрекет істеуге рұқсат беріледі.

**[Қосымша 26-бап]**

Ал егер сол сияқты борышқор хандық ұлыста (елде) болмаса, оған 3 мәрте 9 аптадан берілу керек.

**[Қосымша 27-бап]**

Ал егер қонақ болса, (146r/301r) онда кепілшіге әкелу үшін 3 мәрте 4 күннен берілу керек. Ал егер іздеп таба алмаса, онда қалай жоғарыда төреде жаздық, солай берілу керек.

**[Қосымша 28-бап]**

Ал егер кепілші айтылған күндерде кісісін таппаса, онда кім алдында кепілдік берсе, соған жауабын өзі беруі керек. Төре осы жолмен әрекет жасауды және ақталуды көрсетеді.

**[Қосымша 29-бап]**

Тағы да біліңіздер, бір адамды да үйінен войтқа шақыруға болмайды, ондай кісіні войт оның арызын немесе бір жағының жауабын

тындамай төреге шақыра алмайды, төре қарауына жататын іс пе, жоқ па, істің мәнін білгеннен соң төреге берсін, мұның әділдігі осындай.

### [Қосымша 30-бап]

Тағы да біліңіздер, жергілікті біреу антқа түссе, жергіліктіге қарсы антын қабылдау үшін оған 3 аптаға дейін беру керек. (146v/301v) Бұл ант туралы іс басқаша жүргізілмеуі керек.

### [Қосымша 31-бап]

Ал ақша қарызын мойындаған 3 аптаға дейін төлесін. Ал егер 3 аптаға дейін төлей алмаса, төре бойынша тағы да екінші рет үш апта алуына болады. Ал егер екінші төреге дейін төлей алмаса, 3-ші төреге дейін төлеуді ұзарта алады. Бұдан артық төре оның мерзімін ұзарта алмайды, сол үшінші төреге дейін төлеуі керек немесе егер оның ешқандай мүлкі немесе тауары болмаса несие иесіне қарызын өтеу үшін зынданға отыруы керек.

### [Қосымша 32-бап]

Егер біреуге қонаққа қарсы антқа түсуге тура келсе, 4-ші күнге дейін антты қабылдауы керек, басқаша емес. Ал егер ақша (147r/302r) төлейтінін біреу мойындаса, 4-ші күнге дейін төлеуі керек. Бірінші төреге дейін төлемесе, екінші мәрте 4 күнге дейін төлеу үшін алсын. Екіншіде де төлемесе, 3-ші мәрте 4 күнге дейін төлеуге алсын, мұны төре бойынша ол ала алады. Бұдан артық төреден күн (мерзім) алуға болмайды, ал кімнің қозғалмайтын мүлкі немесе тауары болса, несие берушіге кепілдікке беруге мәжбүрленсін.

### [Қосымша 33-бап]

Ешкімде төреге келіп, қорламасын, қылышын немесе кинжалын қынынан шығармасын. Ондайды төре 12 ақша айыпқа жазалауы керек. Басқалар оған қарап төрені құрметтесін немесе төре алдында күлмейтін болсын.

### [Қосымша 34-бап]

Егер біреу біреуді войтқа (147v/302v) шақырса және войт төреге берсе және шақырылған тарап “мен жауап беруге дайын емеспін” деп айтса, келесі төре мәжілісіне тағайындаңыз, төре бойынша мерзімді ол үшінші төреге дейін ұзарта алады. Ал арыз беруші жазба үшін 3 ақша төлеуі қажет.

### [Қосымша 35-бап]

Тағы да жергілікті жергіліктіні войтқа шақырса және жоспарды төреге дейін қалдырғысы келмесе және талапты (“потребный”) төре сатып алғысы келсе, борышқор ойсырап қалғандықтан, және сенімсіз болғандықтан мұндай борышқорға қарсы оның осындай мүмкіндігі бар. Немесе борышқор, төзгісі келмей айтса, мен борышымды төлеуге

дайынмын, төрені сатып аламын деп, ондай борышқордың, мұндай құқығы бар.

### [Қосымша 36-бап]

Және де біреуге вoйтты екі төрешімен кұәландыру қажет болса төре орындаушысына 2 ақша, және вoйтқа 2 ақша, (148r/303r) төрешілерге 4 ақша, бұл істің жолы осындай.

### [Қосымша 37-бап]

Егер кім төреге корольдің билігіне апеллировать етсе (шағым), төре шығынын (қаржысын) төлеуі керек. Егер король тақта (елде) болса, төреге шығынға 6 флорин берсін, ал егер король тақта (елде) болмаса 12 флорин берілсін. Кім содан кейін төренің шешімі бойынша өз ісін ұтқызса, өзі корольге шағым беріп ұтылған іс бойынша шығынды төлеуі керек. Ал шағым беру құқығынан ешкімді айыруға болмайды. Ал егер король Краковтан жақын жерде болса және төрешілер оны тапса, жыраққа кетті деп алынған шығынның артығын төрешілер төре сандығына (қазынасына) салсын.

### [Қосымша 38-бап]

Төренің отырысы басталғанда және вoйт: “Мұнда (148v/303v) төре мәжілісі құрып отыр. Кімнің қандай ісі бар, арыз берсін” – деп айтып үлгермей, біреу асығып, рұқсат алмай, алға шығып, бір нәрсе төреден талап етсе, ондай кісі 12 ақша айып төлеуі керек.

### [Қосымша 39-бап]

Біреу төренің алдына келсе және өзінің арызын айта бастаса, ал екінші жағы оның сөзін тоқтатпай, айтса, вoйт мырза, мен оған жауап беруге дайын емеспін, маған келесі төреге дейін уақыт беріңіз деп, егер мұндай сөздерді (тілекті) айтқысы келсе, оны арызға дейін айту керек. Ал егер бұрынғы арызды құлақ қойып естiсе, әр сөзіне қарсы жауап берсін, біле ме әлде білмей ме. Екеуі де жергілікті болса, түрлі жауап берсе, (149r/304r) үш аптаға дейін қалдырылсын, ал егер қонақ болса, жоғарыда айтылғандай төре бойынша 4 күнге дейін (қалдырылсын).

### [Қосымша 40-бап]

Үйлердің рывованиесі былай жүргізіледі. Төре бойынша мерзім өткеннен кейін және мүліктің иесі өзінің кедейлігіне байланысты ұстай алмайтын болса, вoйт төрешілерімен төреден шығып ол үйге келсін және ол кісіге, кімге борыш үшін тиісті сол үй, қолына құлпын және үйді оның билігіне берсін, және ол кісі ошағына өзі от қойсын және ол жаңа ие үй иесіне, жергілікті болса, босатқанша 3 апта мерзім берсін. Егер қонақ болса – 4 күнге дейін.

### [Қосымша 41-бап]

Ал егер ол кісі, кімге үй тиісті болса, бұрынғы иесіне жалға бергісі келсе, ол оның еркінде. Ал егер тілесе кұәлардың алдында сатсын, ал

артығын иесіне қайтару керек. (149v/304v) Ал егер сомасы борышын төлеуге жетпесе, оны төре арқылы іздесін.

#### **[Қосымша 42-бап]**

Ал мүлік иесі (бұрынғы) жалға алуға сұраса, бірақ ол (жаңа иесі) өшіккендіктен бермесе және ол мүлікті бос қалдырғысы келсе, содан бұл үйдің бір жері бұзылса, оны өз ақшасына түзетуге міндетті, себебі оның билігіне берілді.

#### **[Қосымша 43-бап]**

Жалпы басқа кісілерден гөрі төре бойынша, жалға бұрынғы иесіне беру дұрысырақ, өзгеден гөрі оның өзі жалға ұстасын.

#### **[Қосымша 44-бап]**

Егер төре сол үйге баруға ұйғарса, онда борыш үшін немесе кепілдікке ақша орнына үй алған кісі 12 ақша войтқа, 12 ақша төрешілерге, 2 ақша приставка беруі керек. Егер иелікпен, пайдаланумен қатар билеу құқығы екеуі бірге берілсе, онда жоғарыда жазылғандай ақша (150r/305r) войтқа да, төреге де екі есе берілуі керек.

#### **[Қосымша 45-бап]**

Егер біреу біреуді төреге войт арқылы шақырмай төренің алдына келіп, біреудің үстінен арыз айтса, ондай арызшы төреге 12 ақша айып төлеуі керек.

#### **[Қосымша 46-бап]**

Егер біреу өзіне қайтарып берілмеген несиенің есебінен төреден қарыздының жылжымайтын мүлкіне немесе қалған тауарына шпарунк алғысы келсе, төреге 8 ақша төлесін және өзінің ісін жазып, күшінде бекітсін. Ондай адамға қарсы, ол сенімсіз болғандықтан, оған қарсы ол (несие беруші) шпарунк ала алады және ондай арыз беруші, кім болса ол болсын, өзіне төрені сатып алсын (150v/305v) және өз ісін жүргізсін.

#### **[Қосымша 47-бап]**

Қашанда кімге төренің үстінен корольға апелляция беруге тура келсе және кейін акталық кітаптан үзінді жазып алғысы келсе, төре бойынша корольға апелляция берген іске байланысты үзінді ала алмайды, тек корольға апелляция берілмеген іс бойынша ізденген жақ кітаптан үзінді ала алады.

#### **[Қосымша 48-бап]**

Егер жағдайға байланысты біреуді борышы үшін войтқа шақырса және қалада мүлкі немесе кепілге алушысы болмаса, және оны зынданға отырғызып қойса, және басқа оған сеніп борышқа ақша берген кісі ондай борышқорды зынданға отырғызғысы келсе, ол бұлай істей алмайды, тек бостандыққа шыққаннан кейін оны жаңадан төреге шақыруы керек.

### [Қосымша 49-бап]

Тағы жағдай болуы мүмкін: біреу (151r/306r) біреуге борышты болса және жақсылықпен төлегісі келмесе және төренің алдына барса, несие берушіге ашуланып, айтса, иә, борышым бар екенін білемін, танбаймын, бірақ ақшам жоқ және ешқандай тауарым және жоқ, тек мүлкім бар, сол мүлкімді оған жаздыруды тілеймін. Ондай борышқорға анттан бұлтаруға болмайды, себебі арыз беруші ондай адамға сенгісі келмейді, сондықтан оған ант беру қажет.

### [Қосымша 50-бап]

Тағы да біліп қойыңыз, әр жылы әулие Андрей күнінен қашан поляктардың Иса Мәсіх Туғаны оразасы басталады, сол күннен біздің Иса Мәсіх Туғанының күніне дейін жоспарды төре болмайды, және ол күндер бітпей және үйлердің үстінен жазу жүргізілмейді, бірақ қонақтың құқығына байланысты немесе қажет болғанда, кісі өлім халінде жатқанда, ондай (151v/306v) төре болуы мүмкін.

Тағы да ұлы оразадан бастап Проводқа дейін жоспарды төре болмасын, біз жоғарыда қалай жаздық солай болуы мүмкін.

### [Қосымша 51-бап]

Тағы да біздің жердегі армянды жәрменке кезінде басқа қаладағы төреге шақырса және іс антқа дейін жетсе, ол антты қай төреде, қай қалада төрелесе бастады, сонда қабылдауы керек.

### [Қосымша 52-бап]

#### Жоспарды төре туралы

Тағы да біліп қойыңыз, жоспарды төре Пасха күнінің қарсаңына келуі мүмкін және ол күнде төре болмасын, төрешілер ол төрені сол күшінде келесі сәрсенбіге қалдырсын, сол күні өткізсін.

### [Қосымша 53-бап]

#### Біреулерге кепілдік беру туралы

Тағы да, екі кісінің арасында бір дау болса, сүйтіп войтқа (152r/307r) өтінішпен барса және арыз беруші сенімсіздік білдіріп, екінші жағынан кепілдік талап етсе, ол кісі арызда көрсетілген сомаға кепілдік ұсынуға міндетті. Егер оның ондай қозғалмайтын мүлкі болмаса, ол сол сомаға кепіл берушіні әкелуге міндетті.

### [Қосымша 54-бап]

Тағы біліп қойыңыз, егер біреу корольден төреге прокурацияны алып келсе және төреден сұраса: “Қабылдайсыз ба, жоқ па” деп, төре оны қабылдауы керек.

### [Қосымша 55-бап]

Тағы да кездесуі мүмкін, біреу төренің алдына келіп өзінің жақынын немесе ұлын, немесе бауырын, немесе өзінің шәкіртін өзінің өкілі еткісі келсе, ол оны істей алады, бірақ өз орнына ақшаға сөйлеушіні жалдауға

болмайды. Ал мұндай тағайындаулар алғашқы төреде болуы керек, мейлі жергілікті болсын, қонақ болсын, егер алғашқы төреде мұндай жасалмаса, 2-ші де, 3-ші де ешнәрсе қосуға болмайды.

#### **(152v/307v) [Қосымша 56-бап]**

Егер біреуге “уязание” беруге тура келсе, войт төреден шығып, төреде бірге отырған ант ішкен 2 армян қарттарын алсын және ол мүлікке (ауласына) келсін, және ол кісінің қолына құлпын берсін және войт мына сөздерді айтсын: Мен саған Тәңрінің билігімен және короліміздің билігімен және армян төресінің билігімен қанша төреде сома жазғыздың сол соманың көлемінде сенің билігіңе беремін. Осы жоғарыда жазған сөздерді войт 4 мәрте қайталауы керек және әр айтқан сайын армяндардан сұрау керек: “Дұрыс па және төре бойынша “уязание” бердім бе”, және сол армян қарттарының біреуі войтқа жауап беруі керек: дұрыс және жазылған төреге сәйкес бердің, осыған төренің билігімен тоқтау керек. Осындай (153r/308r) әрекет пен “уязание” болу керек. Ал “рымование” жергіліктіге төре шешімінен соң 3 аптада болуы керек, ал қонақ үшін 4-ші күнге дейін.

#### **[Қосымша 57-бап]**

Ал егер бос жер болса және онда құрылыс болмаса, войт жарғышылармен ол жерге келіп сондай сөздермен “уязанияны” беруі керек. Егер мұндай жағдай жолықса, мұның тәртібі осындай.

#### **[Қосымша 58-бап]**

Тағы да жағдай кездесуі мүмкін, біреу үйінде болады, жасырынбайды, ешқандай бекіністе отырмайды, қаланың ішіндегі кең және тар жолдармен еркін жүреді, және содан біреу оның тірлігі немесе мүліктері үстінен шпарунк талап етсе, ондай шпарунктіге төре рұқсат бермеуі керек, тек арыз беруші оны жарғыға шақырсын және әрбір борышқор, егер Тәңрі және төре анықтаса, несие беруші алдында тиісті жазасын тартсын.

#### **[Қосымша 59-бап]**

(153v/308v) Егер біреу шпароват етсе, борышқордың жылжымайтын немесе қозғалатын затын шпароват етсін және үшінші төреге дейін өзінің құқықтарын табандылықпен қорғауы керек, және оның жақындарын шақыруы керек және оның жақындарына шындықпен және төреге сәйкес қандай борышы барының дәлелін, қарыз алғаны туралы қол хатын немесе, борышқор өлгені туралы немесе жасырынып жүргені туралы кәулікпен дәлелдемені көрсетсін, егер төре қабылдаса, онда төре оған жылжымайтын мүлік туралы мәселені шешу үшін бір жыл мерзімге шыдау қажет екенін белгілесін. Бір жыл өткеннен кейін арыз беруші төре алдына келсін және төреден сұрасын: “Маған төре түсіндірсін, мен сол мүлікке тез уақытта ие боламын ба, себебі бір жыл мерзім өтті”. Онда төре бір жыл өткеннен соң жергіліктіге үшінші аптада “уязание” және келесі үшінші аптада “рымование”, ал қонаққа 4-ші күні соларды тағайындайды.

### (154r/309r) [Қосымша 60-бап]

Тағы да мынадай жағдай кездесуі мүмкін, біреу өзінің борышын белгілеген күні төлемесе, ал несие берген кісі өзінің борышын талап еткісі келсе немесе борышқордың қайда несі бар екенін есітіп білсе: әлде көпестерде ақшасы ма, әлде тауары ма немесе мүлкі ме, басқа нәрсесі барын, ондай кісіге қарсы төреден шпарунк алудыздесе, бірақ борышқор үйде болмаса немесе жат ұлұсқа көпестік іспен кетсе, немесе теңізді жүзіп кетсе, немесе жат ұлыста ұсталса, немесе жат жерде ауырып қалса, немесе өлсе, ондай жағдайда борышқа берген борышқордың мерзімінде төлемегенін, ақшасы ма, тауары ма қайда болса да бар екенін білсе, егер оның меншігі болса, онда ол төре арқылы шпароват ете алады, ал төре оған кедергі жасамасын.

### [Қосымша 61-бап]

Ал егер арыз беруші төреге сәйкес дегеніне жеткісі келсе, төре алдында келіспекші болса, айтып, мен оның меншігіндегі ақшаны немесе тауарын, немесе мүліктерін таптым және өз меншігіме алғым келеді десе, онда өзіне байланысты емес себептен болмаған, қиянатқа ұшыраған, кешіккен адамға (154v/309v) Ескі және Жаңа Төре қайырымды; ондай шпарункті сол сияқты борышқор келгенге дейін өз күшінде сақтап, қалдырсын және сол шпароват етілген заттар әрбіреуінің дәлеліне, кімнің қандай құқығы бар, соған сәйкес, бір жыл бола ма, бір күн бола ма, төре қалай шешсе солай төренің билігінде, төренің мөрімен тұрсын.

### [Қосымша 62-бап]

Бірақ адамдар өте жиі сәтсіздікке ұшырайды немесе теңізге батады, немесе қарақшы алады, немесе отқа жанады, немесе көпестік ісімен кешігеді, адамдармен қандай қырсық болса да, төре соған байланысты арыз берушіге жауапкер аман-есен қайтқанға дейін мерзім тағайындауы керек, оның жақындары, атасы, немесе анасы, немесе қатыны, немесе балалары, немесе бауырлары өздерінің жақынының алған қарызы үшін қайыршылық күйге келмесін.

### [Қосымша 63-бап]

Бірақ Тәңрі (155r/310r) сақтасын, адамдар сондай жағдайға ұшырайды; тіпті бар күшімен тырысса да өзінің борышын төлей алмағандықтан әлде қаладан қашады немесе борыш берушіден жасырынады, сондықтан ондай борышқордың қайда болса да оның меншігінің бар екені тиісті түрде дәлелденсе, тірлігі, немесе ақшасы, немесе мүліктері, қозғалатын немесе қозғалмайтын, ондай төлеуге шамасы жоқ кісіге қарсы төре бойынша шпарунк етуге болады және оның барлық нәрсесін, тек борышқордың өз меншігіне жататындарын, төре белгілеген мерзім өткеннен кейін бір жылға дейін, жауапкер сәтсіз жағдайдан қайтқан соң алуға болады. Ал егер сол күндерде келмесе, онда борышқорға бергендер немесе сенгендер сол күндер өткеннен кейін, кімде қандай дәлелдер бар заңға сәйкес төре қабылдайтын, борышқордың алған борышы қандай болса да, төре қалай айтса, солай істеу керек және

соған тоқтау керек, егер осындай оқиға кездесе әр қайсысы (155v/310v) солай етсін. Ал егер сол борышқор жолда ұзақ болғандықтан өлсе, оның мүлкіне мұрагер болғандар борышқордың міндетіне, оның тірлігінен, немесе мүліктерінен, кімде не болса, жауап берсін, ал кімде түк болмаса, онда Тәңрі де түк істей алмас, құқықтары жүзеге асырылуы керек, әрдайым кейінге жоспарды төре болсын.

### [Қосымша 64-бап]

Ал егер біреу шпароват етсе және алғашқы жоспарды төреден үшінші жоспарды төреге дейін келмесе, ондай адамның шпарункқа құқығы жойылар және ол жаңадан бастауы керек, себебі кім алғашында шпароват еткеннен соң келгендіктен, оны мақұлдауға болмайды; және әр шпарунктан 8 ақша түсер: 2 ақшасы войттікі, 4 ақшасы төренікі, 2 ақшасы төре орындаушінікі, ал үшінші төреге оның жақындарын шақыру керек және болған қырсықтардың дәлелдерін көрсету керек, төре осындай.

### (156r/311r) [Қосымша 65 бап]

Біліп қойыңыздар, төре алдына атасы ұлының, немесе ұлы атасының, немесе ері қатынының, немесе қатыны ерінің, немесе бауыры бауырының, немесе ері мен қатыны бірінің орнына бірі, немесе басқа ұлттан болса ұлының, немесе туғанының, немесе тәрбиеленушінің немесе досының орнына шығатын жағдай кездеседі, мұндай рұқсатты төреден алуға болады, бірақ шешенге істі жүргізуге болмайды. Бұл жоғарыда айтылған істерді олар жүргізе алады, оның ісін ұтуы, немесе ұтқызуы мүмкін, егер ол жарғы алдында оған өкілдік берсе, онда төре ол тұлға өзіне айып болсын, ант болсын қабылдау керек екенін анықтайды. Ал егер ондай қамқоршылар, жоғарыда көрсетілгендей, войттың үйінде немесе жарғыда өкілдік алмай, төреде ісін жүргізетін болса, барлық істі жүргізе алады, ұтқызуы немесе ұтуы мүмкін, тек ол тұлға үшін ант қабылдай алмайды, себебі ол өздерінің ісі емес және оларға төре алдында қандай іс болса да ант қабылдауға өкілдік берілмеген, бөтен тұлғаның анты керек, (156v/311v) қай кісінің дау-шары бар, сол қабылдатсын, себебі өз жақындары ант қабылдауға міндетті емес, тек ол бір өзі, даушар кімдікі, антты жүргізсін, еркек болсын, қатын болсын, кім ант ішеді, ер болса да, қатын болса да, соның қолына суды да ол толтыруы керек.

### [Қосымша 66-бап]

Ал егер дауды қарағанда төре бір тарапты зынданға отырғызу керек деп тапса, онда ері қатыны үшін, қатыны ері үшін, немесе бауыры бауыры үшін, кепілге алушыны тапқанша, отыра алады, мұны ондай сәтсіз жағдайлар біреуге кездескенде төре шешуі керек.

### [Қосымша 67-бап]

Ежелгі дұшпан (жын-шайтан) адамдарды қатты ызаландыратын жағдай жиі кездеседі, олар сөз артынан сөз таластырып, жаман сөздер айта бастайды және бірін бірі айыптайды және намысына тиіп, айта-

ды: сен жаман кісісің, немесе ұрысың, немесе қарақшысың, немесе тонаушысың, немесе алаяқсың, немесе қашқынсың, немесе жезөкше әйелдің баласысың, (157r/312r) әлде өзің сондайсың, немесе жезөкше әйелдің ерісің, немесе итсің, немесе ит баласысың, талас кезінде және ішкендіктен немесе басқа жағдайларда айтылған істер жолықса, немесе өте жиі кездеседі – жақсы қатындарға және айып тағады, таласқанда айтады, жаман қатын немесе жезөкше, немесе басқа да түрлі айып тақса және іс төреге дейін жететін болса және сол қорлаған, кім болса, ол болсын, ер бола ма, қатын бола ма, төреге келсе және таластың себебін айтса, сөз артынан сөз айтылды, бірақ мен оның ешқандай жамандығын білмеймін, ал арыз беруші кұәлар арқылы, жақсы кісілер арқылы оның арсыз екенін дәлелдегісі келсе және айыпталған жақ, кім болса да төренің алдына тұрып және айтса: би жарғышы, мен бұл жақсы адам туралы тек жақсылықтан басқа ештеме білмеймін. Бұл сөзді бір рет, екі рет, үш рет айтса, онда төре, кім мойындамады, соның өзіне ол туралы ештеме айтпағаны (157v/312v) немесе ешқандай жамандығын білмейтіні туралы жан антын ішуге бұйырады, содан кейін ақталады және азат болады және төре оны өз абройында қалдырар. Егер сол сияқты біреу жоғарыдағы сөздерді біреудің намысына қарсы айтатын болса және жарғы алдында жеңілтектікпен оның арын төкпек болып, оны кұәлармен дәлелдегісі келсе, және қарсы жағы және антқа тартылса, өзінің арын сақтап қалу үшін кұәлармен дәлелдеудің орнына ант ішкен дұрысырақ; дегенмен көптеген жарғыларда кұәліктерді пайдалану керек екендігі дәлелденеді, бірақ намыс жарғысында қайырымдылық етіледі: егер әр адам ант қабылдаса, өзінің арын және жақсы атын сақтайды. Егер Тәңіріден қорқатын адам болса және жалған антпен өзінің жанын жойғысы келмесе және айтса: мен бұл сөздерді оған зор ашудың және өкпенің салдарынан (158r/313r) айттым, әйтпесе, Құдай сақтасын, бұл кісі туралы ешқандай жамандықты білмеймін, тек жақсылықты, сонда ол сияқты кісіні отырғызуға жазалау керек және төреде сол тұлға 48 ақша төлеуі керек. Ал арыз беруші ол ақшаны немесе төреге бағышласын, немесе жарлылар бас панасына берсін, тек намысына тигені үшін ақша төленген тұлғаның өзіне алуға болмайды, себебі ол ақшаны басқа біреу алса, оның өзіне зор жеңілдік болады.

### [Қосымша 68-бап]

Тағы да, егер біреуге өсиет жазбай дүние кешуге тура келсе, және оның құлы (қызметшісі) қалса, және төреге келіп оның жақындарына, кімге оның игілігі тиді, айтса: биім (қожам) маған қызмет істеген уақытыма осынша жалақы борышты қалды, көп пе, аз болса да; егер бұл қызметші армянин болса, армян төресі бойынша жалғыз өзі ант ішсін және оның (өлгеннің) жақындары өз қожасына қызмет істегенге жалақысын төлесін. Ал егер қызметші өзге ұлттан болса, онда олардың төресі бойынша өлген соң (158v/313v) қалай болса, солай ант ішу керек және жақындары оның игілігінен сол қызметшіге төлесін. Екі жағынан да кұәліктер болмаса, мұның жарғысы осындай.

**[Қосымша 69-бап]**

Апелляцияны оқыған үшін – 3 көк тиын; кім ісін ұтқызды, сол береді.

**[Қосымша 70-бап]**

Егер біреуді войттың үйіне шақырса, және ол ант беруге келсе, және арыз беруші сол күні антты естуге келмесе, онда ісін ұтқызады.

Ал шақырылған адам (жауапкер) ақталады, войтқа 6 ақша баж төлейді.

Ал егер төреден біреуге ант тағайындалса, және арыз беруші жағы ант беретін күні келіп, тындамаса, онда ісін ұтқызады және шақырылған жақ төре алдында ақталар, 6 ақша баж төлеп, барлық жарғылар бойынша ақталар және бос болар.

**[Қосымша 71-бап]**

Егер шақырылған жақ белгілеген күні ант қабылдауға келмесе, онда ол төре алдына кінә тағып шақырған өзінің ісін ұтқызар, арыз берушіге төлеуші болып қалар, мұнұң жарғысы осындай.

**(158r/313r) [Қосымша 72-бап]**

Бір кісі өсиет қалдырмай өлсе, оның игілігіне ұлдары және қыздары аналарымен бірге ие болар. Ал егер еріннен кейін анасы өлсе өсиет қалдырмай, оған да бауырлары мен қарындастары тең ие болар.

**[Қосымша 73-бап]**

Ал егер атасы тірісінде қыздарының біреуін жасаумен күйеуге берсе, шыққан қыздарға атасының және анасының үлесінен ештеме тимейді: тірісінде күйеуге шыққанда не берді, шыққан қыздың үлесі сол, тағы да егер өсиеттерінде бөлмесе.

**[Қосымша 74-бап]**

Бірақ атасының өліміннен кейін, анасы тірі болса және ұлының біреуі бұрын өлсе, бойдақ немесе кішісі, ол өлген ұлының балалары болмаса, оның мүлкіне қарындастары ие болар, себебі анасымен бірге бауырлары және қарындастары тең және анасы атадан кейін ұл және қыз балаларына тиісті қамқоршы.

**[Қосымша 75-бап]**

Егер атасының туған бауыр-қарындастары болмаса, балалардың жастары толғанша ол (ана) өз балаларының мұрасына қамқоршылық етеді.

**(159v/314v) [Қосымша 76-бап]**

Егер кімге қашан болса да біреудің борышы үшін кепіл болуға тура келсе, ал борышты болған жауапкердің өзі онда болмаса және төреге кепіл берушіні шақырып, айтса: “мойындайсың ба менің алдымда кепілші екенінді” және ол танбаса, мойындаса және төре кепіл беруші борышты төлеу керек деп тапса, мойындағандықтан, онда осы бап бойынша алдыңғы төреде жазылған мерзім өткеннен соң және айтсын:

менің ақшам жоқ, азын-аулақ тауарым бар, Тәңрі және төре қажет деп тапса төлегім келеді және арыз беруші сенгісі келмесе, кепіл берушіні антқа келтіруді тілесе, онда кепіл беруші ант беруге міндетті емес, себебі борыш оның өзінікі емес және төлеуге дайын, төре қалай шешті, осыған жарғы тоқтау керек, кімге осы жағдай жолықса да, кепіл беруші ақшаның орнына тауармен төлесін, ант қабылдамай. Ал егер кепіл беруші төре алдында ақшамен төлеймін деп міндеттенсе және жазылса, онда ол басқаша емес, (160r/315r) осылай шешілуі керек, борыш берушіге тауармен емес, нақтымен төлеу болсын.

### **[Қосымша 77-бап]**

#### **Оразада ант беру туралы**

Егер біреудің жарғыда жергіліктіге қарсы қандай болса да іс бойынша, мейлі ірі, мейлі ұсақ ант беруі ұлы оразаға дәл келсе, онда бұл жергіліктіге антты, екеуі де бір қалада тұрғандықтан, Проводтан кейінгі сейсенбі күні тағайындау керек.

### **[Қосымша 78-бап]**

Егер де біреуі қонақ болса және жергіліктіге оған қарсы ант беруге тура келсе, онда 4-ші күнге дейін ол антын беру керек, басқаша емес. Тек қонаққа қарсы антты кімге болса да, 4 күннен артыққа созуға болмайды, мұны біліп қойыңыздар, оның жарғысы солай.

### **[Қосымша 79-бап]**

Тағы да біреуге вайтқа екі қартпен күәлікке немесе бір нәрсеге мөр қоюға қажет болса, егер бір кісінің ісі болса 8 ақша, ал егер екеуінің немесе үшеуінің болса (ісі), онда әр қайсысынан бөлек 8 ақшадан: вайтқа 2 ақша, төрешілерге 4 ақша, әрбір тұлғадан неше болса да төре орындаушысына 2 ақша.

### **[Қосымша 80-бап]**

Сондай-ақ әрбір өсиеттен әдет бойынша, кімге қанша қажет болса да 8 ақшадан келер.

### **(160v/315v) [Қосымша 81-бап]**

Егер біреу несие берушілерге борышын төлемей қаладан кетіп қалуға мәжбүр болса, немесе қалай да кешігетін болса, онда несие берушілер келіп 3-ші төреге дейін жауапкердің несі бар, әлде қозғалмайтын немесе жылжымалы, шпароват етсін, ал арыз беруші бұл 3-ші төреде сұрасын, “тағы қандай әрекет етейін” деп, төре оған жауап берсін, жауапкерді тауып, үшінші төреге жауапқа тарт, ал арыз беруші жазбаша шақыруды талап етсе, оған төре жауапкерді қайдан болса да ең жақын төреге тауып әкелгенше, кедергі жасамасын, және әрбір төреде арыз беруші тұрсын да айтсын: мен төртінші төреге дейін өз құқығымды сақтаймын, және ол қанша уақытқа кешіксе да арыз беруші жауапкерді ең жақын жарғыға әкелгенше және арыз беруші борышқорды тапқанша бір төреден де қалмауы керек.

### [Қосымша 82-бап]

Ал егер қандай төреге болса да қатыспаса, әлде төрелердің бірінің артынан біріне қатыспаса, ал сол уақытта (161r/316r) басқа біреу шпарункті енгізсе, онда оның біріншілігі жоққа шығар және кейін енгізген алға шығар.

### [Қосымша 83-бап]

Және мүлік болсын, тауар болсын, не болса да оны тапқанша төренің мөрімен сақталуы керек және, қанша уақыт ол кешіксе де, елде болса да, жат билікте (елде) болса да ешқандай шешім қабылдауға болмайды; несие беруші жауапкер келгенше төзу керек, әрбіреуінің әр түрлі жағдайы болады, кім (біреу) сәтсіздікке ұшырағандықтан немесе өз кінәсінен кешігеді.

### [Қосымша 84-бап]

Егер жауапкер немесе жақыны талапкерге жауап беру үшін жарғыларға келмесе, арыз беруші төреден төреге құжат әкелсе, еліміздегі басқа қалада тауып, шақырғаны туралы, онда төре төреге сенер. Егер қандай да қосалқы ісі бар болса, онда жауаптыны немесе жақынын жуықтағы төреге әкелу керек.

### [Қосымша 85-бап]

Ал егер оны төреге әкелмесе, онда төре бойынша қосалқы ісін ұтқызуы мүмкін, ал жауапкерге төре түсінік беру құқығын қалдырады; егер дәлелді түсінікпен келсе, (161v/316v) жақсы, және төре, мүмкін қабылдар, ал егер келмесе, онда төре бойынша негізгі ісін ұтқызар.

### [Қосымша 86-бап]

Ал егер екеуі де жергілікті болса, үшінші аптада төре талапкерге жауапкердің кез келген мүлкін бағалап, алуына рұқсат етеді, ал егер талапкер қонақ болса, төре талапкерге 4-ші күні несі болса да бағалап береді; және содан кейін сол төре қозғалмайтын мүлкін бір жылға дейін билеу үшін төре бойынша мүлкіне орналастыруы керек, егер екеуі де жергілікті болса жыл өткеннен кейін үшінші аптада орналастыру керек, ал талапкер қонақ болса орналастыру қалай жергіліктіге қарсы жүргізілсе, солай жыл өткен соң төртінші күнде болсын.

### [Қосымша 87-бап]

Егер сомасы несие берушіге жетсе – жақсы, ал жетпесе, жетпегенін өзіне жауаптыдан іздесін; біліп қойыңыздар, мұндай кімге жолықса да, жарғысы солай.

### [Қосымша 88-бап]

Егер біреуде борыш туралы бір адамның қарыз қолхаты болса және жарғы алдына келсін, (162r/317r) және ол қолхатынан танбаса және айтса, мойындаймын, қолхат менікі, бірақ оған барлығын төледім және оған ештеме борышты емеспін, тек қолхатымды ұстап қалды; егер екі жақтың

да тірі кұәлары болмаса, кімді айыптады, сол кісі өзі антын қабылдау керек және содан кейін ол төремен ақталсын; ал жақсы кісілерден кұәлары болса, қабылдансын. Ал егер біреуі айтса, мен төледім, және оған осынша қарызым қалды, онда қаншасын мойындады, соны төлесін, ал нені мойындамады ант ішсін, содан кейін ақталар, себебі артығын ол оған төлемес.

### [Қосымша 89-бап]

Және де егер біреу өзінің қолхатынан, менікі емес деп танса, және оның мөрі болса немесе болмаса, қолхаттың ішінде жазылғанын көрген кұәлар болса, және ол табандылықпен танса, айтып, менің оған ешқандай борышым жоқ және қолхат та менікі емес, ал сол тірі кұәлар төре алдына келіп, қалай олардың алдында болғаны туралы кұәлік берсе, және төре оларға сенсе, онда борышқор төлеуге міндетті болар; ондай кісі төреден масқара болып кетсін, себебі ол өзінің қолхатынан танып отыр және жақсы кісілердің кұәлігін қабылдағысы келмейді.

### [Қосымша 90-бап]

Барлық борышқа байланысты істер бойынша жылжымайтын мүліктен басқаға (осы ереже қолданылады), (162v/317v) себебі жылжымайтын мүлікке байланысты қарыз қолхаты тек төре алдында жазылады.

### [Қосымша 91-бап]

Егер төреде болған біреуге корольға апеллировать етуге тура келсе және ісін ұтқызса, онда ол кісі жарғының шешімін мойындамағаны үшін жарғыға 64 ақша айып төлер.

### [Қосымша 92-бап]

Ал егер кім де болса корольға апелляция берсе және апелляцияны өзіне төре бойынша құрастырса, бірақ кейін өкінсе және жібергісі келмесе, онда ол кісі төреге 60 ақша айып қарыз болар.

### [Қосымша 93-бап]

Кім апелляцияны ресмилендіргеннен кейін өкінсе және жібергісі келмесе, ол кісі қай төренің үстіннен апелляция жазса, сол төреге 6 ақша төлеуі керек, себебі ол төре істі корольге жіберу туралы мәжілісін өткізген болатын.

### [Қосымша 94-бап]

Ал қашан апелляция келсе және екі жағы да белгілеген мерзімнен бұрын ашуға рұқсат берсе, бұлай істеуге болады, ал бір жағы тілемесе, белгілеген уақытынан бұрын ашуға болмайды, 9 апта өткен соң ашылсын. Ал егер король елде болмаса, онда апелляцияға 3 мәрте (163r/318r) 9 аптадан беріледі, және ақшасы 12 флорин (алтын), егер король елде болмаса, және 3 мәрте 9 аптада ашылар. Белгіленген уақыты келмей бір жағы үшін ашылмас, мұның жарғысы осындай, кімге қай уақытта жолықса да.

### [Қосымша 95-бап]

Тағы да кімге ар, намыс туралы істі қарауға тура келсе, егер таласып, бірін бірі қорласа және войтқа шақырса, егер қорлау туралы іс күннің бірінші жартысында орын алса, жарғысы сол күні болу керек, ал күннің екінші жартысында болса, келесі күні болсын; және егер талапкер жауапкерден кепіл берушіні талап етсе, тіпті жақсы отырықшы болса да намыс туралы іс бойынша жарғыға дейін оған кепіл берушіні жеткізуге міндетті.

### [Қосымша 96-бап]

Тағы да біреу жағдайға байланысты төреден дәлел әжелудің мерзімін ұзартып алса және төре мерзім күнін белгілесе, жауапкер жағы дәлелдеу мерзімін біліп, мерзімнен бұрын тапсырса, және төрені сатып алса және талапкерді шақырып алып айтса, мен оның алдында ақталғым келеді, және талапкер оны елемесе және төреге келмесе, онда төре үш мәрте келесі төреге дейін қалдыруы керек және жақсылап қарасын, егер дәлелдері нанарлық болса, онда оны төре ақтар және оның төреге шыққан шығынын жауапкерге күн батқанша төлеуге міндетті болар; тағы да егер талапкер белгіленген уақытта келсе, ал жауапкер жағы келмесе, онда ол өз ісін ұтқызар, біз жоғарыда жазғанымыздай.

### (162v/317v) [Қосымша 97-бап]

Тағы да біреуге төреден бір нәрсені кұәландыруды, немесе тыңдауды, немесе ауру кісіні талап етуге тура келсе, уряд (төре), есітіп немесе көріп төреге келсін, кім кұәлік етті, солардың кұәландіруін талап етсін, не көрді немесе есітті, төре соны істеуге міндетті. Егер жарғыдан кім кұәлік етті деп сұраса, бұл кұәландырудың күші немесе вязаниесі бар ма деп, онда жарғы жауап беруі керек: төреге қалай хабарлады, солай деп.

### [Қосымша 98-бап]

Тағы да біліңіздер, әулие Маргаританың күніннен қалдырылған төрелер жыл сайын әулие Бартоломейден кейін сейсенбіге дейін қоя тұрылады, екі, үш күн ертерек және Маргаритадан кейін болатын төрелер Бартоломейден соң одан да әрірекке қалдырылады.

### (164r/319r) [Қосымша 99-бап]

1594, 26 ақпан. 1043 [=1594].

Әулие Торос күні талап төресінде пан Ковальский мен пан Домаржирскийдің арасында дау болғанда, дауласушылар екінші мәрте сөз сөйлегеннен кейін төреде айтысқысы келетінін білдірді. Бұған войт Войцех Педиан және ағалар, бұрынғы дәстүрлерді ескере отырып, бір адамға тек қақпа сөз және екі мәрте сөз беруге болатынын декретпен нықтады. Содан кейін қай жағы сөйлегісі келсе, үшінші мәрте сөйлей алмайды, тек екі мәрте сөйлеумен қанағаттансын. Мұндай декретті ратушада да қабылдап, ақтыға жазғыздырды.